

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ*



Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында өткізілген «Латын әліпбиі: тарихы мен мәселелері» онлайн конференция материалдарының жинағы

Ақтөбе – 2017

УДК 811.12
ББК 812. Лат-03
Е 44

Ғылыми басылым

Баспаға конференцияның редакциялық Кеңесі ұсынған

Редакциялық кеңес:

Ердембеков Б.А. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; Бекназаров Р.А. – ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Садирова К.Қ. – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор; Иманғазина А.А. – филология ғылымдарының кандидаты, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі.

Редакция алқасы: Садуақас Н.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Мұратбек Б.Қ. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Қарағұлова Б.С. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент (жауапты хатшы); Күштаева М.Т. - филология ғылымдарының кандидаты, Кушкимбаева А.С. – PhD., Айтпенбетова А.Қ. - филология ғылымдарының кандидаты, Әбдірова Ш.Г. – оқытушы.

Е44Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында өткізілген «**Латын әліпбиі: тарихы мен мәселелері**» онлайн конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті баспа орталығы. 2017. –85 бет.

ISBN -978-601-80696-0-4

Бұл электронды жинақта Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Латын әліпбиі: тарихы мен мәселелері» тақырыбында өткізілген онлайн конференция материалдары жинақталып берілген. Ғылыми жинақ студенттер, магистранттар мен оқытушылардың, жалпы оқырман қауымның пайдалануына ұсынылады.

УДК 811.12
ББК812

ISBN – 978-601-80696-0-4

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын рухани байлығымыз болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз егеменді елімізбен қатар дамып, керегесін кеңге жайып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуі қажет. Еліміздің алдыңғы қатарлы дамыған отыз елдің қатарына қарай ұмтылысы, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып, күнделікті өмірдің даму барысы, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты. Осы тұрғыдан қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге қосар үлесі де зор. Сондықтан қазір шетелдермен байланыстың күшеюі де әр түрлі саладағы құжаттарды рәсімдеу үшін латын жазуының қажеттілігін байқатады. Президент Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы «Қазақстан –2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстары балаларымыздың болашағы, олардың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруі үшін жасалып жатқанын айта келе, «ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап көрсеткен еді. Президенттің бұл тарихи маңызды шешімін көкірегі ояу, болашақты ойлаған халқы, әсіресе, тіл мамандары, қуана қолдады. Себебі әліпби мен жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Сондықтан латын әліпбиі - өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі. Латын әліпбиі әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Ал 2017 жылғы сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын. Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндалған мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы ұстанымдары мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болған еді. Соған орай еліміздің барлық мекемелерінде, оқу орындарында, ғылыми қауым, жалпы жұртшылық арасында қазақ тіліне, оның

жазуына сай келетін латын графикалы әліпби жобаларын талқылау жұмыстары ерекше белсенділік жағдайда жүргізілді. Бұл жинақта осындай шаралардың бірі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Латын әліпбиі: тарихы мен мәселелері» тақырыбында өткізілген онлайн конференция материалдары жинақталып берілген.

1-бағыт

Жазу теориясының негізгі категориялары

Türk Dillerinde Yazı ve Alfabe Çeşitliliği (*Türkî тілдеріндегі жазу мен алфавиттің әртүрлілігі*)

Исмет Бинер
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Стамбул университеті, Түркия

Мақалада Түркі тілдеріндегі жазу мен алфавиттің әртүрлілігі кең форматта қозғалған. Латын алфавитіне ауысқан түркі мемлекеттер мен қоғамдастықтар арасындағы ортақ мәдени жұмыстарды атқару жеңілдейтін болады. Алайда әлі араб (Иран және Шығыс Түркістан) және кириллица (Ресей Федерациясы) жазуларын қолданатын түркі халықтарымен арадағы мәдени жұмыстар жандандыруды қажет етеді,-деген байлам да бар.

Türk dilleri tarihten bugüne kadar, çok geniş bir alana yayılmıştır. Bu dilleri konuşanlar idarî ve siyasî bakımından, değişik sınırlar içinde, bazen birbirinden oldukça uzakta yaşamış ve çeşitli dönemlerde kültürel farklılıklar göstermiş; bilhassa sınır boylarında yaşayanlar, birbirinden çok farklı millet ve kültürler ile yakın temasta bulunmuşlardır. Bütün bunlara rağmen Türkî halkların akraba dille konuştuğunu ve yazdığını düşünürsek Türk dillerinin tarihteki rolü daha açık anlaşılmış olur.

Türklerin çok çeşitli yazı türlerini kullanmalarına rağmen dillerini kaybetmemeleri tarihe önemli not düşmektedir. Türklerin kendilerine ait ilk yazı şeklinin net olarak bilinmemesine karşın Göktürklerin kullandıkları yazıdan önce de Türklerin yazılarının olduğunu yapılan araştırmalarda görülmektedir. Türklerin günümüzde bu araştırmaları geliştirerek tarihte başka milletlerde görülmeyen on yedi alfabe kullanmışlardır.

Türk yazı dilinin ne zaman ve hangi şartlar içinde oluştuğu hakkında bugün henüz net bir bilgiye sahip değiliz. Bu husus, belki Türk tarihinin eski devirleri aydınlanıncaya kadar karanlık kalacaktır. Biz Türk yazı dilini, yazılış tarihleri belli olan Orhun kitabelerinden (VIII. yy. başları) itibaren takip edebiliyoruz. O devreye ait olup tarihleri kaydedilmemiş olan diğer kitabelerin bir kısmı belki daha eski tarihlere aittir. Bu yazı dilinin, bugünkünden çok az farklı olacağı tabiidir. Dilin bu tarihten sonraki inkişafı göz önünde tutulursa onun bu eski şekli milâdın ilk senelerine kadar götürülebilir. Milâdın ilk senelerinden XIII. yüzyıla kadar devam eden bu yazı dili (bazı örnekleri XVII. yy. sonlarına) eserlerini gördüğümüz veya daha sonraki eserlere kıyasla kurabileceğimiz örnekler, ses, kelime, cümle ve imlâ bakımından aynı hususiyetleri taşımakta ve hatta aynı mektebin mahsulleri gibi görülmektedir. Türk milletinin 13 yüzyıllık bir zaman içinde ve bir dil sahası birliği olarak tasavvur edebildiğimiz geniş bölgede ve coğrafi şartlara göre türlü meşguliyetler ve siyasî teşekkül bakımından birçok zümreler ve temas bakımından farklı muhitler içinde bulunduğu halde bir tek yazı dili kullanması ve bir tek ifadenin hâkim olması, bu kültür camiasının bütün siyasî ve içtimaî esasları aydınlatılınca kadar bir sır olarak kalacaktır.¹

Türk Dillerinde Alfabe

Türk dillerinde alfabe konusundan önce, alfabe meselesi gelişen ve değişen dünya ihtiyaçları karşılama isteğinden dolayı tarihin en eski devirlerinden bugüne kadar tartışılan konulardan bir olmuştur. Alfabe konusu çoğunlukla siyasî karar olarak değerlendirilse de ekonomik ve sosyal değişikliklerin bir sonucu olarak alfabe dilde her zaman önemini korumuştur.

Alfabe kullanılan dili temsil etmekte yetersiz kaldığında dünyada maddi ve yeni kültürel ihtiyaçlar sonucu değişime uğrar. Ama bu yazı ve alfabe değişimi kendi dillerine uygun olmayan yazı sistemini alan milletlerde büyük değişiklikler meydana getirebilir.

¹Reşid Rahmeti Arat, Türk Lehçe ve Şiveleri, Türk Milletinin Dili, *Türk Dünyası El Kitabı*, Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları:121, C.II, s.59-68, Ankara 1992.

Türklerin en yaygın şekilde kullandıkları yazı sistemleri Göktürk, Uygur, Arap, Latin ve Kiril'dir. Alfabe, dilbilimi açısından sadece bir işaret sistemi olmasına rağmen toplumların alfabe benimsemesine sadece inanç sistemleri değil tarihi, ticari, siyasi, kültürel ve sosyal olayların da yol açtığını belirtmek gerekir.

Türklerin yazıya geçiş süreçlerinde kullandıkları alfabeler tarih boyunca çok değişiklik göstermiştir. Hatta tarihte Türkler kadar fazla alfabe kullanan milletin de olmadığını söyleyebiliriz.

Türklerin en çok benimsediği Budizm ve İslamiyet olduğu için o inançların taşıyıcısı olan alfabeleri kullanmışlardır. Türkler /Türkîler yaklaşık bin yıl boyunca Uygur ve Arap alfabelerini kullanmışlardır. Arap alfabesinden önce Türklerin en uzun kullandıkları yazı Uygur alfabesidir. VIII. Yüzyıldan XI. yüzyıla kadar Türklerin İslamiyet'i kabul etmelerinden sonraki dönemde Kutadgu Bilig'in Uygur alfabesi ile yazılan nüshasının olduğuna şahit oluyoruz. Kaşgarlı Mahmut bu alfabenin Türk yazısı olduğunu belirtmiştir. Bu alfabe ile yazılmış olan Budizm ve Hıristiyanlık ile ilgili metinler mevcuttur.

X. yüzyılda Türkler arasında en yaygın olan inanç İslam dini ve Kuran alfabesi diye kutsallık yüklenen yazı türü Arap alfabesi olmuştur. Karahanlılar bu dönemde Türkçeyi Arap alfabesi ile yazan ilk Türk toplumdur. Bu alfabe XX. yüzyılın başlarında Latin ve Kiril alfabelerine yerini bıraksa da Doğu Türkistan ve Irak'ta yaşayan Türk kökenli halklarca kullanılmaktadır. Türkler Latin alfabesini 1920 yıllarında geçmeye başlamışlardır. Sibiryaya bölgesinde Yakutlar, Kafkas bölgesinde ise Azeriler ilk olarak Latin alfabesini kullanmaya başlayan Türklerdir. Azerbaycan 1922'de Latin alfabesini kullanmış,1926 yılında Bakü'de gerçekleştirilen Türkoloji Kurultayı sonrasında yapılan oylamada Sovyetler Birliği'nde yaşayan diğer Türklerinde101 evet,7 hayır ve 6 çekingen oyla Latin alfabesine geçme kararı alınmıştır.

1926 yılında Bakü Türkoloji Kongresi'ne P.İ.İvanov ve M.P.Petrov adlı iki delegeyle katılan Çuvaşların bütün Türk toplulukları için teklif edilen Latin alfabesini kabul etmeyen tek Türk toplumu olması çok manidardır. Sovyetler Birliği'nde 1927–1940 yılları arasında Türkî halklar Latin alfabesini kullanmışlardır.

Cumhuriyet döneminde yazının Latin alfabesine geçme fikri, ilk olarak 1923'te gerçekleşen İzmir İktisat Kongresi'nde tekrarlanır; ancak, büyük tepki görür ve üzerinde konuşulmaz. Ertesi yıl TBMM'de konuyu yeniden gündeme getirme girişimi de başarısızlığa uğrar. 1926'da SSCB Türklerinin yazılarını Latin alfabesine geçme hareketinden sonra, Türkiye'deki aydın gruplar arasında Arap alfabesinin korunmasına gerektiğine inananların sayısında hızlı bir artış görülür. Bu dönemde sayıları oldukça az olan Latin alfabesine geçme yanlısı aydının isimleri, iki yıl sonra (1928) kurulacak olan Dil Encümeni'nin üyeleri arasında görülür. Atatürk öncülüğünde başlatılan yazı devrimi, 3 Kasım 1928'de resmileştirilmiştir. Yeni Türk alfabesi günümüzde Anayasa'nın 174. Maddesinde yer alan İnkılap hükümlerinin korunması kanununun 6 numaralı ekinde "1 Teşrinisani 1928 tarihli ve 1353 sayılı Türk Harflerinin Kabulü ve Tatbiki Hakkında Kanun"la koruma altındadır.²

TÜRKDİLLERİNİN LATİN ALFABESİNDEKİ ORTAKLIK VE FARKLILIKLARI (1940'a kadar)

Azerice	Başkurtça	Kazakça	Kırgızca	Özbekçe	Tatarca	Türkmence	Yakutça	Ses k.	Türkçe
1. A a	A a	A a	A a	A a	A a	A a	A a	a	A a
2. B B	B B	B B	B B	B B	B B	B B	B B	b	Bb

²Hatice Şirin User, Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri, Ankara 2006, s.376

3. Cc	-	Cc	Cc	Cc	Cc	Cc	Cc	c	Cc
4. Çç	-	-	-	Çç	Çç	Çç	Çç	ç	Çç
5. Dd	Dd	Dd	Dd	Dd	Dd	Dd	Dd	d	Dd
6. Əə	Əə	Əə	Ee	-	Əə	Ee	Ee	e	Ee
7. Ee	Ee (é için)	-	-	Ee (é için)	Ee (é için)	Əə	əə	ä	-
8. Ff	Ff	Ff	Ff	Ff	Ff	Ff	Ff	f	Ff
9. Gg	Gg	Gg	Gg	Gg	Gg	Gg	Gg	g	Gg
10. Qq	Qq	Qq	Qq	Qq	Qq	-	Qq	ğ	Ğğ
11. Hh	Hh	Hh	-	Hh	Hh	Hh	Hh	h	Hh
12. Xx	Xx	Xx	Xx	Xx	Xx	-	-	ħ	-
13. Ii	Ii	Ii	Ii	Ii	Ii	Ii	Ii	i	Ii
14. Jj	Jj	-	Jj	Jj	Jj	Jj	Jj	y	-
15. Kk	Kk	Kk	Kk	Kk	Kk	Kk	Kk	k	-
16. Ll	Ll	Ll	Ll	Ll	Ll	Ll	Ll	l	Ll
17. -	-	-	-	-	-	-	-	í	-
10. Mm	Mm	Mm	Mm	Mm	Mm	Mm	Mm	m	Mm
18. Nn	Nn	Nn	Nn	Nn	Nn	Nn	Nn	n	Nn
19. -	Ŋŋ	Ŋŋ	Ŋŋ	Ŋŋ	Ŋŋ	Ŋŋ	Nŋ	ñ	-
20. -	-	-	-	-	-	-	Hj nj	ń	-
21. Oo	Oo	Oo	Oo	Oo	Oo	Oo	Oo	o	Oo
22. Əə	Əə	Əə	Əə	-	Əə	Əə	Əə	ö	Öö
23. Pp	Pp	Pp	Pp	Pp	Pp	Pp	Pp	p	Pp

24. Q q	Q q	Q q	Q q	Q q	Q q	-	Q q	q	-
25. R r	R r	R r	R r	R r	R r	R r	R r	r	Rr
26. S s	S s	S s	S s	S s	S s	S s	S s	s	Ss
27. Ş ş	Ş ş	C c	Ş ş	Ş ş	Ş ş	Ş ş	Ş ş	ş	Şş
28. T t	T t	T t	T t	T t	T t	T t	T t	t	Tt
29. U u	U u	Ū (ū)	U u	U u	U u	U u	U u	u	Uu
30. Y y	Y y	Y y	Y y	-	Y y	Y y	Y y	ü	Üü
31. V v	V v	-	V v	V v	V v	-	V v	v	Vv
32. Z z	Z z	Z z	Z z /Z z	Z z	Z z	Z z	Z z	z	Zz
33. Ž ž	Ž ž	Ž ž	-	Ž ž	Ž ž	Ž ž	Ž ž	j	Jj
34. Ъ ѡ	Ъ ѡ	Ъ ѡ	Ъ ѡ	-	Ъ ѡ	Ъ ѡ	Ъ ѡ	ı	-
35. -	-	U u	-	-	V v	-	-	v	-
36. -	Đ đ	-	-	-	-	-	-	ž	-
37. -	Ђ ѡ	-	-	-	-	-	-	š	̑
38. -	ђ j	-	-	ђ j	ђ j	-	-	ıy	-
39. -	-	-	-	'	'	-	-	°	
40. -	-	-	-	'	-	-	-	°	

Böylece Türk dilleri temsilcileri arasında küçük farklılıklarla yazı birliği sağlanmış oldu.

Bu yıllarda Türki halklar tarafından kullanılan Latin alfabelerine baktığımızda Başkurt Latin alfabesi ile Kazak Latin alfabesi arasında birkaç harf farkı olduğunu görüyoruz. Bu fark, diğer Türki dillerde olmayan veya kullanılmayan Başkurt diline has з/з ve ç/ş harfleridir. Ama Latin alfabesinden Kiril alfabesine geçiş çok kısa bir sürede olup 1938 yılı sonlarında Kiril alfabesi Türk Cumhuriyetlerinde resmi olarak kabul edilmiştir. Bunun yanında Türkler arasında XX. yüzyılda kullanılan Kiril alfabesinin farklı şekilde kabul edildiğini söyleyebiliriz. Kiril alfabesini kullanan Türki halklarda ise 44 farklı Kiril harfinden sadece 33'ü aynıdır.

TÜRK DİLLERİNİN KİRİL ALFABESİNDEKİ ORTAKLIK VE FARKLILIKLARI
(1940'tan sonra)

Azerbayc	Basku	Kaza	Kırım	Özbe	Tata	Türkm	Uyğun	Latin	Aran
1. Aa	Aa	Aa	Aa	Aa	Aa	Aa	Aa	a	ها
2. Əə	Əə	Əə			Əə	Əə	Əə	ä	ها
3. Бб	Бб	Бб	Бб	Бб	Бб	Бб	Бб	b	ب
4. Вв	Вв	Вв	Вв	Вв	Вв	Вв	Вв	v	و
5. Кк	Гг	Гг	Гг	Гг	Гг	Гг	Гг	g	گ
6. Ғғ	Ғғ	Ғғ		Ғғ	-	Ғғ	Ғғ	ğ	غ
7. Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	d	د
8. Ее	Ее	Ее	Ее	Ее	Ее	Ее	Ее	e	هه
9. Ёё	Ёё	Ёё	Ёё	Ёё	Ёё	Ёё	Ёё	vo.ö	هه
10. Жж	Жж	Жж	Жж	Жж	Жж	Жж	Жж	i.	ژج
11. Чч					Жж			c	ج
12. Зз	Зз	Зз	Зз	Зз	Зз	Зз	Зз	z	ز
13.	Зз							z	ز
14. Ии	Ии	Ии	Ии	Ии	Ии	Ии	Ии	i.iv.iv	ى
15. Йй	Йй	Йй	Йй	Йй	Йй	Йй	Йй	v	ى
16. Кк	Кк	Кк	Кк	Кк	Кк	Кк	Кк	k	ك
17. Гг	Кк	Кк		Кк		Кк	Кк	k/k	ق
18. Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	Лл	l	ل
19. Мм	Мм	Мм	Мм	Мм		Мм	Мм	m	م
20. Нн	Нн	Нн	Нн		Нн	Нн	Нн	n	ن
21. Нн	Нн	Нн	Нн	Нн	Нн	Нн	Нн	ñ	نڭ
22. Оо	Оо	Оо	Оо	Оо	Оо	Оо	Оо	Q.ü	اوو
23. Өө	Өө	Өө	Өө		Өө	Өө	Өө	U	اوؤ
24. Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	p	ب
25. Рр	Рр	Рр	Рр	Рр	Рр	Рр	Рр	r	ر
26. Сс	Сс	Сс	Сс	Сс	Сс	Сс	Сс	s	صس
27.	Сс							S	ث
28. Тт	Тт	Тт	Тт	Тт	Тт	Тт	Тт	t	طت
29. Уу	Уу	Уу	Уу	Уу	Уу	Уу	Уу	u.	اوو
30.		Уу						w	ؤ
31. Уу	Уу	Уу	Уу		Уу	Уу	Уу	ü.	اوؤ
32. Фф	Фф	Фф	Фф	Фф	Фф	Фф	Фф	f	ف
33. Хх	Хх	Хх	Хх	Хх	Хх	Хх	Хх	x	خ
34. Һһ	Һһ	Һһ		Һһ	Һһ	Һһ	Һһ	h.h	حه
35.	Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	Пп	ts	تس
36. Чч	Чч	Чч	Чч	Чч	Чч	Чч	Чч	c	چ
37. Шш	Шш	Шш	Шш	Шш	Шш	Шш	Шш	ş	ش
38.	Щщ	Щщ	Щщ		Щщ	Щщ	Щщ	şç	شچ
39.	Ъъ	Ъъ	Ъъ	Ъъ	Ъъ	Ъъ	Ъъ	Ayırma icorati	ء
40. Ыы	Ыы	Ыы	Ыы	Ыы	Ыы	Ыы	Ыы	i	ىدا
41.		Йй						i	ءاى
42. Ьь	Ьь	Ьь	Ьь		Ьь	Ьь	Ьь	İnceltn	
43. Ээ	Ээ	Ээ	Ээ	Ээ	Ээ	Ээ	Ээ	e	ها
43.	Ю ю	Ю ю	Ю ю	Ю ю	Ю ю	Ю ю	Ю ю	yu	يو
44.	Я я	Я я	Я я	Я я	Я я	Я я	Я я	ya	يا

TÜRK DİLLERİNİN KİRİL ALFABESİNDEKİ ORTAKLIKLAR VE FARKLAR

Azerbayca	Baskurt	Kazak	Özbek	Tatar	Latin	Arap
К к					G g	ك
Ч ч				Ж ж	C c	ج
			У у		U ü	واو
			Ў ў		O ö	ؤاؤ
		Ү ү			w	و
		И и			í	ياء
	З з				Z	ذ
Г г					Қ/қ	ق
	Ç ç				S	ث

Nihayet Azerbaycan, Türkmenistan, Özbekistan gibi Cumhuriyetler Latin alfabesine geçerlerken yeni harf (yeni ses değerleri) ekleyerek kendi alfabelerini oluşturmuşlardır. Bazı Cumhuriyetler Kiril tabanlı alfabe kullanmaya devam etmişlerdir.

Türkiye 1928, Azerbaycan 1991, Özbekistan ilk 1993 son hali 1995, Türkmenistan ilk 1993 son hali 1995 te Latin alfabesine geçen Cumhuriyetlerin yanından, Tataristan Özerk Cumhuriyeti 2001 tarihinde Latin alfabesine geçmeyi kabul etmiştir. Ama Rusya Federasyonuna bağlı olan Tataristan Cumhuriyeti'nin bu fikrine 15 Kasım 2002 tarihinde Rusya Federasyonu meclisinin alt kanadı olan Duma'da, federasyonu oluşturan cumhuriyetlerde Kiril alfabesinden başka alfabenin kullanılmasının yasaklanması ile Tataristan Cumhuriyeti'nin Latin alfabesi ile ilgili çalışma ve umudu burada bitmiştir. Bu tarihten sonra da Latin alfabesine geçme konusunu artık gündeme getirmenin zor olduğu düşünülmektedir. Aynı durum Başkurdistan Cumhuriyeti için de geçerli olup, Rusya Federasyonu yönetimine bağlı olan ve Rusya'nın merkezinde bulunan Cumhuriyetlerin Moskova'dan izinsiz Latin alfabesine geçmeleri teknik olarak mümkün olmadığını tahmin etmek zor olmasa gerek. Kırım ve Gagauz Bölgesinde ise 1993'te Latin alfabesini kullanmaya başlamışlardır. Kırım'ın Ukrayna yönetiminden, Rusya yönetimine geçmesi ile "Latin alfabesinde devam etmeleri mümkün mü?" bir soru aklımıza geliyor.

TÜRK DİLLERİNİN YENİ LATİN ALFABESİNDEKİ ORTAKLIK VE FARKLILIKLARI

Azerice	Özbekçe	Tatarca	Türkmençe	Türkçe
A a	O o FARK	A a	A a	A a
B b	B b	B b	B b	B b

C c	J j FARK	C c	J j FARK	C c
Ç ç	Ch ch FARK	Ç ç	Ç ç	Ç ç
D d	D d	D d	D d	D d
E e	E e	E e	E e	E e
Ə ə	A a K.FARK	Ə ə	Ä ä K.FARK	YOK
F f	F f	F f	F f	F f
G g	G g	G g	G g	G g
Ğ ğ	G' g' K.FARK	Ğ ğ	YOK	Ğ ğ
H h	H h	H h	H h	H h
I ı	I i K.FARK	I ı	Y y FARK	I ı
İ i	YOK	İ i	I i K.FARK	İ i
X x	X x	X x	YOK	YOK
J j	YOK	J j	Ž ž FARK	J j
K k	K k	K k	K k	K k
Q q	Q q	Q q	YOK	YOK
L l	L l	L l	L l	L l
M m	M m	M m	M m	M m
N n	N n	N n	N n	N n
YOK	Ng ng	YOK	Ň ň	YOK
O o	O' o' K.FARK	O o	O o	O o
Ö ö	YOK	Ö ö	Ö ö	Ö ö
P p	P p	P p	P p	P p
R r	R r	R r	R r	R r
S s	S s	S s	S s	S s
Ş ş	Sh sh FARK	Ş ş	Ş ş	Ş ş
T t	T t	T t	T t	T t
U u	U u	U u	U u	U u
Ü ü	YOK	Ü ü	Ü ü	Ü ü
V v	V v	V v	W w FARK	V v
YOK	W w	W w	YOK	YOK
Y y	Y y	Y y	Ý ý K.FARK	Y y
Z z	Z z	Z z	Z z	Z z

Açıklama: Lehçelerde ortak olan harfler için bir işaretleme yapılmazken bir lehçede bulunmayan harf “YOK”, yazımında diğer lehçelerden farklılık gösterenler “FARK”, kısmen farklılık gösterenler ise “K.FARK” yazısıyla belirtilerek,bütün lehçeler alfabe sıralamasına göre verilmiştir.

Türk Cumhuriyetleri arasında Latin Alfabeti esas alınarak yapılan alfabeler büyük oranda geliştirilmiş durumdadır. Fakat yine de bu ülkelerin sesleri simgelerken kullandıkları harfler değişik olduğundan farklılık göstermekle birlikte daha önce ki dönemlerde kullanılan Arap ve Kiril alfabesinden de alınan harfler/sesler mevcuttur. Arap, Fars ve Kiril alfabelerinde geçen harfler Latin alfabesinde temel seslerin karşılığı verilmiştir. Türk dillerinde Latin alfabesinde bulunmayan harflere de yer verilmiştir. Bu sesler ve onları gösteren harfler daha çok başka topluluklarla iç içe yaşayan Türk halkları tarafından kullanılmaktadır. İran’da yaşayan Azeriler, Slavlarlaberaber yaşayan Gagavuzlar çok net bellidir. Dolayısıyla Latin alfabesinin bazı harflerini yalnız bazı topluluklar kullanmışlardır.

Latin alfabesinde bazı seslerin Türk yazı dillerinde Arap ve Kiril alfabesinden geçmesi sonucunda ya harfte kısmi değişiklik yapılmış veya tamamen Latin alfabesinde olmayan harfler kullanılmıştır.

Yeni Latin alfabesine geçişte ise Azerice, Türkmençe ve Türkçe arasında farklı seslerin az olmasının yanında Özbekçe’nin Ç ç harfi yerine Ch ch harflerini,Ñ ñ yerine Ng ng,Ş ş yerine Sh sh harflerini kabul etmesi bu da XIX. yüzyılda aşağı İdil havzasında yaşayan Kıpçak (Kuman) Türkleri arasında misyonerlik çalışması yapan Fransiskan rahipleri tarafından Codex Cumanicus adlı eserde kullanılan alfabe ve günümüzde Polonya’nın kullanmış olduğu Latin Leh alfabesine benzerlik göstermesi dikkat çekicidir.

Türklerin yeni Latin alfabesinde ki sesler ve Özbekçenin kullandığı harf farklılığı:

Yeni Latin Türk	Özbekçe	Codex Cumanicus	Leh alfabeti
Ç ç	Ch ch	č/ç/cz/ z	CZ cz
Ş ş	Sh sh	š/s/sch/x	SZ SZ
Ñ ñ	Ng ng	Ng ng	-

Bu durumda Bağımsız Türk Cumhuriyetleri arasında Kazakistan ve Kırgızistan’da kendi dillerinin devlet dili olması yanında Rusçanın da resmi dil olarak kabul edilmesi ve Rus nüfusunun yoğunluğundan dolayı Latin alfabesine geçmemişlerdir/geçememişlerdir. Kazakistan 2025 veya biraz daha çalışarak 2025 öncesinde Latin alfabesine geçmesi durumunda Kırgızistan’ın da Latin alfabesine geçmesi hızlanacaktır. Türkiye Cumhuriyeti Cumhuriyetin ilanından sonra diğer Türk Cumhuriyetleri ise bağımsızlık ilanından hemen sonra Latin alfabesine geçmişlerdir. Kazakistan ve Kırgızistan’ın Latin alfabesine geçişi geç kalmış olması ile birlikte, diğer cumhuriyetlerin Latin alfabesine geçiş tecrübe ve bilgilerini kullanarak Latin alfabesine geçiş daha kolay ve verimli olacaktır.

Latin alfabesine geçen Türk Cumhuriyet ve toplulukları arasında daha sıkı ortak kültürel çalışmalar yapmaları kolaylaşmış olacaktır. Ancak hala Arap (İran ve Doğu Türkistan) ve Kiril alfabesini (Rusya Federasyonu) kullanan Türk halkları ile de kültürel çalışmalarını canlı tutmak gerekir.

Kullanılan alfabeler ve değişime uğrama sebepleri

Türk yazı dilinin yeni idari ve kültür merkezlerinde bulunan Türk toplumlarının yazı dilleri arasında çok az bir farkla ortaya çıktığı muhakkaktır.

Tarihî devirlerde Türk dilleri ile ilgili bilgi, belgeler ve bu devirden kalma metinlerin hepsi de umumî yazı “Umumi Türkî Tel” dilinde yazılmıştır. Buna rağmen bazı dönemlerde ayrı bölgeler için bulunan metinlerden bu hususta bilgi edinmemiz mümkündür. Ama bu metnin hangi Türk boyuna ait olduğunu veya farkını tespit etmemiz mümkün olmayacak kadar ortak bir dildi.

Bu konuda XI. yy. da Kaşgarlı Mahmud’un Divanü Lügat it-Türk isimli eserinde Türk yazı dili hakkında bazı bilgilere ulaşabiliriz. Ama maalesef başka kaynaklardan olan gramer bugüne kadar bulunamamıştır. Kaşgarlı Mahmud bu kitabında Türkçe kelimelerin Arapça karşılıklarını vermekle birlikte eserde Türklerin kültür, alfabe ve edebiyatları hakkında bilgiler mevcuttur. Burada Türk yazı

dili/dilleri hakkında bilgi vermektedir. Bilhassa Türk dili ismini verdiği umumî yazı dili ile karşılaştırma yaparak dil araştırmalarında bilhassa Türk yazı dilleri hakkında önemli yer tutmaktadır.

Dildeki ses değişimleri ile ilgili Türkçedeki ç sesi bazı durumlarda ş şeklinde telâffuz edilmesine Türk dillerinde bazen karşılaşılabılır, ama Kazak dilinde bu ses değişmesi genel bir kural olmuştur.

Bu durumdan da anlaşılacağı gibi Türk dillerini birbirinden ayıran en önemli fark ses değişimleridir. Daha sonra isim ve fiillerin çekimlerinde küçük farklar olsa da diğer dünya dilleri arasındaki bariz farklar kadar değildir.

Türkler çok geniş bir coğrafyada yaşadıkları ve bazen ortak olmayan kültüre sahip millet ve kültür ile çok fazla iletişimde bulduklarından yazı dilleri ve hatta alfabelerini bazen isteyemeyerek bazen de isteyerek değiştirmek zorunda kalmışlardır. Türklerin kuvvetli kültür bağlarının olmasına rağmen uzun yıllar birbirlerinden uzak yaşadıklarından dolayı Türkler arasında yazı, alfabe ve hatta dillerinde kelime değişiklikleri maalesef olmuştur. Bu da yaşadıkları bölgelerin kültürü dışında, diğer yazı ve alfabelerin dil özelliklerinden de etkilendikleri, günümüzde artık birbirlerini zor anlayacak veya maalesef anlayamayacak derecedeki farklılıklar bunu ispatlamaktadır.

Bugüne kadar yazı dili ve alfabe ile ilgili yapılan çalışmaların beklenen sonucu verdiğini söyleyemeyiz. Alfabe gibi dilin temelini teşkil eden bir meselenin kısa zamanda ve yetersiz bir hazırlıkla yapılamayacağı da muhakkaktır. Alfabe, Türk yazı dillerinde şüphesiz çok önemli bir meseledir. Bu kadar önemli bir değişim veya yeniliğin günümüz teknik, sosyal, kültürel ve hatta siyasi bütün ihtiyaçları karşılayabilecek durumda ve zamanda yapılması gerekir.

2006 yılı Kasım ayında Kazakistan'ın Elbası/Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Latin esaslı yeni Kazak alfabesinin oluşturulması ve bu alfabaya geçiş için 1940'tan beri kullanılan Kiril kökenli alfabe ile basılmış yazılı kültür birikiminden koparılmaması için teknik olarak Kazakistan'ın bütün kurumlarındaki uzmanların hazırlık yapması konusunda verdiği buyruğun ne kadar isabetli olduğunu belirtmek istiyorum.

KAYNAKLAR:

1. Arat Reşid Rahmeti, Türk Lehçe ve Şiveleri, Türk Milletinin Dili, Türk Dünyası El Kitabı, Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları:121, C.II, s.59-68 Ankara 1992.
2. Biner İsmet, Başkurt Dili Grameri, İstanbul Üniversitesi Avrasya Enstitüsü Yayınları:6, İstanbul 2014,
3. Kara Mehmet, Türkmen Türkçesi Grameri, Etkileşim Yayınları, İstanbul 2012
4. User Şirin Hatice, Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri, Ankara 2006, s.376
5. Tekin Talat, Türk Dilleri Ailesi, <http://www.dilimiz.com/dil/turkdiliailesi.htm>, 01.09.2014

Azərbaycan Dilinin Günümüzdə qədər İstifadə Etdiyi Əlifbalar Haqqında Qısa Dəyərləndirmə

*Туркана Гусейнова,
«Эге» университети, докторант, Азербайджан
turkana.h@gmail.com*

Bu günə qədər Azərbaycanlıların istifadə etdikləri əlifbalar: Ərəb, Latin, Kiril, Latin əlifbaları olmuşdur. Türk yazı tarixindəki əlifbalar Uyğur əlifbası ilə başlayıb, onuncu əsrdə İslamı qəbul eden Selcuqlular kimi digər oğuz boyları da Ərəb əlifbasını istifadə etməyə başlamışdır. Azərbaycanlılar 1929-

cu ilə qədər ərəb hərflərini istifadə etmişdir. İrandakı Azərbaycanlı və Azərbaycanlı olmayan Türklər ərəb əlifbasını hələ də istifadə edir. Azərbaycan dili 1929–1939-cu illər arasında Latin əlifbası ilə, 1939–

1991-ci illərdə kiril əlifbası ilə yazılmışdır. 1991-ci ildən etibarən yenidən latın əlifbası istifadə edilməyə başlanmışdır.

On doqquzuncu əsrin başlarında Azərbaycan mütəfəkkirlərindən Mirzə Fətəli Axundov ərəb əlifbası üstündə bəzi dəyişikliklər etmiş, daha asan yazılan və səsli hərfləri də göstərən ərəb əlifbası tərtib etmiş və 1863 –cu ildə İstanbula gələrək yeni əlifba haqqında sədr-əzəmlə görüşmüşdür. Amma onun təklifi qəbul edilməmişdir.

Azərbaycan Respublikasında Azərbaycan latın əlifbası ilk dəfə olaraq 1929-cu ildə istifadə edilməyə başlanmışdır. Amma o dövərlərdə Azərbaycanın Sovet İttifaqında olmağı səbəbiylə əlifbanın istifadəsi 1939-cu ildə Sovet İttifaqı tərəfindən rədd edilmişdir.

Azərbaycan olkənin 1991-ci ildə mustəqilliyi elan etməsi ilə təkrardan oz əlifbasını istifadə etməyə başlamışdır. 1929-cu il latın əlifbasında nazal n hərfi də var idi. Amma kiril əlifbasına kecdikdən

sonra bu səsi göstərən işarə göstərilmədi və zaman kecdikcə nazal n səsi unuduldu. Bunun nəticəsində mustəqillikdən sonra 1991-ci ildə qəbul edilən latın əlifbasında bu hərflər də qeyd edilmədi. Azərbaycan əlifbası – 32 hərfdən və 34 səsdən ibarətdir (k-kitap, k kilo; vəapotrof ‘işarəsi – daha sonra bu işarə goturuldu. Ərəb sozlərində bəzi sozlərdə '(apostrof) işarəsi istifadə edilirdi: cuz'i. Bu işarə bəzi sozlərdə

saitin uzun tələffuz edildiyini göstərmək ucun istifadə edilirdi: e'lan). Əlifbada 9 sait və 25 samit hərflər var. Azərbaycan latın əlifbasında butun xarici adlar Azərbaycan əlifbası qaydalarına görə yazılır, məs: "Bush", "Buş" olaraq, "Schroder" isə "Şroder" olaraq yazılır.

Azərbaycan dilindəki latın əlifbası Turk əlifbasının hardasa birəbir eynisidir. Sadəcə 4 hərflər Turkiye Turkəsində yoxdur:

Qısa qapalı və qırtlaqdan gələn sərt bir E hərfi vardır: Ə ə

Turkcədəkindən fərqli biraz daha xırıltılı bir səs ilə tələffuz edilir. Səsləndirmə fərqi vardır: Ğ ğ

Qırtlağa yaxın K hərfi kimi istifadə edilir: Q q

Boğazdan gələn H səsinin qırtlaqdan çıxardılması kimidir: X x

Қыпшақ топты түркі жазуларының кирил әліпбиін қабылдау тәжірибесі

Күдерина К.Б.

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Сулейман Демирель атындағы университеті*

Баяндаманың негізгі мақсаты – 1940 жылдан бастап орыс әліпбиін қабылдаған қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің әліпби құрамы мен емле сипатына назар аудара отырып, туыстығы өте жақын тілдер жазу арқылы қалай аралары алшақтай түскенін ескерту және осы тәжірибенің жаңа түркі жазуларын қабылдаудағы маңыздылығына назар аударту болып отыр. Мұнда қыпшақ тобындағы тілдерден ноғай, қазақ, қарақалпақ, қарашай, башқұрт, татар тілдері алынды және кирил графикасын қабылдау жылдарының хронологиясы бойынша орналастырылды.

Ноғай әліпбиі 1928 жылғы латын графикасындағы 28 әріптен (a, b,c,d,e, ə, g, ғ, i, k, l, m, n, ң, o, ө, p, r, q, s, ş, t, u, ү, j, ь, z, v) 1938 жылы кирил графикасына көшкенде орыс әліпбиінің ө әрпінен басқасын түгел қабылдады: а, б, в, г, гь, д, е, ж, з, и, й, к, кь, л, н, нь, о, п, р, с, т, ү, ф, х, ц, ч, ш, щ, ы, ь, ь, э, ю, я.

Ноғай тілі фонологиялық жүйесіндегі <ғ>, <қ>, <ң> фонемалары өзге түркі тілдерінің графикалық жүйесінде жоқ таңба - әріп тіркесімен берілді: **гь, кь, нь**. Және соңы <ө>, <ү> фонемаларын беретін **обь, уь** диграфтарымен толықты. 1944 жылы гь, кь әріптері әліпбиден шығарылды. Ал 1950 жылы <ә> фонемасын беретін **абь** диграфы және ө әрпі енгізілді (1-кесте).

А а	Аь аь	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к
Л л	М м	Н н	Нъ нъ	О о	Оь оь	П п	Р р	С с	Т т	У у	Уь уь	Ф ф
Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я		

ө, ү дыбыстарын беру үшін сөз соңына жіңішкелік белгісі тіркелді: *боль /бӧл/, кунь /кӱн/*. Артынан бұл дыбыстар қосар таңбамен берілетін болды. 1944 жылы **Гь гь, Кь кь** қосар таңбалары алынып тасталды. Орнына 1960ж. алфавитке **Аь аь** және **Ё ё** таңбасы кірді.

Дауысты фонемалардың жіңішкелігі жіңішкелік белгісімен белгіленсе, дауыссыз фонеманың өзіндік ерекшелігі айыру белгісімен белгіленді. Бұл қырғыз әліпбиіндегі дауысты маркерлігі арқылы дауыссызды оқу әдісіне сай келді. Әліпбиге 9 дауысты фонеманың да таңбасын алу арқылы (а – аь, о – оь, у – уь, ы – и, е) дауыссыз фонемалардың белгіленуін үнемдеді. Мәтіндегі к, г әрпінің <қ> - <к>, <ғ> - <г> дыбысының қайсысы екенін сөз құрамында кездесетін дауыстылардың таңбасы арқылы оқыды. Сонда 9 дауысты фонема 9 әріппен, 21 төл дауыссыз фонема – 18 әріппен таңбаланды.

Бірақ графикадағы бір әріптің төл сөздер мен орыс тілінен енген сөздерде екі түрлі дыбысты таңбалауы қиындық тудырды. Мысалы, **и** әрпі – орыс сөздеріндегі **и** әрпін де, төл сөздердегі <i> фонемасын да берді (*ури, бир*), сондықтан [мінез] дегенді *мынез*, [біздікі] сөзін *быздыкы* деп жазып қою жиі кездесті⁴.

у әрпімен – **ү, у** фонемалары (*урлык, усту, урок, карув*); в әрпімен у ерін-ерін жуысыңқы төл дауыссыз бен орыс тілінен енген сөздердегі **в** дыбысы таңбаланды (*ава, вагон*). Бірақ бұл графика кейінгі башқұрт тілінде [q], [Ч], [w], [i] дыбыстарының жоғала бастауына негіз болды.

Тіл үндестігі жалпы ноғай тілі төл сөздерінде жазылды, *катеби, кайтин* сияқты кірме сөздер мен кіріккен сөздерде сақталмайды.

Ал ерін үндестігі *буьгуьн* сияқты сөздерде болмаса, жалпы белгіленбейді. Өйткені **ө, о, и, ү** бұрын барлық буында жазыла берсе, кейінгі орфографияда бірінші буынмен ғана шектелген еді⁵.

Бірге/бөлек жазуға байланысты белгіні екпіннен іздеді, яғни екі сыңарда да екпін болса бөлек жазылды: *сары май – шырак май; кайын ана*.

Орыс алфавитін **қарашай тілі** өзге түркі тілдерінен ерте, кавказ халықтарының регионына жүргізілген саясатпен бірге, 1937 ж. қабылдады. Әліпбиде 37 әріп болды. Кь, гь, нъ, дж құранды әріптерді алғаш енгізген осы қарашай жазуы еді⁶. 1961 ж. бұл әліпбиді тиімсіз деп тауып, 40 әріптен тұратын реформаланған жоба ұсынылды. Онда құранды әріптер алынып тасталды.

Әліпби құрамы: а, б, в, г, ғ, д, е, ё, ө, ж, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, п, р, с, т, у, ү, ұ, ф, х, ц, ч, ш, щ, ъ, ы, ь, э, ю, я⁷. Дауыстының таңбасы – 8, олар: а, е, ө, о, ү, у, ы. Тек <э> дауыстысы жоқ. Тілдің өзіне тән дауыссыздар таңбасы – 5, олар: ғ, қ, ж, ң, х. Сонда қазіргі қазақ әліпбиінен тек э әрпінің жоқтығымен ғана өзгешеленген еді.

Алайда 1964 ж. бұрынғы әліпби құрамы қайта қабылданады (2-кесте). 2-кесте. Қарашай әліпбиі⁸

³ С. А. Калмыкова Алфавит ногайского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. С. 118-125

⁴ С. Калмыкова Орфография ногайского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР. . М., 1973. 179б.

⁵ Сонда, 179б.

⁶ Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. –М.: Наука, – 225 с.

⁷ Сонда, 36б.

⁸ Қарачай-малкъар тилни орфографиясы. Ставрополь: Ставрополь китаб издательство, 1964. С. 4.- 35 с.

А а	Б б	В в	Г г	Гъ гъ	Д д	Дж дж	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Къ къ	Л л	М м	Н н	Нг нг	О о
П п	Р р	С с	Т т	У у	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш
Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я			

Дауыстылар: о-ё [ə]

у-ю [y]

а – е

ы – и [i]

<ғ>, <қ>, <ң>, <ж> дауыссыздары әріп тіркесімен беріледі: **гъ, къ, нг.**

Сондықтан графикада мынадай кемшіліктер орын алды:

1) **ө** әрпі болмағандықтан **ё** әрпінің бірнеше мағынасы болды:

|ə| =>[ə] *ёс, ёгюз*, төл сөздер жат реңкпен дыбыстала бастады;

=>[jo] *кюеу*

=> [ë] орыс сөздерінде

2) **у** әрпі болмағандықтан [y] дыбысын |ю| әрпі берді, сонда

|ю| =>[y] *кют, кюн*⁹ төл сөздер жат реңкпен дыбысталды;

=>[ju] *тоу* (тойы), *бою* (бойы), *аюню* (аюды)

=>[ju] кірме сөздерде: *юра, юбияр*

=>[ju] кірме сөздерде жіңішке дыбысталуды: *жюри, парашют*

Сөйтіп, қарашай тіліндегі сөздердің түбірі өзгеріп жатты¹⁰.

3) Профессор К.Мусаев **у** әрпі дауыссыз [w] фонемасын таңбалағанда, [u] мен [w]-дың айырмасы анық көрінетін еді дейді. Енді |у| әрпі әрі дауысты [u] фонемасын, әрі дауыссыз [w] фонемасын беріп қиындық тудырып отыр: *кѳуууун то хтаммагъанды*.

4) бүгінде къ, гъ, нг, дж әріп тіркестерінен бір кітаптың ішінде 40 бет артық жазылады екен¹¹.

Татар жазуы. Латын графикасы жұмысшы табының жазудағы қажеттілігін өтей алмады деген желеумен татар жазуы 3 ай ішінде кирил графикасына ауысты¹².

Сөйтіп, кирил графикасын татар жазуы 1939 жылы 38 әріппен қабылдаған. Бірақ түзету туралы ұсыныс 1950 жылдардан бастап шықты. М. Фазлуллин татар тілінің өзіне тән фонемаларын әріп диакритикасымен емес, таңба тіркесімен беруді ұсынған: *аь, жъ, нь, оь, уь, хъ*¹³. Бірақ көпшілік бұл графемаларды қолайсыз деп тауып, *ө, ә, у, һ, жс, ң* әріптерін енгізді¹⁴. Бұл әріптер 1997 жылға дейін орыс алфавитінің соңына тіркелген еді. 1997 жылдан бастап әліпби мына тәртіппен реттелді: **Аа, Әә, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Ёё, Жж, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, н, Оо, Өө, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Үү, Фф, Хх, һ, Цц, Чч, Шш, Щщ, ь, Ыы, ь, Ээ, Юю, Яя**¹⁵.

Әліпбиде 40 әріп бар. Тілдің фонологиялық жүйесіндегі **қ, ғ, w** фонемаларының әліпбиде таңбасы болмады. 1961 жылы өзге түркі тілдерімен бірдейлестіріп, әліпбиге **қ, ғ** әріптерін енгізгенмен кейін қайта алынып тасталды. Егер **қ** дыбысы тек жуан, **к** дыбысы тек жіңішке дауыстылармен ғана айтылатын болса, онда қиындық жоқ еді дейді ғалымдар. Бірақ қазір

⁹Щерба Л.В.

¹⁰Опыт совершенствования алфавитов...1096.

¹¹Опыт совершенствования алфавитов... 1116.

¹²Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі... 1096.

¹³Татар аьдяби теленень алфавиты хьям орфографиясе // Казан, 1938

¹⁴Курбатов Х. Орфография татарского языка // Орфография тюркских литературных языковСССР. М: Наука, 1973. – 301. 1856.

¹⁵Хальфин, Сагит. Азбука татарского языка. - М., 1978. - 52 с.

қарендәш, қаләм, қоғаз, камзул, калош деп айтыла береді¹⁶. Сондай-ақ у дауыссызының орнына **в** қолданылады: *давул, кавын, тавык*.

Сондықтан орфоэпияда бөгде реңктер пайда болды: ф, э, е әріптері төл сөздерде де жазылды: *керфек (кірпик), эссе (ыссы)*. Е әрпі [йы], [йе] дыбыс тіркестерін таңбалайды: *ел – [йыл], ефек – [йефек], яшь – [йәш]*. Сондықтан татар тілі орфографиясын жетілдіру үшін **иә, иү, йы, йе** әріп тіркестерін енгізу ұсынылған¹⁷ *йүкә (жүке), йырақ (жырақ)*.

Татар тілі орфографиясы фонематикалық принципті түбірге қатысты да, қосымшаға қатысты да ұстанады. Мысалы, <л>- тұлғалы аффикс айтылуда [н]-мен дыбысталады. Мысалы: *утынлык [утынның], буранлы көн [буранны көн]*.

Орфографиядағы дифференциация принципі сөздердің бірге/бөлек жазылуына көмектеседі: *ақ сақал – ақсақал, өч почмак – өчточмак*. Графикалық принцип кірме сөздерді жазуда қолданады: *колхоз, аппарат, т.б.*

Х. Курбатов татар тілі фамилиялары тілдің орфоэпиялық нормасына сай жазылу керек дейді, мысалы: *Фәрит Мирғалим улы Жәләлиев*¹⁸.

Татар орфографиясында сөздердің бірге/бөлек жазылуы шешіле қоймағандықтан көбіне орыс тілі орфографиясына негізделеді. Дегенмен мынадай өлшемдер ұсынылған:

1. Егер екі сыңардың алғашқысы соңғысының материалын білдірсе, олар бөлек жазылады¹⁹.
2. Егер шыққан тегін білдірсе, онда соңғы изафет жұрнақ түсіріліп бірге жазылады. Мысалы, *ағач йорт (ағаш үй)* бөлектаңбаланса, *жир+жүлэг(и) – жиржүлэк, алмаагач* бірге жазылған.
3. Сыңар аралығындағы **кы, ке, ғы, ге** аффикстері түсірілсе, бірге жазылады: *өске+корма – өскорма (надстройка)*.
4. Екі сыңар мағынасы бірігіп, ортақ мағына берсе, бірге жазылады: *аккош (аққу)*²⁰

Қазақ жазуының кирилге негізделген алғашқы әліпби жобасында (1939ж. 10-тамыз) 40 әріп болды, ал әліпби тәртібі төмендегідей: **а, ә, б, в, г, д, е, ж, з, и, й, і, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, Ұ, Ү, ф, х, қ, г, ц, ч, ш, щ, ь, ы, ь, э, ю, я**²¹.

Мұнда дауысты дыбыстар (**ә, ө, ұ, ү**) орыс әліпбиіндегі жуан дауыстылармен (**а, о, у**) **и-и, й** жіңішке дауыссыздармен, **ы** әрпі жуандық белгісімен қатар келген. Ал қазақ тіліндегі <қ>, <ғ> фонемаларының таңбасы **х**-әрпінен кейін орналасқан. Сөйтіп, мұнда 1940ж. қабылданған әліпби құрамына қарағанда ілгерілеу болды.

Ал графикасында мынадай ерекшеліктер болды: біріншіден, дауысты дыбыстардың таңбасы ретінде 14 әріп көрсетілді: **а, о, у, е, ы, и, ә, ө, і, ұ, ү, я, ю, э**. Әліпбиде **ё** әрпі болмады, ол әріп кездескен сөз **ө**-мен белгіленді: *слёт – слөт; е, ө, ә, ү, і* әріптері сөзді жіңішкертетіндіктен, бұлар жазылған сөзде **ь** және **я** белгісі қойылмады; **ы, і** әріптері сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда, **я** буын аралығында жазылмайды делінді: *смазүл, рет, ахмет; я* әрпі сөз басында, дауысты дыбыстан соң, қатандық, жұмсақтық (**ь, і**) белгілерінен кейін жазылатын болды: *Яков, химия, аяғы, таяу, мия*. Мына мәселелер ескерту ретінде берілді: орыс тілінен енген сөздерде дауыссыздан кейінгі **я** әрпі **э** әрпімен белгіленді (*Колэ, желэбов, транслэция*). **ю** әрпі түбір ішінде жазылады да (*қою, аю*), түбір мен жұрнақ ішінде **йу** тіркесі арқылы беріледі (*қойу, сойу*). Әліпбиде **һ** әрпі болмағандықтан, оның қызметін **ә, а, х** таңбалары атқарды: *қаарман (қаһарман), гауэр (гауһар), аһ (ах)*²².

¹⁶Курбатов Х. Орфография татарского языка...

¹⁷Сонда, 1866.

¹⁸Сонда, 1886.

¹⁹Курбатов Х. Орфография татарского языка... 1896.

²⁰Сонда, 1896.

²¹Қазақ тілі әліппесінің жаңа емлесінің ережелері // Лениншіл жас 10. 07. 1939. 149б.

²²Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.–30 б.

Бір жылдан кейін 1940ж. 30-тамызда жаңа алфавит жөніндегі ғылыми конференция 41 таңбадан тұратын жаңа әліпби туралы жоба ұсынды. Мұнда **h** әрпі әліпбиге енгізілді және <ұ> фонемасы **у** таңбасымен берілді.

Алфавит жобасының соңғысына жетекшілік еткен С. Аманжолов жобаны талқылауда **э** әрпін қазақ тіліндегі **е** дыбысының орнына қолдануды, **э** әрпін екінші буындарға да жаза беруді, **я** әрпін қолдануды азайтуды, мысалы, түбір мен жұрнақ позициясына жазбауды, **ы** әрпін тек орыс сөздерінде ғана жазып, қазақ тіліндегі <ы> үшін басқа таңба алуды ұсынған пікірлердің болғанын және оларға негізді дәлелдер бар екенін айтады. **я**, **ю** әріптерін қызметі арқылы жазу үнемділігіне қол жеткіземіз дейді. Автор **ь** таңбасын қазақ тіліндегі жер-су атаулары адам есімдерінде қолдануды мақұл көреді²³.

Ш. Сарыбаев қырғыз графикасындағыдай **к** әрпімен <қ>, <к> дыбыстарын **г** әрпімен <ғ>-<г> дыбыстарын белгілеп, іргелес келген дауыстының жуан-жіңішкелігіне орай <қ>, <ғ>, <к>, <г> екенін айыруды ұсынды. Сондай-ақ қарашай графикасындағыдай <қ> – **кь**, <ғ> – **кь** деп алайық деген де, тіпті <қ> – **к**, <ғ> – **г** деп алу жазу жылдамдығына кедергі, сондықтан **q**, **g** таңбасын қалдырайық деген де пікірлер болады. А. Ысқақов **э** әрпінің мәнін **е** әрпі де бере алады, сондықтан әліпбиге **э**-нің қажеті жоқ деп табады²⁴. Ал М. Балақаев керісінше **э** әрпін сөздің бас буынында жазайық, сонда тек **ч**, **ц**, **ь** әріптері ғана орыс сөздерінде кездеседі де, қалған әріптер ортақ болады дейді²⁵.

Сөйтіп, осындай талқылаулардан соң, жаңа әліпби 1940ж. 11-желтоқсанында түбегейлі бекиді. Әліпби тәртібіндегі қазақ тілінің төл дыбыстары жұмсалып жиілігіне сәйкес, **і**, **қ**, **н**, **ғ**, **у**, **ө**, **ә**, **һ** болып реттеледі. Бірінші орыс алфавитінің әріптері, соңынан қазақ тіл әріптері тіркеледі. Әріп атауы **вэ**, **бэ** деп, орыс алфавитіндегідей белгіленеді. Әліпбидің жоғарыдағыдай берілуі оның қосалқы қызметі (санау, инвентарлау) үшін қолайлы делінді. Графика мен ауызша сөз екі басқа, бір-біріне сәйкес келмейді деген пікірлер де осы кезден шыға бастайды²⁶.

Жазылған сөздегі әріп пен дыбыс арасында айырма қай кезде де болады, сондықтан 1940ж. емледе қабылданбай қалған **ый**, **ій** тіркестері орнына **и** жазу; түбір мен қосымша аралығына **ю**, **я** әріптерін салу (*кию*, *боя*), **я** әрпімен [йа], [йә], [ә], **ю** әрпімен [йу], [йүү], [ү] дыбыс тіркестерін беру²⁷ сияқты пікірлер айтылады.

Кірме сөздерде қосар дауыссызға аяқталған сөзге қосымша жалғанғанда бір дауыссыз түсірілмеді: *класс/классқа*. Дыбыстық құрамы игерілген кірме сөздер айтылуынша жазылды: *газет, самауыр, қамыт, сиез, дога*. Араб-парсы тілінен енген сөздердің ортақ әдеби вариантын орфографиялық сөздіктен қарап, жазу керек делінді, себебі сөз мағынасы дифференцияланып, жазуда айқындала бастады: *гаскер – войска, әскер – армеец, ғылым – мәлім*. Біріккен жалқы есімдер кіріктіріліп те (*Талдықорған, Қожакелді*), кіріктірілмей де (*Амангелді, Қазанған*) жазылатыны көрсетілді.

Және қысаң езуліктердің емле қиындығын азайту үшін *магна, рет* сияқты сөздердегідей анық естілмейтін позицияда **ы**, **і** әріптерін түсіріп, қалған позицияда тәуелдік жалғауы жалғанғанда да, түсірілмегені жөн деді²⁸.

М. Балақаев сөз бірігіп жазылу үшін сөздің екі сыңары да атау тұлғада тұру керек және олар изафеттің III түрі болмауы керек деді. Ал фразеологиялық тіркестердің барлық түрі бөлек жазылуы уәжді²⁹.

²³ Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.

²⁴ Балақаев М. Жаңа әліппе мен емле проектісі туралы // Социалистік Қазақстан. 24. 08. 1939.

²⁵ Сонда.

²⁶ Кеңесбаев С. Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы туралы // Лениншіл жас 31.12. 1940.

²⁷ Балақаев М. й, й, я, ю әріптерінің қолданылуы // Социалистік Қазақстан. 16. 01. 1941.

²⁸ Балақаев М. Орфографияға енетін өзгерістер // Социалистік Қазақстан 5. 10. 1940.

²⁹ Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы // Социалистік Қазақстан 5. 01. 1940.

Осы әліпби жобасының негізінде 1941ж. С. Аманжолов, С. Баишев, Ғ. Бұзырбаев, С. Кеңесбаев, Н. Сауранбаевтардың ұжымдық авторлығымен алғашқы емле сөздігі жарық көреді. Онда мынадай өзгешеліктер болды: а) **ы, і** әріптері түсірілді: *жыйлыс, құрлыс, бұйрық, ұрлық, топрақ, жапрақ, көкрек, ә) жалқы есімдерде [йы] тіркесі үшін и (Баир, Раис), жалпы есімдерде йы* жазылды: *айыл, кейін*, б) кірме сөздерде **я** әрпінің алдынан **и** (*пияла, пияз, зияш*), ал қазақ сөздерінде **ы** жазылады: *қыялы, сыяқты, тыянақты, в) йы, йі-ға аяқталған сөзге көсемшенің йжұрнағы қосылса, и* әрпі жазылады (*байыйды емес, баиды*).

Сөздікке а) жер-су аттары б) біріккен, қысқарған, кірме сөздер в) терминдер г) кісі есімдері д) жазылуы қиын сөздер кірді³⁰.

Қазіргі орфограммадан өзгеше мына сөздер біріктіріліп жазылды: *алааяқ, алакөлеңке, антатқан, антұрған, асықжілік, ататек, атсалысу, атиаптырым, атышулы, атқора, ауажайылу, ауылиаруашылық, ахрет, ахуал, ашішек, аяқкиім, аяқтұзақ, бақайқулық, бейнетхор, бейпілауыз, белкүрек, белорақ, боссөз, бытра, бытраңқы, біркүні, бірнәрсе, бұрнагыкүн*³¹, *дарқан, дастарқан, диқан, емізік (еміздік емес), етбетінен (етпетінен емес), жалахор, жандік, жапрақ (жапырақ емес), жетіата, жыйлыс (жиналыс емес), жыйырма, кеңпейіл, күретамыр, көжеқатық, көзбайлау, махлұқ, мағна, мұраб, мұқыят, мұғалім, нахақ*³², *суд (сот емес), тәбиғат, тәбиғи, хажет, хата, хатер, хауіп, хиял, хиянат, хұдды, хұрмет, ишкіім, қаблет, гібрат, ұйқтау, өкмет*.

Жалпы, 1938ж., 1939ж., 1940ж. ұсынылған әліпби жобаларында қосар ый, йй әріптерін бір таңбамен беру ұсынылып, қолдау тапқанмен, **и** әрпінің емлесі әлі де айқындалмаған еді. Мысалы, М.Балақаев 1940 ж. орфографияда тек 4 параграфта “что и пишется во всех словах как мягкий гласный, в других случаях (13 параграф) – буква **и** пишется для обозначения звуков **ый** (*йық, иса*), в третьих случаях, правда без специального пункта правил **и** употребляется для обозначения звуков [і] [й] (*ки, жи*)” делінгенін айтады. Сондықтан **и** әрпінің емлесін жүйелеуді ұсынады. Мысалы, жіңішке сингармотембрде бір әріппен (*ки*); жуан сингармотембрде екі таңбамен беру (*қый*).

Біріккен сөздердің орфограммасына проф. М.Балақаев «бір зат, бір ұғымның мағынасын беретін сөз» деп анықтама берілген соң *ауажайылу, басқатыру* сияқты тіркестердің де бірге жазылып кеткенін, ал *аяқ киім, темір жол* анықталғыш-анықтағыш қатынастағы сөз екенін айтады.

Кісі аттарының фонетикалық принциппен жазылуы уәжді деп табады, сондай-ақ *жарыя – жәрия – жария, қайтып – кәйтін* деген сөздердің әдеби вариантын анықтау емле сөздігінің құзырына тиеді дейді³³.

Жалпы, орыс графикасының қабылдану, емле ережелерін жетілдіру тарихына барсақ, жазуды қазақ тілі табиғатының тұрғысынан (М. Балақаев) және орыс тілі табиғатына жақындатып, бағындырып жазу тұрғысынан ұсынатын (С. Аманжолов) екі бағыттың болғанын көреміз. М.Балақаев қазақ орфографиясының 40ж. қиындықтары ретінде мыналарды көрсетті: күрделі сөздер емлесі, **и, ы, і** әріптерінің емлесі, **қ-х** әріптерінің емлесі, **ә** әрпінің жазылуы, термин сөздердің қосымшалануы, жалпы есімдерінің жазылуы³⁴. Бұл қиындықтар қазіргі қазақ орфографиясының да проблемалары болып табылады.

М.Балақаев **h** әрпін **х**-мен беруге, **к, ғ** фонемаларын **г, к** әріптерімен таңбалауға болады деген ұсыныс айтты. Ал **ог, уг, к**-ға аяқталған сөздерге жіңішке қосымша жалғауды (*полктік, педагогке*) екі сыңардан құралған біріккен сөздер жігіндегі **к/ғ, к/г** алмасуын таңбалауды ұсынды³⁵.

³⁰ Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1941.-123 б. Құрастырушылар: Аманжолов С., Баишев С., Бұзырбаев Ғ., Кеңесбаев С., Сауранбаев Н.

³¹ Сонда, 30б.

³² Сонда, 72б.

³³ Балақаев М. Емледегі кейбір кемшіліктер туралы // Социалистік Қазақстан. 8. 08. 1945.

³⁴ Балақаев М. Вопросы казахской графики и орфографии // Вестник АН КазССР. №12. 1951. 76б.

³⁵ Сонда, 78б.

Біріккен сөздердің емлесін орыс тіліндегі баламасының жазылуына қарап анықтаудың қателігін айтады. Және қазақ әліпби жүйесінің тәртібіне, оны қабылдаған үкімет қаулысына наразылығын білдіреді³⁶.

ҒА-ның Тіл, әдебиет институтында (1952 III) осы ұсыныстар талқыланған жиналыс қаулысы әліпбиден **h** әрпін алып тастауды, әліпби тәртібін өзгертуді, **ый, ій, ұу, үу** қосарын **и, у** таңбаларымен беруді ұсынады³⁷.

Бірақ С. Аманжолов керісінше, қазақ әліпбиін өзгерту “қазақ тілі дыбыстарына арналған әріптердің керексізі бар ма”, “алфавит сиқын бұзып тұрғаны жоқ па”; “орыс әріптері толық қолданылып жүр ме” деген бағытта жүруі керек дейді. Автордың ойынша, **ә** әрпінің қызметін **я** әрпі де атқара алады (*Куляш, сіря, Жамия*); **к, г**-ге аяқталған термин сөздерге соңғы буынның жуандығына байланысты жуан қосымша жалғану, біріккен сөздерді кіріктіріп жазбау, *ақкөңіл, асырасілтеу* сияқты сөздерді бірге жазу уәжді. Сондай-ақ С. Аманжолов әліпби тәртібін өзгертуге қарсы болды. Ғалым әріп ретін өзгерту алфавиттің қосалқы – нөмірлеу – қызметіне кедергі болады деді. Және **ый, ій** қосар дыбыстарын бір таңбамен беру морфологиялық принципке сай емес, сөздің айтылуы мен жазылуын алшақтады деді. **к, г**-ге біткен орыс сөздеріне жіңішке қосымша жалғау орыс тіліндегі сөздердің айтылуын бұзады деді³⁸.

Соңғы ұсыныс ескеріліп, **h** әрпі әліпбиде қалдырылсын деген пікір³⁹, бірінші буыннан басқа буынға **ә** әрпін жазбау, орыс тілінен енген сөздердің соңғы буынына қарап, қосымша жалғау сияқты пікірлер тұрақтана бастайды⁴⁰.

Ал **ұ** таңбасын **ү** таңбасымен ауыстыру туралы ұсыныс⁴¹ 1951ж. 15 тамызында ресми түрде қабылданады (**ұ – ү**)⁴².

1957ж. емле ережесін қабылдағанға дейін қазақ жазуының тарихында бірнеше ұсыныс болған. Оның алдыңғысы 1939ж. әліпби жобасы, 1940ж. емле жобалары болса, кирил графикасына негізделген қазақ жазуының алфавиті мен орфография ережелері 1953ж. 28 ақпанда “Қазақстан мұғалімі” газетінде ұсыныс ретінде жарияланды. Әліпбиде 40 әріп рет санымен белгіленді, **ә** әрпі **е** таңбасынан кейін орналастырса да, әліпбидің рет санына алынбады. Ал **h** әрпі алфавитте болмады. Әліпбедегі әріп реті қазіргі әліпби тәртібімен бірдей. Емле ережесінің алғашқы нұсқасы осы 1953ж. емле жобасы болып табылатындықтан ереженің 1953ж. нұсқасы мен қазіргі нұсқасының арасындағы өзгешеліктер болды.

Башқұрт жазуы. Кирил алфавитінің 33 әрпінің үстіне башқұрт тілінің өзіне тән дыбыстарын белгілеу үшін 9 әріп алынды. Олар: Ғғ, Кк, тіс аралық Җз, Ҙс, мұрынжолды Ңң, көмей Һһ; тілалды ашық Өә, еріндік Өө және Үү әріптері.

Сонда кирил графикасына негізделген башқұрт әліпбиі мына құрамнан тұрды: А а Б б В в Г г Ғ ғ Д д Җ з Е е Ё ё Ж ж Ӗ з И и Й й К к Қ қ Л л М м Н н Ң ң О о Ө ө П п Р р С с Ҙ с Т т У у Ү ү Ф ф Х х Һ һ Ц ц Ч ч Ш ш Щ щ Ъ ъ Ы ы Ь ь Э э Ә ә Ю ю Я я

Башқұрт жазуы, негізінен, фонетикалық жазу, әрі ерін үндестігін таңбалайтын жазу. Сондықтан орыс тілінен енген кірме сөздердің жазылуына қатысты да осы пікірлер айтылды. Мысалы, *жюри, такси, шоссе, ателье* сөздеріндегі соңғы дауысты дыбыс – башқұрт тіліндегі жіңішке дауыссызға қарағанда жуандау, тіл арты дыбыс. Сондықтан бұл сөздерге қосымшаның жіңішке вариантын жалғамау; сол сияқты *калий, юбилей, командир, министр,*

³⁶Сонда, 72б.

³⁷Баскаков Н. А. Дискуссия в Казахстане о литературном языке, графике и орфографии // Вопросы языкознания. М., 1952. №4.132б.

³⁸Аманжолов С. Қазақ алфавиті мен орфографиясының кейбір мәселелері жөнінде // Социалистік Қазақстан 30. 03. 1957.

³⁹Барманқұлов К. ы, і емлесі жайында // Қазақстан мұғалімі. 9. 05. 1953.

⁴⁰Орфография ережелері туралы // Қазақстан мұғалімі. 4. 04. 1953.

⁴¹Аманжолов С. Қазақ тілінің кейбір мәселелері // Социалистік Қазақстан. 13.12.1949.; Жолаев Н. Қазақ тілінің емлесін жақсарту жөнінде кейбір пікірлер // Социалистік Қазақстан. 10. 01. 1950.

⁴²Қазақ алфавиті **ұ** әрпінің таңбасын өзгерту туралы // Социалистік Қазақстан. 24. 07. 1951.

социализм, сөздеріне де жіңішке вариантты аффиксті жалғамау, бұл сингармонизм заңын бұзады деген пікірлер жиі айтылды. Сөйлеу тілінде де бұл сөздерге жуан қосымша жалғанады. Осы сипатты жазуда да таңбалау керектігі айтылды. Және *ғалим, тарих, таһир* сөздері тіл арты дыбысталады: [ғалыйм], [тарыйх], [тахыйыр] сондықтан жуан қосымшаларды қабылдайды деді ғалымдар⁴³.

Қарақалпақ жазуы. 1940 жылы К. Убайдуллаев, К. Аимбетов және Н. Давкараевтар кирилнегізді жаңа қарақалпақ әліпбиінің жобасын жасады. Бұл Қарақалпақ АССР Жоғарғы советінің Президиумы жарғысымен 1940 жылдың 18 шілдесінде бекіді⁴⁴. Жаңа әліпбиде 35 әріп болды: Аа, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, Оо, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Фф, Хх, Цц, Чч, Шш, Щщ, Ъъ, Ыы, Ьь, Ээ, Юю, Яя, Ғғ, Ққ, Ҳх. Бұл алфавиттің үлкен кемшілігі – қарақалпақ тілінің өзіне тән /æ/, /œ/, /y/, /ɲ/, /w/ дыбыстарына арналған таңбаның болмауы. /æ/, /œ/, /y/ фонемалары бар сөздер **а, о, у** әріптерінен кейінгі дауыссызға жіңішкелік белгісін тіркестіру арқылы берілді: *тань (тән), созь (сөз), жунь (жүн)*. /ɲ/ фонемасы **нг** әріп тіркесімен жазылды⁴⁵. Әліпби орыс алфавитінің соңына өзіне тән үш әріпті (**қ, з, җ**) тіркеуімен ерекшеленді.

Осы кемшіліктер қарақалпақ әліпбиінің құрамы мен емле мәселелерін қайта қарауға әкеліп, 1954 жылдың қыркүйегінде **Нүкісте** шақырылған ғылыми-техникалық конференцияда ұлт ғалымдары мен Өзбекстан Тіл және әдебиет институтының ғалымдарының ұсынуымен жаңа әліпби мен емле ережесі қабылданған еді. Жаңа алфавит 1957 жылдың 28 ақпанында бекітілді. Бірақ бұл жоба 1960 жылы ғана қолданысқа енді. Жаңа жобада Ә ә, Ё ё, Ѓ ғ, Ө ө, Ү ү, Ұ ұ әріптері еніп, әліпби тәртібі өзгерді (3-кесте).

3-кесте. Қарақалпақ әліпбиі.

а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ё	ж	з
и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п
р	с	т	у	ү	ў	ф	х	ҳ	ц	ч
ш	щ	ъ	ы	ь	э	ю	я			

1963-1964жж. емлеге өзгеріс енгізу туралы тағы пікірлер бой көтерді, оның бастысы ғалымдар мен оқытушылардан құралған арнайы комиссияның әліпбиден **ў** және **ң** әріптерін алып тастауды ұсынуы болды. Алайда көпшіліктен бұл ұсыныс қолдау таппады⁴⁶. Сөйтіп, жоғарыдағы әліпби құрамы әлі күнге дейін баспалар мен мемлекеттік мекемелерде қолданылады⁴⁷.

5-кесте. Қыпшақ тобындағы тілдердің өзіне тән фонемаларын таңбалаудағы кирил тәжірибесі

№	Фон.	Қазақ	Ноғ.	Қарақал п	Татар	Башқұр т	Қараш.	Құм.	Қырғ.	Хақа
1	ғ	ғ	-	ғ	-	ғ	гъ	Гъ	-	ғ
2	дж	-	-	-	ж	-	дж	-	-	-

⁴³ Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. –М.: Наука, – 225 с.

⁴⁴ *Насыров Д.* Орфография каракалпакского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М.: «Наука», 1973. С. 117-130.

⁴⁵ *Насыров Д.* Об усовершенствовании и унификации алфавита каракалпакского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: «Наука», 1972. С. 75-87.

⁴⁶ *Д. С. Насыров* Орфография каракалпакского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М.: «Наука», 1973. -С. 117-130.

⁴⁷ [Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі](#) (каа). сайт Совета Министров Республики Каракалпакстан.

3	қ	қ	-	қ	-	қ	къ	Къ	-	-
4	ң	ң	нь	ң	ң	ң	нг	Нъ	ң	ң
5	ө	ө	оь	ө	ө	ө	-	Оь	ө	ө
6	ç	ч	ч	ч	ч	ç	ч	-	ч	ч
7	ү	ү	уь	ү	ү	ү	-	Уь	ү	-
8	ұ	ұ	у	ў	у	у	у	У	у	ў
9	ҳ	-	-	ҳ	-	-	-	-	-	-
10	і	і	-	-	-	-	-	-	-	і
11	ә	ә	аь	ә	ә	ә	-	-	-	-

Түркі тілдерінің өздеріне тән фонемалары бәрі бірдей төл әліпбилерінде көрініс таппаған. Көрініс тапқандарының өзі әртүрлі әріптермен бейнеленген, мысалы, ә фонемасы **аь – ә**, **ң** фонемасы **нг-нь – ң** деген сияқты. Ұлттық әліпбилер қосамжар болды, яғни алдымен орыс әліпбиінің 33 әрпі, соңынан түркі тілдерінің өзіне тән әріптерін тіркеу барлығына тән белгі болды.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хасанов Ғ.Қ.

М. Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік

университетінің профессоры,

филология ғылымдарының докторы

Орал, Қазақстан

Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы қаңтар айының аяғында біздің еліміз латын әліпбиіне 2025 жылы көшу үшін білім беру бағдармалары, оқулықтар дайындауымыз керек екенін тілге тиек етті. Жақында ақпан айында Қазпошта АҚ халықаралық тасымал үшін латын әліпбиін қолдануға көшуге мәжбүр болды.

Латын әліпбиіне көшу мәселесінің айтылып келе жатқанына біраз уақыт болғанымен, бұл мәселе төңірегінде дау мен талас-пікір көп. Академик Ә.Қайдар, профессорлар Ә.Жүнісбек, С.Мырзабек, А.Мектептегі т.т. көптеген тілші-ғалымдар тарапынан ғана емес, басқа да сала адамдарын толғандырып, қолдарына қалам алғызып, отырған көкейтесті мәселе – латын әліпбиі мәселесі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін академик Ә.Қайдар алғаш рет осы мәселені қозғап, орыс жазуына негізделген қазақ жазуының әліпбиінен латын әліпбиіне көшу туралы жазған еді. Латыннан бұрын қазақ тілінің таңбалық жүйесін жасауды шетелдік ғалымдар кириллицадан бастағаны белгілі. «Қазақ жазуының теориялық негіздері» атты 2010 жылы жарық көрген зерттеуінде Қ.Күдерінова қазіргі кириллицаға негізделген әліпбидің жобалары ХІХ ғасырдың соңына қарай жасала бастағанын жазады. Ол былай деп жазады: «Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И.Ильминский жасады. Н.И.Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: (үстіне ноқат салды – Ғ.Қ.Хасанов) **а – (ә), о – (ө), у – (ү), і – (і), ы – (ы), н – (н), к – (к), г – (ғ)**. Сөйтіп, зерттеуші он шақты қосымша белгі алғанымен, орыс әліпбиіндегі **е, в, и, ф, ц, х, ч, ш, ь, ь, э, ю, я** таңбаларын (қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын қолданбады) [1, 115]. Бұл әліпби В.В.Григорьев тарапынан сыналғанымен қазақ тілі дыбыстарын алғашқы әріптерге түсіру әрекеті еді. Оның алдында неміс ғалымы Г.Ю. фон Клапрот латын әріптерін қолдану арқылы қазақ дыбыстарын таңбалаған болатын. Оның 1825 жылы Парижде жарық көрген еңбегі «Қырғыз (қазақ) тілі» деп аталған еді. Неміс ғалым В.В.Радлов та өз еңбектерінде қазақ сөздерін кириллицамен таңбалаған еді.

Бүгінде тіліміздің сөйлеу жүйесін бұзып отырған орыс қаріптерін Н.И.Ильминскийдің қолданбауы қазақ дыбыстарының орыс дыбыстарынан мүлде бөлек екенін аңғаруында жатса

керек. Қ.Күдерінова ол туралы: «Оқымысты тарапынан осындай сынға ұшырағанмен Н.И.Ильминскийдің орыс графикасымен берген қазақ әліпбиінің қазақ тілі дыбыстар жүйесін белгілеуде артықшылығы бар», – деп жазады [1,116]. Бұндағы артықшылықты ол Н.И.Ильминскийдің е дыбысының жуан, жіңішке варианттарын таңбалаудан көреді. Сонымен бірге, біздіңше, тағы бір артықшылық артық орыс әріптерін қазақ әліпбиіне енгізбеуінде деп білеміз. Әліпби өзгерген сайын орфографиялық нормалар да өзгереді, ал орфоэпиялық нормалар өзгеріске түсе бермейді. Алайда әріпке сүйене сөйлеу етек алған кезде тілдің басты өзегі болатын орфоэпиялық нормаларға да қауіп төнетінін бүгінгі күннің өзгерісі көрсетіп отыр.

Ал мың жылға жуық араб жазуында болған қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары да соған байланысты өзгеріске ұшырағаны анық. Алайда бұл өзгеріс араб-парсы сөздерін сол тілдердің айту нормаларына байланысты дыбыстаудан туғаны анық. Оған дәлел, Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі араб-парсы сөздерінің дыбысталуын алсақ та жеткілікті.

Ал А.Байтұрсынов түзеген араб әліпбиі сол кезде жоғары бағаға ие болғаны жасырын емес. Мәселен, 1924 жылы Ташкент Орта Азия университеті бюллетенінде Е.Д.Поливанов «енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда, кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп бағалайды [1,185].

Қазір қарап тұрсақ, ата-бабамыздың осы мәселесі біздің де басымызға тағы да орнағаны анық. 2013 жылы сәуір айында М.Шаханов, Қ.Жұмаділов, М.Құлкенов т.б. көптеген зиялылар, 100-ге тарта адам қол қойған, еліміздің президентіне мен премьер-министріне жолдаған ашық хатында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қиындығы мен мүмкін еместігі туралы ашық хат жолдады. Онда былай делінген: «Латын қарпіне «Мемлекеттік тіл» деген аты бар да заты жоқ жалғыз қазақ тілі ғана көшпек. Бұл еліміздің бірлігіне, тұтастығына нұқсан келтірмей ме? Ендеше осы істе жолымызды екі үлкен мәселе кес-кестеп тұр.

Бірінші мәселе – мынау. Осы күнге дейін Республикамызда еліміздің ежелгі, кейінгі тарихына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына байланысты және ғылымымызды, әдебиетімізді, салт-санамызды әспеттейтін миллиондаған атпен кітаптар, ғылыми еңбектер басылды. Латын әліпбиіне көшкен жас бүлдіршіндеріміз кириллицада басылған баба тарихымыздан, рухани парасатымыздан қол үзіп қалатыны айдан анық. Латыншаға ауысқан Өзбекстан мен Әзірбайжан республикаларының қаншама ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері бізге осы мәселе төңірегінде өз өтініштерін білдіргені жадымызда. Мәселен, Өзбекстанда, кириллица дәуірінде жарты миллион данамен, немесе, 300, 200, 100 мыңмен шығып тұрған газеттер 5 мың, 3 мың, тіпті мың данаға дейін құлдыраған. Бұл ғасыр компьютер ғасыры болғанымен, күні бүгінге дейін жарық көрген кітаптардың 20, тіпті 10 пайызын латын әліпбиіне аударуға миллиардтаған қаржы қажет. Басқа шараларды жиып қойғанның өзінде, үкімет соңғы жылдары мектеп оқулықтарын жеткілікті түрде басуға қаржы таппай жатқанда, қарын мүддесі ғана алға шығып, онсыз да қауқарсызданған рухани парасатымызды мүлде тұқыртып алатынымыз ешкімге құпия сыр емес». [2,5].

Ашық хат авторларының басты уәждері мынадай: «Латын әліпбиіне Түркия 1928 жылы көшкен. Егеменді ел атанғаннан кейін Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан республикалары латын қарпіне ауысты. Осы қатарға туысқан ел болғандықтан біздің де қосылуымыздың еш сөкеттігі жоқ. Бірақ, бұл жерде жұрттың бәрі терең түрде аңғара бермейтін мынадай бір үлкен проблема бұғып жатыр. Алдымен, Өзбекстандағы жағдайға үңілейік. Бұл мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдері, тіпті орыстар да өзбек тілінде сөйлейді. Өзбек тілі мемлекеттік тіл ретінде үлкен беделге ие болса, бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бейшара халде. Ғаламторда болсын, баспасөзде болсын, қазақ тілінің мүдделеріне ашық түрде қарсы шығып жүрген басқ ұлт өкілдері емес, өз ішімізден шыққан шала қазақтарымыз. Кириллицада тұрғанда олардың ана тілін үйренуге құлқы соқпағанда, латын әліпбиіне көшкенде ұлттық сезімі оянады деп ойлау мүлде қате түсінік. Тіпті, билік басындағылар «қазақ тілі республикамыздағы басқа тілдерді басып кетпеуі керек» деген пікірді де алға шығарды. Онда оның несі мемлекеттік тіл? Жоғарыда айттық, «бүгінгі таңда қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды» деп. Ең бастысы, өзбек халқы біздер сияқты «ана тілін меңгерген қазақтар» немесе ана тілін менсінбейтін «космополит қазақтар» болып екіге бөлінген жоқ. Олардың

бізден артықшылығы да осында. Әліпби негізінде қазақтарды екіге бөлу қылмысқа барабар іс» деп ойларын сабақтайды [2,5].

А.Айталы сол «Жалын» журналында жарық көрген «Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде, латын әліпбиіне сұраныс бола ма?» атты мақаласында латын қарпіне көшпеуге көптеген дәлелдер келтіреді. Тұтасымен келтіруге тырысалық: «Қазақстан ғалымдары латын әліпбиіне көшкен Түркия, Азербайжан және Өзбекстанның ащы сабақтарын жасырмай алға тартып жатыр. Оларды жинақтасақ мыналар:

1. Күні бүгінге латын әліпбиіне 1928 ж. көшкенмен, әлі де түрік тілінің дыбыстық қорындағы бірқатар дыбыстарда таңбалайтын әріптер әліпби жүйесіне енбей қалған. Өзбектерде де ондай мәселе бар.
2. Әзірбайжан, өзбектерді айтпағанда, түріктер сан ғасырлық араб графикаларына негізделген рухани мұраларын пайдалана алмай отыр.
3. Балалар әдебиеті тапшы.
4. Ғылыми әдебиет кирилл графикасында жазылған.
5. Мұғалімдер дайындау мәселесі өз алдына үлкен проблема.

6. Жекеменшік мекемелер іс-қағаздарын латын әліпбиіне көшіруге асықпайтын сияқты көрінеді.

7. Орыс мектептерінде, мысалы, Өзбекстанда, кирилл жазуымен білім береді.

Өзбекстанда латын әліпбиінде оқитындар азайған соң, ұлттық баспасөзге де сұраныс азайған. Ол, әсіресе, орта жастағылар мен үлкендер арасында.

Түрік ұлты болса, бодан емес, билеуші, отарлаушы ұлт болған, олардың психологиясы бөлек, ана тілі бәріне ортақ. Азербайджандықтар мен өзбектер де ана тілдерін толық меңгерген ұлттар.

Қазақстандағы жағдай өзгеше. 2009 жылы халық санағы бойынша қазақтардың 98,3 пайызы ауызекі тілді түсінеді, 95,4 пайызы еркін оқиды, 93,2 пайызы еркін жазады деп көрсеткен. Өз басым осы деректерге сенбеймін. Марк Твен айтқандай, өтіріктің үш түрі бар: «жай өтірік, арсыз өтірік және статистика» - деп. Бұл арада этнопсихологиялық факторларды ескеру жөн» деп жазады [3,9].

Ғалымның келтірген дәлелдерінің бәрі орынды. Ғалымның ойын әрі қарай оқиық: «Кирилл әліпбиімен де отаршылдық саясатты байланыстырудың қисыны бар. 1910 жылы 13-26 маусымда Қазан қаласында өткен миссионерлердің съезінде орыстар: «Алфавит служит целям государственного объединения» деп ашық айтқан. Барлық бодан халықтарды бір тілде, орыс тіліне, бір дінге, бір әліпбиге ауыстыру ХХ ғасырдың басында ойластырылған саясат. Енді бүгін сол саясаттың қасіретін шегіп отырған ұлттың бірі – біз, қазақтар. Бір кезде қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берсек, ол тілді ана тілі болғандықтан қазақтар өзінен-өзі меңгеріп кетеді деп есептедік. Дегенмен олай болмады. Бүгін латын алфавитіне көшсек, тілді меңгермегендер біліп кетеді деу өзімізді өзіміз алдау болар.

Біріншіден, қазақ тілінің болашағына сенбейтін қазақтар оқулықтары, ғылыми әдебиеттер дайындығы мол мұғалімдері бар орыс мектептеріне балаларын беріп жатса, оған ешкімнің қарсылық жасауы мүмкін емес.

Екіншіден, елімізде қаптаған орыс тілді кирилл әліпбиіндегі бұқаралық ақпарат құралдарын қазақтардың басым көпшілігі бүгін пайдаланады және пайдалана береді. Бұл айналып келгенде тіл, мәдениет жағынан бөлінген қазақтардың жігін онан әрі тереңдетеді.

Үшіншіден, әліпби алмасуы қаншалықты Қазақстан қоғамының басын біріктіреді деген сауал туады. «Халық талабы» «қалауы» деген уәждер толықтай қазақстандықтардың көңіл-күй талабын білдірмесе керек. Сондықтан әліпби ауыстыру ұлтшілік ғана емес, ұлтаралық жікті одан әрі тереңдетеді, әлеуметтік-саяси қайшылықтар туғызады.

Төртіншіден, ең үлкен мәселе кирилл әліпбиі тұсындағы маңызды мәдени мұрамыздың тағдыры не болмақ? Ол мұраның қазақ халқының тарихында теңдесі жоқ, орны бөлек. Кирилл әліпбиі негізінде көне мәдени мұра, ауыз әдебиеті, ғылыми еңбектер, көркем әдебиет, оқулықтар жазылды. Араб графикасынан латын графикасына, латын графикасынан кирилл

әліпбиіне көшкен тұста қоғамның басым көпшілігі сауатсыз еді, сондықтан ол рефермолар қоғамның біршама бөлігіне және мәдени мұрамыздың да салыстырмалы қарағанда шағын бөлігіне қатысты болды. Бүгін енді халықар түгелдей сол мәдени мұрадан айырылып қалу қаупі бар. Оны түсіну үшін Ұлттық кітапханадағы қазақ тіліндегі каталогтарға көз жіберейік.

Бесіншіден, жаһандану, американдану, орыстану үрдістері үлкен қарқынмен жүріп, мәдени экспансия бүгін онсызда қазақ мәдениетіне қауіп төнгізіп тұрғанда, ұлттық тұғырымыз, тіліміз бен мәдениетімізден әліпби ауысқан тұста басқа тілге, мәдениетке өту қатері бар. Отаршылдықтың бір түрінен қашып, екінші отаршылдықтың құшағына енбейміз бе?

Бүгін латын әліпбиіне көшу интернетпен байланыстырады. Латын емес, басқа графикада интернет дамып жатырған жоқ па?

Сонымен, латын әліпбиіне көшуді біз көбіне көп фонетикалық мәселелермен байланыстырып, мәдени, әлеуметтік-саяси мәселелерге мән бермей жатырмыз [3,10].

Дәлелдердің бәрі дұрыс деп отыра бергеніміз дұрыс па? Ақша жоқ, қазақ екіге бөлінеді, қазақ баспасөзі құлдырайды десек, осы «таз қалпымызда» қалмаймыз ба? Өсіп келе жатқан жас ұрпақ осы зиялы қауымның жасына жеткенде қабылдаймыз ба? Кеш қалмаймыз ба?

Біз қазақтың екіге жарылуын ХХ ғасырдың басында көргенбіз. Алаш партиясы билікке келгенде тек екі дау болған. Елді кім басқарады және әліпби қандай болады? 1822 жылы Сперанский реформасынан бастап қазақта хандық билік жойылды. Патша отаршылдары, ең бірінші, ханды жоюды мақсат етті, ал, екінші, кирил жазуы арқылы қазақты шоқындырып, жұтып жібергісі келді. Татар, башқұрт, ноғай, қарашай, хақас, саха, тува т.т. ұлттардың басындағы қазіргі жағдай сол саясаттың жемісі. Ал алаш зиялыларының басты мақсаты қалай болғанда да кириллицаға жақындамау болатын. Елді кім басқарады деген мәселе туындағанда баламалы сайлауға басқа оқығандарды қатыстырмай, тек Әлихан Бөкейханов бастаған үш төре тұқымын сайлауға салғанын тарихтан білеміз. 1822 жойылған хандық билікті алаш көрегендері 100 жылдан 1917 жылы қайтадан қазаққа алып келді. Екінші, мәселе: латын не араб графикасы. Алаш зиялыларының өздері әліпби мәселесінде екіге жарылып, бірі латын, бірі араб жазуын қолдағаны тарихтан белгілі. Сол кезде Ахаң латын әліпбиі туралы былай дейді: «Қазіргі қазақ әліппесінен артық әліппеміз тұрғанда, босқа латыншыл болудың қажеті не? Латынның керегі жоқ... Латынды ауызға алу еріккендік... Латынды орыс алмағанда біз неге аламыз? Әріпке қызығып, бүкіл мәдениетімізден айырылып қаламыз ба? (ЕҚ., 1924, 2 шілде)» [4,185].

1926 жылы наурыздың басында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологиялық съезде А.Байтұрсынов, Е.Омаров, Б.Сүлеев, Ә.Байсейітов, әзербайжан, татар ғалымдары Алпарұлы мен Ә.Шараф араб әліпбиін қолдады. Қорытындысында араб жазуын қолдағандар 7 дауыс, латын 101 дауыс болғаны белгілі.

Ал елімізде 1927 жылы әуелі Ташкентте, сосын Қызылордада өткен конференцияларда араб графикасын жақтағандар: А.Байтұрсынов, І.Ахметов, Е.Омаров, Ә.Байтасов, ал Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, Ә.Ермеков тағы басқа оқығандар латын әліпбиін қолдады. Араб жазуын қолдағандар мынадай дәлелдер келтірді:

- «1) Араб әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алады;
- 2) араб әліпбиі оқуға, жазуға, сауат ашуға қолайлы;
- 3) өнер құралдарына орнатуға қолайлы;
- 4) көзге көркем көрінеді;
- 5) араб әрпімен жазғанда қол сағат тілінің бағытымен бірдей оңнан солға қарай жүреді;
- 6) жазу машинасына, баспа машиналарына орнатуға араб әліпбиінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық» [4,189].

Ал, олардың қарсыластары «араб әрпі сауат ашуға, оқуға, жазуға қиын, себебі:

- 1) бір әріптің 4 түрі бар;
- 2) араб әрпінің көбі бір түсті; бас әріп жоқ;
- 3) жазу оңнан солға қарай, ал цифрлар солдан оңға қарай жазылады. Бұл жазуда да, баспа жұмысында да қиыншылық тудырады;
- 4) ғылыми кітаптарда (алгебра, геометрия, физика т.б.) пән белгілері латын әрпімен жазылды, араб әрпі бұған жарамайды;

5) араб әрпі нотаны жазуға жарамайды;

6) араб әрпі баспахана жұмысында көп қиыншылық туғызады: теру, басу, жөнінде қымбатқа түседі» [4,189]. Міне, осы аяқастан соң туатын қорытынды алаш зияларының басты мақсаты орыс жазуына жоламау болатын. Екі жақтың да ұстанған ұстанымдары қалай болса да кириллицаға көшпеу болатын. Екі әліпбиді ұстанған екі тараптың басты ұстанымы фонетикалық принципті орфографияға негіздеу болатын.

Мәселен, Ж.Аймауытов «Емлені өзгертуге жоба» деген мақаласында: «...Емлені өзгерту керек дегендегі көзде тұтатын бас нысанам – сөзді грамматика заңына тірей бермей, қалай естілсе, солай жазу, емле ережелерін азайту, яғни жоғалту», – деп жазған болатын [4,186]. Ал А.Байтұрсынов та араб жазуына негізделген әліпбиді ұсынғанда фонетикалық ұстанымды мақұл көрді. Ол: «Хасыл кәләм ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху не сарф жолыменен ыспат етілсін», – дейді [5,382 б.]. Ол өзінің 24 әріптен тұратын әліпбиін осы ұстаным бойынша түзеген болатын. Латын әліпбиін қолдамаса да осы ұстанымды негіз етіп Х. Досмұхамедұлы латын әліпбиінің жобасын жасағаны белгілі. 1926 жылы Баку сиезінде көпшілік дауыспен (101 дауыс, арабқа 7 дауыс) латын әліпбиі қабылданғанымен қазақ тілін бұл әліпбиге көшіру оңай болмады. Бұндағы қайшылық фонетикалық немесе морфологиялық ұстанымның қайсысы қолайлы болады деген күрделі сұрақтан туды. Латын әліпбиі жобасын Н.Төрешұлов 28 әріп бойынша әзірледі. 1929 жылы Қызылордада Т.Шонанұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, Е.Д.Поливанов т.б. қызу талқылаған конференцияда бұл әліпби жетілдірілді.

Бұл тәжірибе нені көрсетеді? Бір сөзбен айтқанда кирилды қолдайтындар орыс отаршылдарының саясатын сол күйінде қолдап отырғандарын өздері сезіп отырған жоқ. Олар – сол саясаттың жемісі. Шығын деп қорқамыз, ау, ағайындар, аштықта 3 миллион қазақ қырылып қалды емес пе? Қазақ екіге жарылады деп қорқамыз. Қазақ осы саясаттың кесірінен баяғыда екі емес, үшке жарылған. Біріншісі – таза қазақ, екіншісі – шала қазақ, үшіншісі – қазақтықтан ада қазақ (бұлар баяғы XIX ғасырдан бастап шоқынған қазақтардың ұрпағы мен елден Ресейге кеткен, жырақтағылар).

Енді мұндай мәселеде қазақ даналығына сүйенуге тиіспіз. Сөз мәйегі – мақалдар не айтады екен? Қазақта бұл туралы мынадай сөздер бар: «Ілгері кеткен жасты кейін кеткен кәрі тоқтатады». «Ит үреді, керуен көшеді». «Шегірткеден қорыққан егін екпес». «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» т.т. Жазу бойынша сөйлене бастаған, бұзылған тіліміз одан әрі бұзыла бермей ме? XX ғасырдың басында жүрөк сөзі бүгінде жүрекке айналды. *Құлұн, тұлұм, жұлұн* сөздері *құлын, тұлым, жұлын* болып жазылғасын, келешекте ерін үндестігін бұзып, *құлын, жұлын* деп қазақ сөйлей бастаса кімді кінәлаймыз? Әлі күнге дейін, өмір бойы дауыссыз болып келген *и, у* дыбыстары мектепте біресе дауысты, біресе дауысты болып оқытылуда. Қай ғылымнан біресе деген сөзді көрдіңіз? Екіге екі қосқанда біресе үш, біресе төрт болады десек, математика қалай ғылым болады?

Қазан революциясынан кейін де қазақ екіге бөлінген. Бірі елде қалған, аш-жалаңаш, қорлықта, екіншісі шетелге қашқан, яғни қорлықтан қорлыққа. Екеуінің де тілі бұзылды. Бұл – дерек. Сол қазақтың тілі өлуге тақалғаны да рас. Енді қалай тірілтуге болады. Бұл өте қиын сұрақ? М.Шаханов бастаған зиялылар өмірден өтер, ал ұрпақтың тілі бұзыла бере ме? Қазақтың жазуы кирилл болғандықтан орысша терминдерді акцентсіз-ақ айта бере ме? Қазақ өсіп келе жатыр, тіпті, кей жастары орысша білмейді. Олардың қандай кінәсі бар? Келешек ұрпақ ше? Жоқ! Саяси жағдай бір орында тұрмайды. Дүниеде бір Алладан басқасының бәрі өзгереді. Қазақ айтқандай, «елу жылда – ел жаңа, қырық жылда – қазан жаңа». Латынға көшу керек және Ә. Жүнісбек айтқандай сауат ашып көшу керек. Бұл үдеріс – саяси реформа. Шығын, қазақтың екіге жарылуы – бәрі садаға. 1950 жылдары елімізде 26 пайыз қазақ қалғанда қазақ тілі тірі қалған. Осы қазақ зиялыларының жанқиярлық еңбегінің арқасында. Енді қазір қорықпау керек. Ұялы телефонды қалай басу керек екенін үлкендер жете білмесе де, балалар жақсы біледі. Қазақ айтқан «көш жүре бара түзеледі». 26 не 28 дыбысты таңбалайтын латын әліпбиі ғана қазақ тілін жаһандану деген аждаһадан сақтап қала алады. Ал кирилл сақтай алмайтынын бүгінге дейін

орыс дыбыстарына негізделген 42 әріптен тұратын кирил әліпбиін пайдаланып келген тәжірибеміз өз-өзінен айтып тұр емес пе?

Жақында Е.Тілешов бастаған жұмысшы топтың парламентте ұсынған жобасында 33 әріп бар болып, халықтың тарапынан сынға ұшырағаны белгілі. Парламентте ұсынылған жобадағы **в, ц, ч, х, һ** әріптеріне қарсымын. Диграфтардың орнына екінші таңбаға ағылшын тіліндегі апостроф енгізілген жобаны ұсындым.

Латынша қазақ әліпбиі нұсқасы

№	Кирилше	Латынша	Ата-луы	№	Кирилше	Латынша	Ата-луы
1	А а	A a	а	15	Н н	N n	
2	Ә ә	Ә ә	ә	16	ң	ŋ	ны ың
3	Б б	B b	бы	17	О о	O o	о
4	Г г	G g	гі	18	Ө ө	Ө ө	ө
5	Ғ ғ	ƒ ƒ	ғы	19	П п	P p	пы
6	Д д	D d	ды	20	Р р	R r	ыр
7	Е е	E e	е	21	С с	S s	сы
8	Ж ж	J j	жы	22	Т т	T t	ты
9	З з	Z z	зы	23	У у	U u	ұу/үуұ
10	Й й	I i	ый/ій	24	Ұ ұ	Ұұ	Ү
11	Қ қ	Q q	қы	25	Ү ү	Үү	шы
12	К к	K k	кі	26	Ш ш	Cc	ы
13	Л л	L l	ыл	27	Ы ы	У у	i
14	М м	M m	мы	28	І і	Ь ь (I i)	

Одан кейін қазан айының 2017 жылдың 9 күні тағы бір апострофтары бар 33 әріптен жоба ұсынылды. Бұндағы қауіп бара-бара апострофы бар әріптер жойылып кетпей де деген қорқыныш туып отыр. Оның үстіне, әріптер саны азаймай отыр. Алайда компьютер пернатақтасына лайықталған жоба бүгінде басым болып тұрғаны жасырын емес. Бұл жобадағы кемшіліктер баяғы кирилл әріптерінің жүруі болып тұр. Бұл мәселеде негізі компьютерді тілге лайықтау мәселесі керісінше болып тұрғаны бәрімізді қынжылтып отыр.

Қорыта келгенде, әлі де ақылдасып тіліміздің әуезділігін жоймайтын әліпби қабылдау қажет деп санаймын.

Әдебиеттер:

1. Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.
2. Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз. «Жалын» журналы, №3, 2013.
3. Айталы А. Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде, латын әліпбиіне сұраныс бола ма? «Жалын» журналы, №3, 2013.
4. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда. – 2000.
5. Байтұрсынова А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Асанбаева Е. Б.

Гуманитарлық ғылымдар магистрі,

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушысы*

Павлодар, Қазақстан

Соңғы уақытта елімізде қызу талқыланып жатқан мәселелердің бірі – мемлекеттік тіліміздің латын графикасына көшуі. Аталмыш сұрақ мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде талай көтерілсе де, соңғы бірнеше жылда баса назарға аударылып отыр. Оған себеп болған жайттардың бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жариялануы. Бұл мақалада Елбасымыз: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық... Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» [1] деп аталмыш шараның маңыздылығын айқындайды. Шынымен де, латын графикасы біздің еліміз үшін таңсық дүние емес. Ал оның артықшылықтарын қарастырмас бұрын тарих тұңғышына үңіліп, оның қалыптасу жолы мен бүгінгі таңда жаһандық деңгейде жүріп жатқан «латындану» үрдісінің алғышарттарын қарастырған жөн.

«Латын жазуы – грек жазуынан өрлеп тараған әріптік жазба. Алғашында тек латын тіліне (үнді-еуропа тілдер отбасы) етті. Бүгінде латын жазуы – католиктік шіркеудің ресми әліпбиі. Оны көптеген әлем халықтары (барлық Америка, Австралия, шамамен түгел Еуропа, Африканың жартысы латын әріптерімен жазады) қолданады. Латын әліпбиі біртіндеп басқа жазу жүйелерін ығыстыруда және толыққанды халықаралық әрі бірегей жазу болып табылады» [2].

Латын әліпбиіне арналған осындай көлемді еңбектердің бірінде оның әлем бойынша кең қолданысы сөз болады: «Бүгінгі таңда латын әліпбиі ең кең қолданылатын жазу болып табылады (жер шарының 40% тұрғындары). Ол Америка, Австралия, Африка, Батыс Еуропадан басқа Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Индонезия, Малайзия, Филиппин және Вьетнам сияқты мемлекеттерде де қолданылады. Латын жазуын қолданатын мемлекеттердің аумағы барлық құрлықтың шамамен 60% құрайды» [2].

Кейбір мемлекеттерде латын әліпбиі «графикалық азшылық» ролінде қызмет атқарады. Ондай елдердің қатарына ҚХР, Мьянма, Үндістан, Оңтүстік Судан сияқтылар жатады. Мұнда латын әліпбиі жекелеген ұлттар не әкімшілік бөлімдер (штат/облыс/өңір) арасында қолданылады және елдегі қалыптасқан жазу түріне қарамастан, өздерінің «өмірін» жалғастырып, қарыштап дамып келеді.

Бүгінгідей жаһандану заманында латын жазуына тап болмау мүмкін емес. Сән дүкендерінің жарнамалары, түрлі техникалық не тұрмыстық тауарлардың қаптамасы, тіпті заманауи адамдардың негізгі қатынас құралдарының біріне айналған әлеуметтік желілердің өзінде біз амалсыздан латын қаріптерін ұшырастырамыз әрі өзіміз солардың көмегіне жүгінеміз. Мұның өзі Қазақстан Республикасының таяу арада жаңа графикаға көшуіне күшті бастама болды. Еліміздің белгілі саясаткерлері, филолог және тілші мамандары, қоғам қайраткерлерінің көпшілігі мұндай өзгерістердің заман талабы болып табылатындығын алға тартады.

Үстіміздегі жылдың 11 қыркүйегінде «Мемлекеттік тіл әліпбиінің латын графикасындағы бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» тақырыбында өткен тыңдауда Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нигматулин еліміздің дамуы үшін бұл қадамның маңыздылығын айғақтады: «Өткен тарихы, мәдениеті мен жер аумағынан басқа тіл де кез келген ұлтты, мемлекетті біріктіретін негізгі бірлік болып табылады. Әліпби реформасы тарихи алғышарттармен негізделген және Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, әлемдік ғылыми-білім беру, технологиялық және коммуникациялық кеңістікке жылдам бірігуге бағытталған».

Шынында да, ғаламдық деңгейде негізгі ақпарат, білім ресурстары, мәдени және рухани дереккөздердің басым бөлігі латын әліпбиімен жазылған. Біздің мемлекеттік тіліміз де «әлемдік» графиканы қолдана отыра оны әлемге «паш етіп» қана қоймай, өзінің тілдік мәртебесін де арттырады. Бірақ мұндай күрделі де жауапты қадамға бармас бұрын енгізілетін «жаңалықтың» сапалы әрі жұртшылыққа ыңғайлы болуына ерекше назар аудару керек.

Латын әліпбиін жер шарындағы мемлекеттердің жартысынан көбі қолданатындығын жоғарыда айттық. Десе де кейбір елдерде латын әліпбиінің түрленген нұсқалары да пайдаланылатындығын байқаймыз. Дәлірек айтсақ, бір тілде не ұқсас графикалық жүйе отбасындағы тілдерге жататын бірнеше тіл жүйелерінде ғана кездесетін әріптер болады. Мұндай эндемикаларды ұлттық ерекшеліктің белгілері ретінде қарастыруға болады. Нақты мысалдармен қарайтын болсақ: «саам тіліндегі Ѧ (η) [нг], ꞥ [θ] (брахуя латын әліпбиінің соңғы әрпі церебраль дыбысты білдіреді), эстон тіліндегі õ [ы], голландиялық ū [ий], шотландиялық з [з] (жалқы есімдерде қолданылады: Manzies) "йох", неміс тіліндегі "эс-цет" ß, албан тіліндегі ë [ы], француз, түрік, албан және португалия тілдеріндегі ç "седиль", румындағы ț [ц], î [ын], â [э], швед, дат және норвегия тілдеріндегі å, эсперантодағы ĉ, ŝ, чех тіліндегі ů, ě, ň, ď, түрік тіліндегі ş [ш], ı [ы] (i [и] әрпінен өзгеше), әзірбайжандағы ә т.б. эндемикаларға мысал болып табылады» [3].

Мұндай графикалық өзгешеліктер оны меңгеруге ғана емес, компьютерлік заманда оны дұрыс енгізіп (пернетақталар қарапайым латын әліпбиімен шектелетіні белгілі), шетелдіктерге оқып, түсіне білуіне кедергі тудыратыны хақ. Сол себепті латын графикасына көшуде онда басы артық әріптердің болмауына, сондай-ақ адамдар үшін қиындық тудыруы мүмкін осы іспеттес эндемикалардың болмауына ерекше назар аудару керек. Бұл мәселе еліміздің тіл жанашырлары тарапынан да ескертіліп жүр.

Тарихқа тағы үңілетін болсақ, 1930 жылдарға таман КСРО-ның барлық славяндық емес тілдері (мордоф, мари және удмурт тілдеріне басқа) латын графикасына ауысқан болатын. Сол кездегі үкімет басшыларының ойы бойынша жақын арада орыстар ғана емес, армяндар, грузиндер, тіпті, еврейлердің өздері латын жазуының артықшылықтарын (әлемдегі ең кең таралған жазу түрі ретінде) ұғынуы керек еді. Бірақ белгілі бір себептермен 1935-1953 жылдары «латын жобасы» тоқтатылды. Десе де осы қысқа уақыт аралығында (1929-1940 жж.) қазақ тілінің латындық жазу «тәжірибесі» ел үшін бөгде болып табылатын қаріптердің өзін ұлт зиялылары да, қарапайым халық та әбден қолдана алатындығын көрсетті.

Демек, жаңа графика біз үшін жаңа болып табылады деудің өзі белгілі деңгейде әбестік болып табылады. Ал латын әріптерінің қоғамның күнделікті өмірінде жиі кездесіп, емін-еркін танылатындығы оған көшуге деген дайындықты көрсетеді.

Бұл туралы жазушы, Алматы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекнұр Кисиков жақсы пікір білдірген: «Тілді тауар деп тануға болады. Латын графикасында оны қаптау анағұрлым жеңіл,

демек, сату да оңай болады. Бүгінде Қытай, Жапония және араб елдері де 26 әріптің негізінде латын әліпбиінің өзіндік нұсқаларын әзірлеуде. Біз де бәсекеге қабілетті болғымыз келсе, бұл мәселе туралы ойлануымыз керек. Қысқа уақытта әлемдік кеңістікке интеграцияланып, өз тілімізді тарату мүмкіндігі бар» [4].

Қорыта айтқанда, білім мен ғылымның дамыған заманында ғаламдық озық тәжірибе мен үрдістерден қалыс қалмай, ұлттық тіліміздің әлемдік сахнадағы беделін арттырып, көпшілік үшін қолжетімді етуде қазақ тілінің латын графикасына көшуінің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Латинское письмо // Лингвистический энциклопедический словарь; Люблинская А.Д., Латинская палеография, Москва, 1969;
3. Федорова Е.В., Введение в латинскую эпиграфику, Москва, 1982;
4. <http://vecher.kz/how2live/latinitsa-vozvrashchenie-k-istokam>

ЛАТЫН ЖАЗУЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛШІ-ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

*Садирова К.Қ
филология ғылымдарының докторы, доцент,
АӨМУ профессоры*

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін жасау мәселесі күн тәртібіне қойылғаннан бері қоғамда біршама талқылаулар мен пікірталастар болды. Бұқаралық ақпарат құралдарында және түрлі ғылыми бас қосулар мен ресми жиындарда жүргізілген талқылау нәтижелері мен ой мазмұнына шолу жасай отырып, біз олардың негізгі денінің осыған дейінгі қазақ жазуының тарихында 1929-1940 жылдарда латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиіне көшу кезіндегі талқылаулармен сабақтастығын анықтадық. Бүгінгі күні де, сол кезеңде де ортақ бір мақсат көзделген: ол – қазақ тілінің табиғи дыбысталуына сай әліпби жасау. Уәждері де бірыңғай: қалай болғанда да қазақ халқының заманның көшінен кейін қалмай, ілгері жылжуы, білім мен ғылымға тез қол жеткізуі, түркі тілдес елдерден іргесі бөлінбеуі, қазіргі кезеңдегі компьютердің және ағылшын тілінің үстемдігін өз халқының қадесіне тұтыну т.с.с. Нақты пікірлерді келтірсек:

Елдес Омарұлы: «Әріп мәдениетке керек деген пікір дұрыс. Бірақ латын әрпін алғанда басқа елдің тілін білеміз деу – адасқандық. Әріп керек болса мәдениетке тіл де керек.... Жаңа мәдениетке ағылшын тілімен жетеміз, қазақ тілімен жетпейміз деу қате (XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер). (Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.183-б.)

Латыншалардың қазақ әліпбиін жоғалтып оның орнына латын әліпбиін алу керек дегенде, айтатын күшті дәлелдерінің бірі – елдің мәдениеті өсіп алға басу үшін әліпби латынша болуы керек, өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі сонда... Дұрысында мәдениеттің ең мықты тетігі – әліпбиден де артық тетігі – тіл; бірақ ол тілдің орысша иә латынша, иә арапша болуы шарт емес, әр елдің өз тілі жарайды. Әліпбидің, жазудың керегі тіл үшін, жазумен әркім өзінің ауыз екі айтатын сөзін қағаз бетіне таңбалайды, жазу – сөздің өзі емес, тек қана таңбасы. ... Ағылшындар өздерінің бұзық жазуымен де алға кеткен, олардың ілгері басуына жазуының бұзықтығы бөгеу болған жоқ (XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.183-б..

Телжан Шонанұлы: «Әліппені жаңғыртуды екі жағынан қарау керек: 1) негіз жағынан, 2) іске асыру жағынан.... Жаңаны алғанда іске асыру жағы өте сақтықпен болмақ. Бұл жерде

зорлық, бұйрық ұсталмасқа керек. ... Латын әліппесі араб әліппесінің аяғында бір-екі бетте көрсетілмек. Араб әліппесінен шыққандар латын әліппесіне де әуестеніп біледі, екі әліппемен жазып, оқи алады. Соңынан тілесе қай әліппемен жазсын, ықтиары. Тек адам қолына екі балта беріледі. Қайсысымен шапса да, қайсысын ұстаса да ерік. Әрине, адам өзіне ыңғайлы балтаны алады (XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.227-б.). »

Сарыбайұлы Шамғали: «Кітап тілі мен ел тілін жанастыру үшін тілді панатіктердің тілегінше әзірлеу үшін қазақ сөзінің басында да, ортасында да, аяғында да келмейтін дыбыстардың барлығын мойындайық.

Қазақ дыбысына қалың елдің өзі дыбыс қоспаса, өз көңіліміздің күйіне қарап, басқа жұрттың макиражына қазақ аузын құрбан қылмайық. Біздің жазған сөзімізге қыр қазағының тілі келмей, әркімнің аузына қарамасын.

Еліміздің сүйенері сөздің сыртқы пакіттері болсын.

Қазақ тілінің пәндік закондері қиялшылдардың қиялынан шықпай, қазақ тілінің өзінен шыққан болса. Оған көңіл бөлінсін (XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. 88-б.). »

А.Байтұрсынұлы: «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ.

Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар ((XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. 88-б.). »

Х.Досмұхамедұлы: «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» (XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. 624-б.)»

Көріп отырғанымыздай, алаш азаматтарының XX ғасырда келтірілген уәждері мен ой-тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. Кірме сөздерді қазақыландыруға мүмкіндік беретін, тілбұзар сөздер мен тіркестерге тосқауыл қоюдың жолы да әліпбиге енгізілетін әріптердің қазақ тілі дыбыстарын табиғатына сай таңбалауымен, қолданысқа икемділігімен байланысты.

Біраз жылға созылған талқылаудан кейін латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің 32 әріптен тұратын, оның 9-ы дәйекшемен берілген нұсқасы бекітілді. Енді күн тәртібіне осы әліпбиді таныстыру, үйрету, насихаттау, түсіндіру жұмыстары қойылды.

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 26 қазанда № 569 Жарлығымен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін үйрету мәселелерін жүзеге асыру – тарихи міндет. Осы тарихи міндетті мінсіз атқару – тілші мамандардың кәсіби және азаматтық борышы.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін оқыту мәселелері туралы сөз қозғамас бұрын осы істі орындауға мүмкіндік беретін, үйретудегі білім мазмұнын бірыңғайлайтын стандарт жасалып, бекітілуі қажет. Осы құжаттың дайындалуына ЖОО мамандары тікелей ат салысуы керек. Ол стандартта бекітілген жаңа қазақ тілі әліпбиінің баспа әріптермен жазылуынан бөлек, қолмен жазу үлгілері (мысалы, G g [г], Q q [қ] – кіші әріптері, Y y [у], I i [і], – бас әрпі қолмен жазуда қалай салынуы керек т.с.с.) беріледі. Сонымен бірге бір әріппен таңбаланатын екі кірме дыбыс таңбалары сөздің қай тұсында қайсысын беріп тұрғанын қалай білетініміз не керісінше қай дыбысты сөздің қай позициясында келуіне қарай қалай анықтайтынымызды стандарт белгілеп береді. Мысалы: H h – [x], [h]: Qahar (Қаһар) hat-habar (хат-хабар) alysur tuqady. Немесе I' i' – [и], [й]: [и] – кірме сөздерде ғана таза жалаң қалпында кездесетін дыбыс, қазақ тілінде [й] тек дауыссыз дыбыс екеуі бір таңбамен берілгенде, кірме сөздерді жазуда арнайы ережелер берілуі керек. Нақты мысал келтірейік. Инвестиция деген таза [и] дыбысынан басталатын сөзді жазсақ былай көрініс табады: I'nvesti'tsi'i'a, бұл сөздегі i' –

[й] дыбысының таңбасы, I' мен i' – [и] дауысты дыбысының таңбасы. Енді инелік деген сөздегі дыбыстарды таңбалап көрейік. Оны таңбалауда қазақ тіліндегі бұл сөздің айтылуын негізге алуымыз керек, біздің төл сөзімізде и таза күйінде келмейді, оның алдынан і естіледі, бірақ кирил әріптерімен жазылған әліпбиде сондықтан и – [ій], [ый] деген дыбыстардың орнына жазылады деген ереже болды, тиын мен тиін, ми сөздерінің жазылуында орын алды. Әрі осы қайшылықтан, тіл бұзарлықтан арылу үшін жаңа әліпби қабылдау ісі басталды. Енді инелік сөзін жазып көрсек: Ii'nelik – [ійнелік] – бұл сөйлем басында келсе, ал сөз сөйлем ортасында келсе, жазылуы: ii'nelik. Стандарт осы жайттарды нақты белгілеп беруі керек. Соған сәйкес түзілетін орфографиялық ережелерді түзу мен орфоэпиялық нормалар, тыныс белгілердің қойылу ережелері де жасақталуы тиіс. Ең алдымен жазуда қандай ұстаным басшылыққа алынатыны шешілуі тиіс. Қазіргі қолданылып жүрген жазуымыз морфологиялық ұстанымға негізделген, яғни сөздің түбірін сақтап жазу: мысалы, жұмысшы деп жазамыз, бірақ айтылуы, яғни орфоэпиялық нормасы [жұмұшшы], яғни ерін үндестігі (сөздің алғашқы буынында еріндік дауысты, екінші буынында езулік дауысты келсе, екінші буындағы езулік айтылуда еріндікке айналады, бірақ ол тек екінші буыннан аспайды) және қатаң с мен ш қатар келгенде, ш өзінің алдындағы с-ны айтуда ш-ға айналдырады деген ережеге сай кейінді ықпал немесе регрессивті ассимиляция заңдылығы сақталады. Ал латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінде қандай ұстаным басшылыққа алынбақ, ол стандартта анықталуы керек. Сонда егер жазуда морфологиялық ұстаныммен жазсақ, жұмысшы – jumyss'u болып, ал фонетикалық ұстаным, яғни, сөзді дыбысталуына сай жазсақ: jumus's'u.

Жоғарыда айтылған жайттарды негізге ала отырып мынадай ұсыныстар ұсынамыз:

1) латын графикасы негізіндегі қазақ тілі әліпбиін оқытуда негізге алынатын стандарт жазылуы керек;

2) стандарттың жазылуында тілші-мамандар тарапынан нақты ұсыныстар берілуі шарт, ал ұсыныс дұрыс жасалуы үшін әртүрлі стильдегі мәтіндерді латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиімен түрлі әлеуметтік топтағы және жас ерекшеліктері мен кәсібі түрліше топтарға әртүрлі (компьютерде және қолмен) жаздырып көру керек, соған сай респонденттерден сауалнама алып, оған талдау жасалуы керек. Бұл әріптерді қаламмен жазуда қандай сипаттарға ие болуы мүмкін екенін анықтауға, көпшілігінің жазудың қандай ұстанымын қолайлы көретінін (ондай ережеге арнайы сүйенбей-ақ) саралауға болады. Жаңа әліпбидің қолданыста туындауы мүмкін қиындықтарын көріп, оның алдын-алу үшін ережелер түзуге мүмкіндік береді. Әрі бұл жаңа әліпбиге көз үйретіп, қол жаттықтыруға да мүмкіндік береді.

3) латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін оқытудың тиімділігін арттырудың ең төте жолы – оқу материалдарын цифрлық технологияға негіздеп дайындау. Бұл материалдар жаңа әліпбидегі әріптердің аталуы мен дыбысталуын, жазылуын мультимедиялық интерактивті сипатта беруге мүмкіндік береді, ал ол дәлелденгеніндей материалды тез игеруге жағдай жасайды.

4) онлайн режиміндегі бейнедәрістер дайындауды қолға алу керек;

5) латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін арнайы үйрететін (балабақшаға да, мектепке де, ересектерге де арналған) Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласында көрсетілген бағыттарды жүзеге асыру мақсатындағы мәтіндерге құрылған білімдік сайт ашып, іске қосу;

6) смартфондарға, телефондарға арналған латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін, орфографиялық ережелер мен орфоэпиялық нормаларды үйрететін мобильді қосымшалар дайындап іске қосу керек;

7) Жоғары оқу орындары мен біліктілік жетілдіру орталықтарында, тіл үйрету орталықтарында арнайы латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін үйрететін курстарды (балаларға, ересектерге) жүргізетін оқытушыларды, мамандарды дайындау, ол курстарды оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

8) латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін үйрететін курстарды көпшілікке қолжетімді етіп ұйымдастыру.

9) жоғары оқу орнының бүгінгі білім алушылары – қазақ елінің ертеңінің қамын жейтін, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыратын зиялылар. Бүгінгі ортаға салынып, ойталқыға ұсынылып отырған «латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін оқыту, үйрету мәселелерін» еліміздің әр түпкірінде шынайы жүзеге асыратын бүгінгі студенттер. Сондықтан барлық ЖОО дайындалатын мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларына «Латын графикасына негізделген нормативті қазақ тілі» курсы оқу тіліне тәуелсіз енгізу. Егер аталған құжатқа еңсе, оның типтік оқу бағдарламасы жасалады, әрі міндетті компонент сапасында маңыздылығы артады.

Әдебиеттер:

1. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Алдашев Н.М.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақ жазуын латын әліпбиіне 2025 жылға дейін көшіру туралы тапсырма берді. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру – уақыт талабы. Осы бағытта Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай – ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес» деп атап көрсетті [1] Ең алдымен латын әліпбиіне көшу мәселесі қазақ тілінің болашағына, оның қолданыс аясын кеңейтіп, қазақ халқының жаңа заман талабына сай өсіп, өркендеуін көрсететін негізгі темірқазықтың бірі деп те айтуға болады. Дегенмен де латын әліпбиіне көшуге байланысты алаңдаушылық туындап, латын жазуын қазақ алфавитіне қарай ыңғайлап жасауда бірнеше нұсқалар ұсынылуда. Дүниежүзілік тәжірибеге сүйенетін болсақ көптеген мемлекеттер латын әліпбиін өздерінің негізгі алфавиті ретінде қолданып келеді. Мысалы,

№	Латын әліпбиін қолданылатын тілдер	әріп	Диакритті әріп	Екі әріп тіркесі	Барлық әріп	диакритика	Екі не одан да көп әріп тіркесі	Пайдаланылған әріптер
1.	ағылшын тілі	26	0	0	26	жоқ	бар	жоқ
2.	Немістілі	26	0	0	26	жоқ	бар	жоқ
3.	Голланд тілі	26	3	0	29	Жиі қолданылады	бар	жоқ
4.	Швед тілі	26	2	1	29	жоқ	жоқ	жоқ
5.	Норвег	26	3	0	29	жоқ	Өте жиі қолдан	жоқ

							ылады	
6.	Дат тілі	26	2	1	29	қолдан ылады	жоқ	жоқ
7.	Фин тілі	20	2	-	22	қолдан ылады		V,c,x,f g z
8.	Венгер тілі	24	8	7	39	Өте жиі қолдан ылады	Өте жиі қолдан ылады	K w
9.	Француз тілі	26	0	0	26	өте жиі қолдан ылады, .	өте жиі қолдан ылады.	жоқ.
10.	Итальян тілі	21	0	2	29	0	0	K,w,x,e,j
11.	Испан тілі	26	1	0	21	0	0	0
12.	Португал тілі	26	12	0	38	Өте жиі қолдан ылады	қолдан ылады	жоқ
13.	Поляк тілі	23	9	жоқ	32	жиі қолдан ылады	қолдан ылады	Q,v,x
14.	Румын тілі	26	5	-	31	жоқ	қолдан ылады	
15.	чех	26	14	1	41	Өте жиі қолдан ылады	қолдан ылады	жоқ

[Қосымша Қ.Құдеринаның кітабынан алынды]

Көріп отырғанымыздай, латын жазуы көне Еуропа елдерінде де кеңінен қолданып, әрбір тіл өздерінің тілдік заңдылықтарына сәйкес ыңғайлап қолданып келе жатқанын көреміз. XX ғасырдың алғашқы 20-30-жылдары Қазақстанда латын алфавитінің жобасы сол кездегі бұқаралық – ақпарат құралдарында жан-жақты талқылауға түсті. Қазақ зиялылары бұл мәселеден тыс қалмай, талқылауға белсене араласты. Мысалы Н.Төреқұлов ұсынған латын әліпбиінің жобасында 28 әріп бір дәйекше болды, ал, Х.Досмұхамедұлы ұсынған жобада 14 әріп латын тілінің әліпбиінен алынды да, қалғанынына апостроф пен дәйекше қолданылды. Сондай-ақ Т.Шонанұлы, Е.Омарұлы, Қ.Басымов, Қ.Жұбанов және т.б. өз пікірлері мен жобаларын ұсынды. Профессор Қ.Жұбанов осы бағытта өз жобасын ұсынып, оныбылай түсіндірді: «... бір жазуды негіз етіп анықтау болмау керек, ешбір жазу басқа тілдің жазуымен ыңғайласа алмайды, әзірбайжандар **q, k** әріптерінің мағынасын өзгертіп жіберді, сондықтан біз саяси, мәдени, экономикалық жақындығы бар тілдер бір унификация жасау керек, жаппай бірлестіру болмайтын іс», - деп жазды [3]. Латын алфавитіне көшудегі басты мақсат сол жылдарда да, бүкіл әлем жаһандануға бет бұрған осы заманда да Қазақстанның қарыштап дамуындағы негізгі қадам. Латын жазуына көшу арқылы тілімізге, қазақ сөздерінің дыбысталу, жазылу ерекшеліктерін қайшы келетін дыбыстар мен әріптерді бір ізге түсіруге мүмкіндік туады. Қазақ тілінің заңдылығын бойына қатаң сақтаған, ұлттық сипаты басым “қ”, «h», «ң» және т.б. төл дыбыстарымыздың таңбалануы бір ізділенеді. Сонымен бірге қазіргі ғылыми техниканың тасқыны заманында латын жазуына көшудің өте-мөте қолайлы, әрі тиімді, әрі дүниежүзілік прогрестің дамуынан тыс қалмай қазіргі заманғы өркениетті елдердің

жетістіктерін меңгеруге жол ашады. Ең ескеретін бір жағдаят, қандай таңбаны таңдауда емес, тіліміздің дыбыстық жүйелерін анықтау, айқындау, сол арқылы қазақ әліпбиін бір жүйеге келтіру. Елбасы Н.Назарбаев атап көрсеткендей латын әліпбиіне көшу барысында революциялық жол емес, эволюциялық жолды таңдауымыз қажет. Әлемдік тілдердің латын әліпбиін қолдануын ескеріп қарайтын болсақ, қазақ тілі де өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазіргі қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес, жаңа заман талабына жауап бере алатын латын әліпбиі жасалуы керек. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақ жазуын латын әліпбиіне 2025 жылға дейін көшіру туралы тапсырма берді. Осы тұста тілші ғалымдар қазақ қоғамында латын әліпбиінің әр түрлі жобасын ұсынып, оның біреуі Парламент тыңдауынан өтіп, Елбасының қарауына ұсынылып та үлгерді. Сондықтан қазақ тілі де заманауи талапқа жауап бере алатын есебінде және жаңа технологиялар мен ғылымның тіліне айналып, әрдайым дамып, жетіліп отыруы қажет.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан газеті, 2017 жыл.
2. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010 ж.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1966, 238-280 б.
4. Дербесәлі Ә. Латын әліпбиінің берері көп. Егемен Қазақстан газеті, 3 қазан 2017
5. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. А, 1971 –170 б. 43-бет
6. Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. автореф. Алматы, 2006.–30 б.
7. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. канд. дисс. Алматы, 2010
8. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми - зерттеу материалдары. Алматы, 2007. –194 бет

ИСТОРИЯ АЛФАВИТА

Л.В.Беляева

*кандидат филологических наук, доцент кафедры
русской филологии и межкультурной коммуникации
Актюбинского регионального
государственного университета им. К.Жубанова*

Основное значение у слова алфавит – совокупность букв, принятое в той или иной письменности. Можно сказать, например, «русский алфавит», «греческий алфавит».

Слово алфавит – это прямое заимствование в древнерусский язык из греческого. А в греческом языке альфабетос – сложное слово, составленное из названий двух первых букв альфа и бета. Архаическое ударение алфа'вит точно соответствовало греческому произношению. А принятое в современном русском языке ударение на последнем слоге алфави'т появилось, вероятно, под влиянием французского произношения этого же слова, давно ставшего словом интернациональным, как многие греческие слова.

Всякий знает: для того чтобы читать и писать, нужно прежде всего уметь это делать, надо владеть грамотой. Как и мы, в незапамятные времена древние люди овладевали премудростью грамоты, только постигнув «секреты алфавита», научившись распознавать начертания букв и складывать слоги.

Древнейшими славянскими азбуками были кириллица и глаголица.

Вопрос о происхождении этих азбук, особенно глаголицы, еще не достаточно выяснен. Мнения ученых о том, какая азбука древнее, расходятся. Не выяснено также, какая алфавитная

система послужила основанием для глаголицы. Сохранились древние рукописные памятники, написанные глаголицей. Буквы глаголицы отличаются довольно сложным начертанием. В процессе длительного употребления они изменяли свой вид. Интересно, что ранние глаголические памятники выглядят совершенно иначе, чем памятники более поздние, написанные уже изменившейся глаголицей.

Большинство букв кириллицы взято из греческого алфавита. Она была составлена более 1100 лет назад, в IX в., и названа, по имени ее создателя Константина (Кирилла). Кириллица со временем получила распространение как основная славянская азбука [1, с. 50-51].

Какую же азбуку изобрел Кирилл? Кириллическая азбука является исторической, созданной на основе другого письма. Так создавались почти все алфавиты. Например, латинский алфавит создан на основе греческого. И кириллица возникла исторически на основе греческого алфавита. Что же касается глаголицы, то не подлежит сомнению ее искусственный характер, так как начертания букв глаголицы не подходят на известные алфавиты того времени. Этот факт является самым сильным аргументом в пользу приоритета кириллицы.

В самом деле, Кирилл прекрасно знал и любил греческий язык, в его задачу входило вовлечение славян в орбиту греческой церкви. Зачем же ему было создавать письмо, отдаляющее славян от греков, затрудняющее восприятие Писания теми, кто знал греческий язык?

Лингвисты, анализирувавшие кириллицу и глаголицу в сопоставлении с греческим алфавитом, отмечают, что глаголица – это продукт искусственного творчества с использованием в качестве основы ранее созданной кириллицы.

Из 40 букв глаголицы 25 можно объяснить подражанием соответствующим буквам кириллицы, 6 – стилизацией латинских букв, 3 – символическим построением (азь, иже, слово), 4 являются самостоятельными фонетическими лигатурами (юсы и еры), 2 – самостоятельными графическими композициями.

«Если до св. Кирилла славяне употребляли греческие буквы «без устроения», то Кирилл именно устроил славянскую азбуку: он сохранил употребление греческих букв там, где это позволяла фонетика славянского языка, и создал новые буквы для обозначения особых звуков славянского языка», т.е. кириллическая азбука была создана Кириллом [2, с.19].

Вторая же азбука, глаголица, была создана, по-видимому, после смерти Мефодия (885 г.), для того чтобы переписать славянские богослужебные книги тайнописью и тем самым спасти их от уничтожения. Создателем ее мог быть ближайший ученик и преемник св. Мефодия Горазд, которого после кончины Мефодия изгнали из Моравии и о котором после изгнания ничего не известно. Высказывается предположение, что он тайно продолжал вести богослужения на славянском языке, для чего зашифровал книги, письмо которых было понятно лишь посвященным.

Гипотеза создания глаголицы в Моравии хорошо объясняет факт ее сохранения и распространения у юго-западных славян, а также факт наличия моравизмов в глаголических текстах.

Из двух славянских азбук наибольший практический интерес представляет кириллица, поскольку именно она лежит в основе современной русской письменности, а также письменности украинцев, белоруссов, болгар, сербов, македонцев и других народов.

Кириллица составлена на основе византийского унциала (торжественное, уставное письмо, которым писались богослужебные книги). При этом начертания букв кириллицы сближаются с начертаниями букв греческого унциала X в. Очевидно, что кириллица могла быть составлена в конце IX в. или X в. лицами, хорошо знакомыми с греческим письмом и, возможно, имевшими опыт пользования им.

Кириллическое письмо в отдельных случаях сохраняет греческий способ передачи звуков [2, с. 19-20].

Буквы кириллицы имели числовое значение, т.е. употреблялись вместо цифр.

За время своего существования кириллица имела несколько видов начертаний. Так, долгое время, особенно у восточных славян, сохранялось основное письмо, или устав: кириллические

буквы писались прямо, одна отдельно от другой. Уставом писали в основном богослужебные книги. С течением времени устав заменился полууставом, который в России, например, встречается в книгах XV-XVII вв. По образу полуустава был отлит шрифт первых печатных книг.

Полуустав сменился скорописью, в которой первоначальное начертание кириллических букв значительно изменилось. Начиная со времени Петра I, кириллица, из которой были исключены некоторые буквы, получила название русской гражданской азбуки. Так несколько видоизмененная кириллица легла в основу современного русского алфавита.

Русский алфавит создан на основе греческого, на основе греческого создан латинский алфавит, который стал источником алфавита английского языка, на котором сегодня устно и письменно общаются свыше 2 млрд. человек по всему миру.

С чего же все началось? Если говорить об Англии, язык, ставший впоследствии английским, в V веке привезли на остров из-за моря воинственные германские племена.

Затем вернулся Рим, но не с мечом, а с крестом. В 597 году в Кент прибыл Августин, посланец священного Рима. А в 635 году на север Англии из Ионского монастыря прибыл епископ Айдан, исполненный апостольского рвения и свирепой воинственности ирландской кельтской церкви.

Эти исторические лица и их последователи подпитывали растущий английский язык церковной латынью – в отдаленных монастырях, в закрытых орденах, на сокровенных службах и в самозабвенной набожности, не боясь угроз и невзирая на препятствия. Постепенно английский язык вобрал в себя латынь, второй классический язык древнего мира, а тот привнес с собой греческий.

С продвижением Церкви вглубь страны, не в последнюю очередь благодаря приобщению обеспеченных и хорошо образованных аристократов, среди которых была, например, святая Хильда, процветала и христианская философия в целом. С ней проникла под панцирь английского языка латынь, которую с тех пор уже невозможно было ни вытеснить, ни оставить без внимания. Это была самая бескровная и, как показала история, наиболее успешная «пересадка» в язык, подарившая малообразованному языку книжный образ мышления и слова, способные влиять на мировоззрение. Далее христианские идеи и термины будут подпитывать английский язык более тысячи лет.

Богатые епископы отправлялись в Рим и везли оттуда картины, книги, священные реликвии, искусных мастеров, но важнейшим приобретением, доставленным ими к английским берегам, стала новая письменность основанная на латинском алфавите, именно она начала придавать форму и динамику местному наречию.

Англы, саксы и юты пользовались рунами. Рунический алфавит футорк (назван так по первым буквам, подобно тому как назван по первым буквам греческого алфавита) состоял из символов, образованных преимущественно прямыми линиями, поскольку так их было удобнее вырезать по камню, дереву или кости. Руны отлично подходили для кратких практических сообщений. Ими записаны решения некоторых загадок Эксетерского кодекса. Рунами могли записываться стихи, как на каменном Рутвельском кресте VIII века у города Дамфрис в Шотландии, изображающим события из жизни Христа. На этом кресте высечены рунические строки из поэмы «Видение креста», где о страстях Христовых рассказывает крест, на котором был распят Иисус.

Руны годились не только для поэзии: они были развиты настолько, что с их помощью можно было бы записать даже «Войну и мир». Но их прямые линии предполагалось вырезать и высекать на твердых поверхностях – по дереву, металлу, камню и кости. Христиане же привезли с собой рукописные книги и иной шрифт, более подходящий для нового писчего материала – веленовой бумаги и пергамента. Английский язык зарождался на основе смешения племенных диалектов, но не имел развитой рукописной традиции, а без этого ему бы грозила участь обычного просторечия. Диалекты, основанные только на звучащей речи, нередко обречены на изоляцию, бесполезность и, в конечном счете, забвение. Иногда горстка оставшихся носителей спохватывается, осознавая, что потерять язык – значит потерять особый,

неповторимый способ познания мира. Только письменность способна сохранить язык и вручить потомству необходимые ключи. Она пересечет любые границы. Письменная речь приносит точность, придает мысли четкую форму, оберегает от потерь. Мысли, изложенные на бумаге, могут в дальнейшем жить своей жизнью: их могут критиковать или иллюстрировать. Поначалу письменность выполняет вспомогательную функцию, но вскоре становится для многих основным источником, хранителем, величием и душой языка [3, с. 29].

Слова письменной речи способны волновать воображение так же, как всякая объективная реальность: огонь, буря, гром, но при этом могут выражать и внутреннюю действительность: надежду, мысль, настроение – средствами, которые тоже будоражат воображение, вступая в контакт с этим удивительным свойством языка, пробуждая способность рождать новые слова, расширяя тем самым пределы внутреннего мира. Письменность помогает нам более полно осознать, что значит быть человеком. Выражение «И слово стало плотью и обитало с нами» можно отнести не только к Христу, но и к алфавиту. Алфавит создал новый мир и вдохнул в него жизнь.

В первых английских рукописях использовался латинский алфавит, завезенный в Нортумбрию Айданом и другими ирландскими миссионерами. Он послужил основой древнеанглийского готического шрифта, а в монастырях монахи начали использовать удивительно приспособленное, четкое и изящное полуунциальное маюскульное письмо (шрифт, в котором прописные буквы обретают верхние и нижние части, выходящие за линию строки), которое сегодня можно обнаружить в Линдисфарнском евангелии. Монахи из местных, увидев эти знаки, оценили их по достоинству. Алфавит, составленный, по-видимому, безымянными клириками, уходил корнями в латинский, но примечательно рано – уже к VII веку – у древнеанглийского языка сформировался собственный алфавит. Это знаменательное событие можно сравнить с обретением интеллектуального огня. Всего 24 буквы – a, æ, b, c, d, e, f, g, h, i, k, l, m, n, o, p, r, s, t, þ, ð, u, uu (впоследствии ставшее w), y, - но именно отсюда проистекает могучая река вариантов, оттенков и виртуозной игры: от Шекспира до Джеймса Джойса, от Дэвида Юма до Ноама Хомского, от Френсиса Бэкона до создателей модели ДНК Уотсона и Крика, до десятков тысяч научных изданий, романов, журналов и газет [3, с. 17-29].

Литература:

1. Люстрова З.Н., Скворцов Л.И., Дерягин В.Я. Беседы о русском слове.- М.: Знание, 1976.- 144с.
2. ШтрекерН.Ю. Современный русский язык. Историческое комментирование.- М.: Академия, 2005.- 240с.
3. Мелвин Брэгг. Приключения английского языка.- М.: Альпина нон-фикшн, 2014.- 418 с

2-бағыт

Жазу реформасы: латын графикасы негізіндегі әліпби жобалары

ПЕРЕХОД ПИСЬМЕННОСТИ РК НА ЛАТИНИЦУ

*А.Б. Жуминова
кандидат филологических наук, доцент
Актюбинский государственный университет им.К.Жубанова
Актобе, Казахстан*

Вопрос перехода казахской письменности на латинскую графику стал одним из

волнующих вопросов последнего времени для общественности и научного филологического мира. Идея академика А. Кайдара, впервые прозвучавшая в статье «Латинскую графику ждет хорошее будущее», вызвала интерес, за которой последовал целый ряд публикаций и выступлений различного характера. Сторонники и противники, по-своему аргументируя данное явление, в целом не могут прийти к однозначному решению в столь трудном и нетерпящим поспешность вопросе языковой политики и языковой идеологии.

В статье исследователя Кудериновой К.Б. «Вопросы перехода современной казахской письменности на латинскую графику: предложения и проект», дается содержательный обзор существующей литературы по данному вопросу в Казахстане, начиная с 1990 годов. Опираясь на эти материалы, мы можем констатировать плюрализм мнений по данному вопросу [1, 144]:

№	Сторонники	Противники
1.	- для того, чтобы поспевать за потоком компьютеризации, использующей латинскую графику, выйти на международную арену, надо использовать интернет-ресурсы в полную силу;	- и с кириллицей можно выходить в интернет; даже если с русской графикой невозможно установить международную коммуникацию, с помощью этой графики мы можем использовать достижения ведущих технологий; в 2001 году казахский язык стал 56-м языком, который был внедрен в интернет Мировой информацией интернета в Париже;
2.	- избавиться от влияния русского языка на фонетическом, морфологическом, синтаксическом, лексическом уровнях;	- русские буквы обогащают наш язык; переход на латиницу только принесет экономические и психологические проблемы, поэтому лучше будет провести реформу привычного для нас русского алфавита, звуковой состав казахского языка можно представить 31 буквой русского алфавита.
3.	- вернуть или сохранить языковую природу казахского языка	- стабильность в письменности – отображает наш духовный консерватизм, а оставить алфавит как есть говорит о высокой культуре народа

Хотелось бы отметить, что также не надо забывать о генетической связи кириллицы и латиницы, которые имели общие истоки - древнефиникийское письмо, послужившее основой греческому алфавиту.

Цели языковой идеологии и языковой политики любого государства, если отвлечься от различных, в том числе эмоциональных моментов, фактически сводятся к тому, чтобы обеспечить потребность в государственной, гражданской, этнической, языковой, культурной идентичности и потребность в оптимальной коммуникации. На данный момент в Казахстане, государстве в котором проживает более 125 этносов, наблюдается сочетание четырех видов языковой политики и языковой идеологии. Такого рода баланс свидетельствует о стремлении соблюдать интересы разных этнических групп, населяющих РК. По словам академика Сулейменовой Э.Д.: «На одной чаше весов у нас – вернакулизация и многоязычие, цель которых сделать гомогенной многоязычную страну, на другой чаше весов – мультилингвизм и интернационализация, то есть поддерживаются все языки, не только казахский. Мы без баланса – никуда: это особенность политики нашей страны» [2]. Однако, нельзя забывать, что процесс русификации в Казахстане был самым продвинутым, самым эффективным из-за массового переселения славян и расширения русской коммуникативной среды. На данном этапе Казахстан взял курс на частный случай политики монолингвизма. Переход на латиницу, на наш взгляд,

один из видов реализации имплицитной языковой политики, и это обычная государственная практика, когда строится национальное государство. Послание Президента Н.А.Назарбаева однозначно нацеливает реформу алфавита на создание условий для востребованности казахского языка. Переход на латиницу создаст условия для возрождения, развития языка титульной нации. Безусловно, все осознают, что данный процесс сложный, трудный как с психологической точки зрения, так и с экономической, но возможный и необходимый, так как эти реформы также продиктованы внутренними глубинными процессами в казахском языке.

Исторические памятники свидетельствуют, что казахская речь в основе своей очень мелодична, звучна. Современная казахская речь, к сожалению, в силу определенных условий постепенно утрачивает эту специфическую мелодичность, - считает исследователь Әбдіғазис.Х. Сохранение звуковой природы казахского языка должно стать задачей не только ученых-лингвистов, но и учителя на занятии, докладчика перед аудиторией, артиста на сцене и многих других участников коммуникации, так как инородно звучащая речь, инородное написание оставляет отпечаток не только в языке, но и негативно отражается на формировании мышления и этнического самосознания личности. Сохранение естественной природы казахского языка, передача его в первоизданной чистоте следующим поколениям – первоочередная задача лингвистов. Проблемы экологии казахского языка берут начало в период советской системы, когда из политических целей казахский алфавит был переведен на кириллицу, что привело к искусственному внедрению в казахскую речь специфических букв и звуков русского языка, отразившихся на изменениях в самом языке, его насильственной русификации. Противившиеся этим процессам, предостерегавшие о необратимости последствий ученые были обвинены в национализме. Вследствие этого, в казахском языкознании сложилась порочная практика беспереводного применения иноязычных терминов. В казахский язык потоком хлынули заимствованные слова [3].

На самом деле, язык, который существует в той языковой среде, от которой была принята письменность, имеет большую опасность подвергнуться деформации языка. Когда язык принимает письменность того или иного языка, то фонемы этого языка приспособляются к звуковой системе родного языка, с целью увеличить количество терминов мы просто копируем лексический слой чужого языка, через прямой перевод, кальку, через копирование словосочетаний, синтаксиса, предложений, текста мы потихоньку отдаляемся от пути природного развития своего языка [1].

В связи с этим одним из убедительных аргументов перехода на латиницу является тот факт, что она более адекватно будет отражать фонетический строй казахского языка. Латинский алфавит «распространен на межнациональном, общемировом высоком уровне», а также официально принят как международная фонетическая транскрипция в качестве модели точного обозначения «языковых фактов».

Безусловно, данная реформа представляет собой трудную процедуру, которая, быть может, приведет к отрыву от кириллической литературы корпус и без того малочитающей молодежи, безусловно, на начальном этапе будет затруднен процесс написания любого письменного документа и др., однако иногда, как нам видится, такие решительные меры со стороны государства - необходимое явление.

Литература:

1. Кудеринова К.Б. Вопросы перехода современной казахской письменности на латинскую графику: предложения и проект // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 10 (часть 1) – С. 144-149.
2. Тумашова Е. Интервью д. филол.н., проф., академика МАН ВШ, президента КазАПРЯЛ Сулейменовой Э.Д. Языковая политика Казахстана должна быть сбалансированной // Казахстанская правда, 23.02.2012
3. Әбдіғазис.Х. К вопросу о латинизации казахского алфавита // Выступление на практическом семинаре «Модернизация общественного сознания». – Актобе, 2 июня 2017г.

Алаш зиялылары латын әліпбиі туралы

Кушкимбаева А.С.

*PhD, Теориялық және қолданбалы
тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы*

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген еді [1].

Латын графикасы үнемі қазақ зиялыларының назарында болды, солардың бірі көрнекті қайраткер Нәзір Төреқұлов 1922 жылдың шілдесінен бастап 1928 жылдың маусымына дейін Мәскеуде КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы қызметін атқара жүріп, жаңа әліпби саясатына көп үлес қосты. Н.Төреқұлов араб әліпбиін түрк халықтарының өз тіршілігіне икемдеу тәжірибесі жөнінде «Жаңа әліпби неге керек?» атты бағдарламалық кітабында (Мәскеу, 1924): «Татар, қырғыз, өзбек, түрікпен емлелерінің барлығы бір негізге құрылған. Барлығының түзетуде тілегі бір: барлығы да жазуларын тілдеріне ұйқас қылып алмақ. Сондықтан бұрынғы бір мұсылман әліпбиі орнына, түрлі - түрлі ұлт әліпбилері дүниеге келді. Бұл жаңа әліпбилердің барлығы да баяғы араб әліпбиінен жасалған. Түбірін алғанда, бұл жаңа әліпбилердің барлығы – арабтың ескі тонын жамап, амалдаған бір нәрсе. Бірақ Кавказ өлкесіндегі мұсылмандар бұл жолға кірмей, тура латыншаға көшуді артық көріп отыр», – дейді [2].

1924 жылғы маусым айында Орынборда өткен, басқалармен бірге, Нәзір де қатысқан қазақ білімпаздарының бірінші съезінде ұлт зиялылары әліпби мәселесінде екіге жарылды. Бұл жолы Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған қазақ графикасы мақұлданды.

Н.Төреқұлов латын әліпбиіне көшу мәселесінде М.Дулатұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омарұлы секілді білімпаздармен айтысқа түссе, Т.Шонанұлы, М.Мұрзин, Ә.Байділдин, К.Тоқтабаев сияқты зиялылар оның қолдаушысы болды. Х.Досмұхамедұлы аралық позиция ұстанды. Пікір алшақтығына қарамастан, Нәзір әркез Ахмет Байтұрсынұлына үлкен құрметпен қарады. Бұған мына сөздері дәлел: «Жазудың емле жағы қазақта бітейін деп қалған. Байтұрсынұлы Ахмет мұнан 10 шақты жыл бұрын қазақ емлесін тілге туралап түзеткенде, барлық жұрт керектігін біліп, қабыл алды. Ахметтің емлесі арқасында бүгін «тор» деген сөзді «түрден», «турды» «тұр»-дан айыра аламыз... Ленинградтағы академия жанындағы профессорлардың комиссиясы жаңа әліпбидің жобасын қарап, тексеріп шығып, Ахметтің дәйекші системасын яқұттарға да ұсынды. Ахметтің қызметі – бұл жөнінен ұмытылмайтын реформа» [2].

Латын әліпбиі туралы көзқарас Орталық Азия мен Кавказ түрктері үшін екі айырық тарапта өрбіді. Н.Төреқұлов қазақ жұртының Азияға яки Еуропаға беталыс жолын тілге тиек етіп, концептуалды уәжін көлденең тартты. Оның ойынша, «қазақ-қырғыз енді терезесі тең ел болам десе, Күнбатыспен жақындасады». Ол латын әліпбиінің «телеграф, типография, жазу машинасы сықылды нәрселер үшін қолдануға оңай» екендігін дәлелдеді. Бір айтарлығы, Нәзірдің кириллицаға көзқарасы да сыншыл. «Орыс әліпбиінің майданы тар. Орыс, бұлғар сықылды елдерден басқа онымен жазбайды. Латын әліпбиінің майданы кең» дейді ол. Қазақтың кириллицаға үрке қарауын, жылы қабақ танытпауын орыс отаршылдығымен жапсарласа жүргізілген миссионерлік саясаттың өктем сипатымен байланыстырады. Жазу тарихын

бағзыдан бері қарай баяндап, Шығыс пен Батыс, сондай-ақ көне түрк әліпбилерінің шежіресін жіктеп-жіліктеп берген Төреқұлов тағы бір тосын тұжырымын ұсынады. Онысы – араб және латын әліпбилерінің бір-біріне бөтен еместігі жөніндегі пайымы. «Латыншаны «жат» көру араб-мұсылман мәдениетінің тарихын білмегендіктен келеді... Сөздің қорытындысы: араб, грек, латын әліпбилері финикия-жөйттен, финикия-жөйттікі Мысырдан алынған,-деп түйеді ол – Ақ теңіз маңайындағы әліпбилердің барлығы бір атадан. Атасы бір балалардың арасында жақын-алыс деген сөздің болмағаны сықылды, латынша хәріптердің де араб әліпбиіне жат болмай, туыс екендігі ап-айқын» [2].

Н.Төреқұлов көбіне мәселені саясиландырмай, техника талаптарын алдыңғы кезекке шығара сөйлегенімен, түркі халықтарының мәдени бірлігіне айрықша мән берді. Жаңа түркі әліпбиі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми кеңестің «унификация» тарапындағы шала-шарпы жұмысын аяусыз сынға іліктірді. Өткір баяндамаларының бірінде ол: «Енді мәселені басқа қырынан қоялық: унификацияның қажеттігі қанша, сол өзі керек нәрсе ме, керек болса неліктен? Ең алдымен, осы сұраққа тиянақты жауап беріп алайық; сонда ғана жауабымыз унификация проблемаларын шешуде ғылыми негізделген базаға айнала алады. Тап осы унификация бізге керек деп жауап қайтару керек бұған. Бірігу бізге барлығымыздың атамыз бір кісі болғандықтан немесе бәріміз де жүзімізді құбылаға бұратындықтан ғана керек емес. Біз өзіміздің бірігуімізге қарсы әрекеттің қайбіріне болмасын тойтарыс беруге міндеттіміз. КСРО-дағы түрк-татар халықтары көбіне аралас-құралас ғұмыр кешіп келеді, тіпті мидай шатасып жатамыз, мәселен, Оралда, Орта Азияда, Сібірде. Бұл аудандардағы әртүрлі түрк-татар халықтарының балалары бір мектепте оқиды, базары ортақ, мәдениет пен тұрмыста бір әкімшілікке бағынады. Содан да олар бір-бірімен түсініспекке ынталы», – дей келе, ойын ары қарай: «... өзара мәдени ықпал, мәдени байланыс, экономикалық бірлік, саудадағы ынтымақтастық жазу мәселесіне келгенде, бәрі де ұмыт қалып, бірін-бірі жатырқағысы бар. Тіпті түрлі тайпаға жататын, бірақ тіршілікте бірін-бірі түсінетін екі көрші өзара тілхат жазыса алмайтын деңгейге құлдырадық. Сондықтан бізге бірлесу қажет» деп өрбітеді [2]. Осы пікірлері Н.Төреқұловтың түрік бауырластығындағы алыс мақсатты, түпкі нәтижені көздеген қайраткер екендігін айғақтайды.

Мәскеуде, Ташкентте латыншылдар ұйымдары құрылды. 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздар съезінде әліпби мәселесі кеңінен талқыланды. Аталған жиында баяндама жасаған Ахмет Байтұрсынұлы: «Түрік жұртының 90 пайызы араб таңбаларын пайдаланып келеді, әрқайсысының хат мәдениеті бар, бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес, мұндай қаржы мен қайрат қазақ түгіл, түріктің қай жұртында болса да жоқ», – деп, сол тұстағы қазаққа латын әліпбиіне көшуден гөрі қазақ тіліне ыңғайланып түзетілген төте жазудың тиімді екенін ғылыми негізде дәлелдеуге тырысты. Латын әліпбиін жақтап сөйлеген сөзінде Н.Төреқұлұлы мәдениеттің жаңалығы халықтың пікіріне қарап ілгері кетпей тұра алмайтынын, латын әрпін аламын, үйренемін деушілердің ұсыныстары қолдау табу қажеттігін айтты. Мектептегі балаларды таныстыру үшін осы бастан қазақша әліппенің соңынан тіркеп, бір-екі әңгімені латын әрпімен жазып, оқушылардың көздерін үйрете беру керек деген ұсынысын білдірді. Жиын барысында арабшылдардың да, латыншылдардың да дәлелдері тым толық емес болғандықтан, Қарақалпақ және Астрахань қазақтарын қосып, толық съезд шақыру мүмкіндігі бар еді. Соны еске алып, әзірге әдебиет және баспасөз бетінде еркін талқыға салып, көбінің пікірін білу қажет деп табылып, бұл мәселенің барысын қадағалау Қазақстан Халық ағарту комиссариатына тапсырылды. Съезд соңына қарай А. Байтұрсынұлы мен Н.Төреқұлұлының жобалары дауысқа түсіп, Нәзір Төреқұловқа – тоғыз дауыс, Ахмет Байтұрсынұлына сегіз дауыс берілген. Латын әрпін алу мәселесі талас туғызғандықтан, қазақ-қырғыз білімпаздар тобының съезі бұл мәселені әлі де баспасөз бетінде талқылауды ұсынды [4].

Алаш зиялылары құрастырған латын әліпбиімен қайтадан қауышу – заманның талабы сияқты көрінген болатын. Алаш арыстарының бұл идеясы тарих сахнасында бірнеше жыл ғана іс атқарып, кейін орыс кириллицасына ауысқан. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл мәселе қайтадан көтерілді. Латын әліпбиіне көшу жайлы ең алғашқы пікірді академик Әбдуәли Қайдар қозғады. Тілші ғалымның 2013 жылдың 24 қазанындағы «Ана тілі» газетінде жарияланған «Латын

әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласынан бастау алды. Ғалым ХХ ғасыр басындағы латын (қазақ) жазуының жедел түрде орыс графикасына көшуінің мынадай себебін келтірді: «Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоғлы «Жаңа түсінік» газетіне (09.08.1991) былай деп жазады: «Совет үкіметі 1927 жылы КСРО-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб жазуын латын алфавитімен ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928 ж. латын алфавиті түрік жазуы болып қабылданғандықтан совет басшылары Анатолия түріктері мен Совет Одағындағы түркітәлдес халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940 жж. кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитінің бір-бірінен парқы бар алты түрін қабылдатқызды» [5]. Сол себепті ғалым ендігі кезекте әліпби ауыстыру саясатын қолға алып, «ұлтаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік таралу деңгейі жоғары», әрі «тілдік фактілерді» дәл таңбалаудың үлгісі ретінде ресми түрде халықаралық фонетикалық транскрипция болып қабылданған латын жазуы болу керектігін пайымдайды.

Жоғарыда аталған ғалымдардан басқа да көптеген ғалымдарымыз (Ә.Жүнісбек, Ә.Айтбайұлы, Е.Қажыбек, Қ.Күдерінова т.б.) латын әліпбиіне көшуді жан-жақты саралап, зерттеу үстінде. Біз Н.Төрешұловтың қазірден бастап балалардың көзі үйрене беруі үшін оқулыққа латын әрпінде қысқа мәтіндерді енгізе беру керек деген пікіріне қосыламыз. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, артына өшпейтін мол мұра қалдырған Н.Төрешұлов жұлдызы жыл өткен сайын нұрланып, жарқырай бермек. Биыл, 2017 жылы 18 қазанда Нәзір Төрешұловтың туғанына – 125 жыл, жазықсыз құрбан болғанына 80 жыл толады. Ұлт рухын ұлықтаған халқымыздың осындай асыл азаматын кейінгі ұрпақ жадында мәңгі сақтағаны абзал.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (мақала). «Егемен Қазақстан» газеті. 12.04.2017.
2. Н Төрешұлов. Шығармалары. Алматы: 1997ж-33 б.
3. Түркі әліпбилерінің латындандырылуы мәселесіне орай // Сонда. № 10/11. 218—222 б.
- 4 <https://baq.kz/kk/news/oner/aristar->
- 5.Ә.Қайдаров. Латын әліпбиі ауызбірлікті күшейтеді [Текст] // // Егемен Қазақстан. - 2013. - 14 ақпан. - Б. 3

Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі латын әліпбиі мәселелері

*Садықова І. Қ.
Қ.Жұбановатындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
филология мамандығының магистранты
Ақтөбе, Қазақстан*

Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Сондықтан әліпби мен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын[1.2]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді ұстанымдарын халықтың ықыласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп білеміз. Қазір латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жазудың қандай түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы

жасалады. Әліпби жасау үшін алдымен графикалық лингвистика теориясын терең танып, тілдің дыбыс жүйесіндегі фонемалардың өзіндік фонологиялық ерекшеліктеріне жете назар аударып, бөгде тілдерден енген сөздерге қатысты фонемаларды қалай таңбалау керек деген мәселелерді шешіп алу керек, одан кейін тілдің болмысын танытатын негізгі заңдылықтарын біліп, тілдің табиғатына сай келетін, өзіндік дыбысталу ерекшеліктеріне кері әсер етпейтіндей т.б. мәселелерді ескеріп таңбалау керек. Жазу барысында әр әріптің өзара кездесу жиілігі де назарға алынуы тиіс.

Қазақ әліпбиі мен жазуы тарихында профессор Қ.Жұбановтың орны ерекше деп білеміз.

Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшудің қажеттілігі туралы мәселе көтеріліп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауда сөйлеген сөзінде: «... ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп айтылған [2]. Шынында да, әліпби ауыстырудың саясатқа да, басқаға да қатысы жоқ, ең басты қажеттілігін тілдің өзі талап етіп отыр. Тілдің ішкі-сыртқы жағдайы қазіргі жазудың (орфография) айтылымға (орфоэпияға) кері әсер етіп, өзге тілден кірген сөздердің салмағы арта түсіп, кірме дыбыстардың төл сөздеріміздің фонетика-грамматикалық талаптарын бұза бастауы, бір тілдің (қазақ) жазу заңдылығы екі тілдің (қазақ-орыс) жазу заңдылығына бағынуы т.б. жағдайлар әліпби өзгерту мәселесін алға тартты. Демек, әліпби өзгерту тек кирилл әріптерін латынмен алмастыру ғана емес, жазу саласында да реформа (қайта қарау) жасау қажеттігін талап етеді. Сондықтан латынға көшкен дұрыс, себебі кирилл әріптерінде қалсақ, осы әліпбидің емле-ережелері де қапталдай жарыса кедергі келтіруін қоймайды. Себебі біз, қазақтар, орыс тілін өз ана тіліміздей еркін меңгерген, сөздерді араластырып айта беруге де үйренген, тіпті кейде қай тілде сөйлеп, қай тілде тыңдап отырғанымызды өзіміз де аңғармай қалатын дәрежеге жеттік. Екі тілдің әріптері де бірдей болғандықтан орыс тіліндегі сөздер де ешқандай кедергісіз ене береді.

Қазақ жазуы мен әліпбиі тарихында А.Байтұрсыновтың араб графикасын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бейімдеп жасаған (төте жазу) әліпбиінің маңызы зор. Араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуындағы дәйекшінің артықшылығын Қ.Жұбанов өте жоғары бағалаған. Ол 1912-1930 жылдар аралығында 18 жылдай қазақ сөзі А.Байтұрсынов жасаған әліпби арқылы жазылғанын айтып, араб алфавитінің табиғатына тән кейбір ерекшелігі болмаса, бұл жазудың еш кемшілігі байқалмағанын, сондықтан одан бас тартып, латынға көшу мәселесі жоғары жақтың қысымы екендігін ескертеді [3.506].

А.Байтұрсынов құрастырған әліпбидің бір артықшылығы ретінде тіліміздегі барлық дыбыстар жеке-жеке әріптермен таңбаланған айтуға болады. Ал батыс халықтарының латын графикасына негізделген әліпбиінде барлық дыбысқа жеке-жеке әріптердің жете бермейтінін байқауға болады. Сондықтан олардың жазу жүйелерінде әріптердің асты-үстіне қойылатын қосымша белгілер, көптеген диакритикалық таңбалар мен екіден жетіге дейін әріптердің тіркестері қолданылатын болған.

Қазақ әліпбиі мен жазуы жоғары жақтың шешімі бойынша 1929 жылғы 25 маусымда жаңа орфографияға көшіріліп, бұрынғы араб графикасының орнына латын әріптерін қабылдады. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде 9 дауысты, 2 жарты дауысты, 18 дауыссыз дыбысты таңбалайтын 29 әріп болды. Алғашқы кезде бас әріптер болған жоқ еді, сондықтан 1930 жылғы 11 маусымдағы жоғары жақтың шешімі бойынша әліпбиге бас әріптер енгізілді. Латын графикасын қабылдаған қазақтың жаңа жазуы фонетикалық принципті басшылыққа алды. Жаңа жазу заңдылығы 30 параграф және 12 ескертпеден тұрса, оның 18 бөлімі орыс тілінен енген сөздерге, терминдерге, қалған 12 бөлімі қазақ сөздерін жазуға қатысты болды [4]. Фонетикалық принципті басшылыққа алған сол кездегі жазу емлесінің кемшілігі жеке сөздерді, әсіресе, орыс тілінен енген сөздерді бірнеше вариантта құбылтып жазуға жол берді. Осы кемшілікті көрсете келіп, Қ.Жұбанов бір ғана «коммунист» сөзі 16 түрлі жазылып жүргенін сынады. Латын графикасына негізделген жазуды жетілдіру жұмыстарына Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Қ.Басымов т.б. ғалымдар белсене араласты. Тіліміздің фонологиялық ерекшеліктерін дөп басып тани білген ғалым Қ.Жұбанов қазақ тілі дыбыстарын буын құрамында қарастырып, дауыстылардың таңбасы “буынның жуан-жіңішкелігін білдіретін қарақшы” деген дәлелді пікір айтады. Қ.Жұбанов «ұу, үу, ый, ій» - қосынды дыбыстар екендігін

көрсете отырып, оларды жазуда жалаң «у», «и» әріптерімен таңбалау туралы айтқан ұсынысы жазу сауаттылығын жақсарту бағытындағы сол алғашқы ізденіс кезеңі үшін маңызы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, латын графикасына негізделген алғашқы дауысты дыбыстар қазақ әліпбиінде 13 әріп (17 таңба) арқылы белгіленген болса, ғалым енді оны қазақ тілінің ішкі мүмкіншілігін ескере отырып, 7 әріппен таңбалауға болатындығын көрсетеді [3.521]. Бұл әріптер жалаң «у», «и» әріптерімен жазылғанмен, олар қосынды дыбыстар екендігі кейінгі еңбектерде дұрыс көрсетілмеуінен дыбыс пен әріптің арасын аша алмағандар жұртты түзу жолдан адастырды. Қ.Жұбанов емле жасау жөнінде өз ойларын былайша тұжырымдайды: “Қазақтың әдеби тілінде ұстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсының өзіне меншікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз “таза қазақша”, мынаның “тегі жат” деп, сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажеті жоқ: тегі қайдан шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек”, - дейді [3.337]. Ол ереже жасауда негізгі есте болар жай, “емле жеңіл болу үшін ереженің санын да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың санын да құр тек “аз ету” шарт емес, қайта тілде бар, емлеге керекті қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже болып қорытылып шығуы шарт”, - дейді [3.340]. Қ.Жұбанов «f, h, x» әріптері кірме сөздерде ғана емес, оңтүстік Қазақстан қазақтары тілінде де бар дыбыс және келешекте тілдің термин сөздермен баю мүмкіншілігін ескерсек, бұл әріптерден бас тарта алмаймыз және өзге түркі халықтарының әліпбиімен бірдейлестіру үшін бұл үш әріпті әліпбиге енгізу керек дейді [3.510]. Профессор Қ.Жұбанов латын әріптерін қазақ дыбыс жүйесіне бейімдеу ісіне көп үлес қосты, оның бастауымен 1929 жылы қабылданған латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің Қ.Жұбанов ұсынған жобасында 25 әріп, бір дәйекші болды:

Реті	Латын әріптері	Қазақ дыбыстары	Реті	Латын әріптері	Қазақ дыбыстары
1	Aa	а/ә	14	O o	о/ө
2	B b	б	15	P p	п
3	C c	ш	16	Q q	қ
4	D d	д	17	R r	р
5	E e	е	18	S s	с
6	G g	г	19	T t	т
7	Hh	ғ	20	U u	у
8	I i	и, й	21	Y y	ү/ұ
9	K k	к	22	X x	х
10	L l	л	23	Z z	з
11	M m	м	24	Z`z`	ж
12	N n	н	25	Ь ь	ы/і
13	Ŋ ŋ	ң		‘	дәйекші

Қазіргі заман — жазу заманы. Осы орайда, тіліміздегі әріптерді қысқартып, компьютерге икемдеу керек дегенді желеу етіп, тіліміздегі бар дыбыстарды орынсыз қысқартып жіберуге де болмайтынын ескеруіміз қажет. Тілімізде бар дыбыстардың арнайы таңбасы болуы тиіс. Компьютерді тілімізге икемдеудің орнына, тілімізді компьютерге икемдегеніміз дұрыс емес. Қазақ жазуында «у» фонемасының таңбалануында ойланатын қайшылық тұстары бар екені көзге ұрып тұр. Жазуда «у» әрпі дауысты дыбыстардан кейін келіп дауыссыз дыбысты таңбаласа, дауыссыз дыбыстан кейін жазылғанда қос дыбыстың (ұу/үу) тіркесін таңбалайды. Латынға көшкен кезде қазіргі жазуымыздағы осындай қиындықтарға да назар аударылады деп білеміз.

Жаңа (латын әріпті) әліпбиді қабылдау барысында бұрынғы (1929 жылғы) әліпбидің жетістіктеріне назар аударып, сонымен қатар профессор Қ.Жұбанов зерттеулерін де ескеру қажет деп білемін. Жаңа (латын әріпті) әліпбиін қазақ тілінің үндесім табиғатына сай

жасалуына ерекше назар аударылсын, қазақ тілі дыбыстарына жеке-жеке әріптер алу қажет деп білемін. Қазақ тілінің төл дыбыстарын белгілеу үшін латын әріптері жетпеген жағдайда қосымша белгілерді (әріп үстіне қос нүкте, т.б.) пайдалану керек. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, оқу құралы, өмір талабы[5.20]. Сондықтан жаңа әліпбиге өте байыппен қарап, барлық түйткілді мәселені жан-жақты ойластырып, сөздің дұрыс, сауатты жазылуына нұқсан келтірмей, емледе қайшылыққа жол бермей, тіліміздің ғасыр бойы қалыптасқан талаптарын бұзбай, ерекше дайындықпен көшуіміз қажет. Өз кезінде Қ.Жұбановтай алыптар жазған латын әліпбиіне өту арқылы бұрынғы кемшіліктерді түзейміз. Қазір латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Сондықтан латын әліпбиіне көшу бағытындағы жұмыстарға еліміз болып дайындалып жатырмыз. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңа биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз. Жаңа ғасырда жаңа әліпбиімізді меңгеріп, жазуымызды түзесек, тіліміздің де болашағы жарқын болады деп білеміз.

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

*С.Т. Накешева, А.С., Мусралина., Б.А. Кенжебаева
Актюбинский региональный государственный
университет им. К. Жубанова
Актобе, Казахстан*

Государственный язык ожидает грандиозная реформа – переход на латиницу. Глава государства Нурсултан Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» определил повестку дня на ближайшие годы: "Переход на латиницу имеет свою глубокую историческую логику. Это и особенности современной технологической среды, и особенности коммуникаций в современном мире, и особенности научно-образовательного процесса в XXI веке". В данной статье президент подчеркнул, что поскольку 2025 год не за горами, правительству страны нужно иметь четкий график перехода казахского языка на латинский алфавит. По мнению президента Казахстана, поскольку молодежь страны активно изучает английский язык, проблем с переводом казахского языка на латиницу не будет. Соответственно, считает он, чтобы к 2025 году перевести делопроизводство, периодические издания и учебники на латиницу, "до конца 2017 года необходимо с помощью ученых и широкой общественности принять единый стандартный вариант казахского алфавита в новой графике".[1] Действительно, школьнику-первокласснику намного легче усвоить 25 латинских букв, чем 42 буквы кириллицы. Во французском языке 35 фонем, в английском – 45. Эти многочисленные фонемы передаются всего 26 латинскими буквами. А в казахском языке же 28 исконных звуков-фонем передаются 42 буквами. Поэтому нашему школьнику намного труднее выучить казахский, чем маленькому европейцу свой английский или французский. О необходимости сокращения букв в казахском алфавите писал ещё первый профессор казахской филологии Кудайберген Жубанов. В 1935 году им был подготовлен проект изменений орфографии и алфавита казахского языка на основе латинской графики, в котором предлагалось сократить число букв. Идеи, высказанные учёными более полувека назад, не потеряли актуальности сегодня.

Соавтор методики обучения казахскому языку "Тілдауа" Толеу Аймаганбетова в своем комментарии по вопросу перехода казахского языка на латиницу привела примеры, сказав, что это решит такие вопросы, как языковой барьер или акцент, позволив людям, понимать друг друга намного лучше и легче. В частности, по ее словам, в казахском языке слова, пришедшие из других языков, произносятся по правилам орфоэпии именно иностранного языка, соответственно, не сходятся с правилами произношения казахских звуков. В результате, это, по ее мнению, может привести к неправильному произношению специфических звуков

казахского языка и к комплексу у обучаемого. "Человек, который хочет заговорить, научиться казахскому языку, знает, что скажет неправильно. Переход на латиницу решит этот вопрос, потому что произношение наконец-то будет выправлено, а через него уйдет зажим и языковой барьер, боязнь. Например, в казахском алфавите очень много звуков и слогов в устной речи выпадает. Когда пишем одно, а говорим другое. Например мы пишем "Қыдырып" (гуляю), а читать должны "қыдрып". Тот же иностранец, когда начинает учиться, читает как пишется. Когда череда таких неправильно прочитанных букв произносится вслух, то обязательно выйдет акцент", — пояснила Аймаганбетова.[2]

Как отметил Глава государства, переход на латиницу продиктован требованиями научного и образовательного процессов XXI века. Переход на другую графику даст возможность интеграции в мировое пространство, облегчит доступ к достижениям научно-технического прогресса. У молодежи будет больше возможностей для получения информации в Интернете, частого доступа к пространству в сфере образования и науки, быстрому ознакомлению и обучению. Мы сможем писать на казахском на любом гаджете из любой точки мира, пользуясь стандартной клавиатурой QWERTY. Казахстан успешно и активно интегрируется в мировое сообщество.

Среди шести официальных языков ООН три (английский, французский и испанский) используют латиницу. Если брать крупнейшие международные экономические организации, то все три официальных языка ВТО также используют латиницу (английский, французский и испанский). Основными языками олимпийского движения также являются английский и французский.

Латинский алфавит на сегодняшний день распространен на всех заселенных человечеством континентах. Алфавит помимо, собственно, территории Европы (кроме ряда упомянутых восточноевропейских стран) охватывает всю Северную и Южную Америку, большинство государств Африки, Австралию, густонаселенную и набирающую экономическую мощь Юго-Восточную Азию (включая Малайзию, Сингапур и Индонезию). Также латинский алфавит широко известен и находится на вспомогательных ролях во многих других государствах мира, таких как Индия, Пакистан, Япония, Южная Корея, ОАЭ и даже Китай (существуют и широко используются несколько систем транскрипции диалектов китайского языка на латиницу).

Согласно данным Всемирного банка за 2015, из первой тридцатки стран по номинальному объему ВВП, крупнейших экономик мира, **22 страны** используют латиницу, из первой десятки - **7 стран**. Если рассматривать ВВП на душу населения, то среди богатейших наций латинизированными алфавитами пользуются **18 стран** из первой двадцатки. В рейтинге Doing Business того же Всемирного банка среди тридцати наиболее привлекательных стран для ведения бизнеса **25** пользуются алфавитами на латинской основе. При этом практически во всех рассматриваемых странах в ходу параллельно имеется латинизированный шрифт, либо английский язык.[3] Что это значит для нас? То, что большинству иностранцев, говорящих на английском, испанском, французском, немецком, итальянском и многих других языках, будет легче понимать и учить казахский язык. В свою очередь, и казахстанцам будет легче в дальнейшем учить английский язык, писать, читать и разговаривать на нём.

Сегодня доминирующим языком во всем мире является английский. Исторически это связано с расширением Британской империи, экономическим взлетом США, а также мощной волной масс-культуры, сопровождающей процессы глобализации. В наши дни английский – это мировой язык бизнеса, науки и культуры.

Никогда еще в истории человечества ни один язык не имел такого господствующего положения, как английский в современном мире. Кроме того, английский язык является официальным языком программирования и развития информационных технологий. Неудивительно, что сегодня свыше половины вебсайтов опубликованы именно на этом языке. В мировом информационном пространстве английский является крупнейшим источником получения глубокой и достоверной информации. Согласно разным оценкам, ежегодно **от 45% до 57%** научной литературы в мире публикуется на английском.

Однако наибольший интерес для Казахстана представляет использование латиницы близкими тюркскими народами. Сегодня в мире существует шесть независимых тюркских государств. Четыре из них официально используют латинскую графику для своих государственных языков: Турция, Азербайджан, Туркменистан и Узбекистан. Если переводу турецкого языка на латиницу в следующем году исполняется 90 лет, то остальные тюркские постсоветские страны имеют меньший опыт. Казахстан – это неотъемлемая и значимая часть тюркского мира, которая не может и не должна оставаться в стороне от важных общетюркских процессов.

Опыт вышеназванных стран преподал нам ряд ценных уроков. Реформа должна затрагивать не только алфавит, но и широкие пласты языкознания, морфологию, орфографию и грамматику. Параллельно с письменной должна проводиться языковая реформа, благодаря которой казахский станет доминирующим языком во всех сферах в Казахстане. Реформа ради реформы не имеет смысла. У нее должны быть четкие цели и задачи. Самое главное – качество реализации, то, насколько эффективно государственный аппарат и общество смогут реализовать этот масштабный трудоемкий переход.

Все больше иностранцев приезжает в Казахстан, многие из них не умеют пользоваться кириллицей, для них ближе латиница. Переход на латинский шрифт облегчит изучение казахского языка гражданами других государств.

Старший редактор европейского журнала EurActiv Георги Готев считает, что перевод казахского языка на латиницу нацелен на повышение глобальной конкурентоспособности казахстанцев и способствует развитию туризма. «Мне хорошо понятна эта инициатива (перевода казахского языка на латинский алфавит - прим. ред.), поскольку это часть модернизации, о которой говорят в Казахстане. Она касается национальной идентичности», - сказал собеседник. Он убежден, что реформа «поможет развитию туризма». «Действительно, чтобы страна лучше открылась к миру, лучше использовать самый распространенный алфавит. Английский язык вскоре станет третьим языком в Казахстане. Поэтому переход на латинский алфавит очень поможет молодежи быстрее выучить английский», - уверен Готев.[4]

Но, пожалуй, больше, чем в обычном общении, например, туристов, важно взаимодействие между странами в различных практических сферах деятельности, таких, как наука, технологии, промышленность, сельское хозяйство, фармацевтика. Все основные документы, положения, инструкции, классификаторы в этих отраслях написаны, в первую очередь, на английском языке и только потом переведены на другие языки. Чтение их, пусть даже на других языках, конечно, легче дается при знании латинского алфавита. Элементарно, программы с каталогами на английском языке часто не воспринимают обозначения на кириллице, и приходится перестраиваться. Пользователи компьютерных программ поймут, о чем речь. Международные названия сотен тысяч лекарств имеют латинское написание. Читать их на оригинальном алфавите, безусловно, легче тем, кто пишет и читает на латинице.

Люди фактически уже перешли на латиницу. Многие пользователи соцсетей не используют казахских букв, пишут латинскими. Особенно за границей. Сама жизнь подсказывает, что переход практически начался.

Литература:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy Автор: Нұрсұлтан Назарбаев
2. <https://regnum.ru/news/2262450.html>.
3. https://forbes.kz/life/opinion/pochemu_latinitsa_doljna_stat_kontseptualnyim_vyiborom_kazahstana/ Автор: Жандос Темиргали
4. http://lenta.inform.kz/ru/perehod-kazahskogo-yazyka-na-latnicu-sposobstvet-razvitiyu-turizma_a3064174 Автор: Тимур Дюсекеев

3-бағыт

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Латын графикасы мен төл дыбыстарымыз

*Садуақас Н.А.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ақтөбе, Қазақстан*

Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын [1,2]. Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндалған мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы ұстанымдары мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болған еді. Соған орай ғылыми қауым, жалпы жұртшылық арасында қазақ тіліне, оның жазуына сай келетін латын графикалы әліпби жобаларын талқылау жұмыстары ерекше белсенділік жағдайда жүргізілді. Президент Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы «Қазақстан - 2050» «стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстары балаларымыздың болашағы, олардың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруі үшін жасалып жатқанын айта келе, «ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап көрсеткен еді[2.2]. Президенттің бұл тарихи маңызды шешімін көкірегі ояу, болашақты ойлаған халқы, әсіресе, тіл мамандары, қуана қолдады. Себебі әліпби мен жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байланыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Сондай-ақ Елбасының мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы сарабдал саясаты, оның шетелге барған сапарында БҰҰ мәжілісінде қазақ тілінде сөйлеуі қазір мемлекеттік қызметтегі адамдарға ерекше ықпал етті деп айта аламыз. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Қазіргі Қазақстанның дамып, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты.

Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады,

жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Сонымен бірге кез-келген әліпбиге қойылатын талаптар бар десек, оның ішінде алдымен негізгі үш-төртеуін айтуға болады: 1)әлеуметтік жағы(көпшілікке тиімді, қолдауына ие болуы), 2)графикалық (әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазуға оңтайлы болуы), 3)техникалық (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.), 4) лингвистикалық (тілді дәл жеткізуі) талаптарға сай болуы керек[3.161]. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедергі келтіріп келген ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік туды. Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады екен. Ендеше латын әліпбиінің болашағы да зор.

Әліпби жасау ісі кез-келген адамның тек әр дыбысты таңбалап көрсете салуы емес, сөзді арнайы таңбалармен жазу мәселесін, яғни дыбыс – фонема – графема - әріп байланыстарын, терең білетін фонолог мамандарды қажет етеді. Латын қаріпке негізделген көптеген еңбектер жазылып, әліпби нұсқалары ұсынылды. Солардың арасында әліпби ауыстыру мәселесінің басында жүрген ғалымдардың бірі Ә.Жүнісбек латын қарпіне өту мәселесі екі сатыдан тұру керектігін айтады. Бірінші саты – қолымыздағы жазуымызға реформа жасап алу керек, яғни әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. Бүгінгі жазудың емле-ережесі – орыс-қазақ әліпбиіне келеді. Екінші, қазақтың тіліне үндесім, әуезін, морфемін бұзбайтын әліпби жасау қажет дейді [4.3]. Әліпби жасаумен шұғылданушылардың еңбектеріне зер салсақ, қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалауға латын әріптеріне қосымша белгілер пайдалану ұсынылған. Сонымен қатар, қазіргі әліпбиімізде орыс тілінің он үш әрпі (в, ё, ц, ч, щ, ф, х, ь, ъ, э, ю, я және дауысты –и) бар болса, оның ішінде қазақ тіліне тіпті жат дыбыстар ретінде «ё, ц, щ, ь, ъ, э, ю, я» әріптерін әліпбиге енгізілмеуі керек деген пікірлер айтылды. Әліпбидің алғашқы ұсынылған жобасының жетістігі компьютер пернетақтасына орналаса алатыны, классикалық латын әліпбиіне сай жасалғандығы болса, ал қазақ тіліндегі төл дыбыстардың екі әріппен берілгендігі ойлануды қажет етті. Шама келгенше, «бір әріп - бір дыбыс» деген ұстанымда тұрсақ, оқуға жеңіл болатыны айтылды. Қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп бір дыбысты таңбалау керек» деген ұстаным болған. Соған орай қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «бір әріп – бір дыбыс» ұғымын өзгерте салу да дұрыс емес деп ойлаймыз. Бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру, яғни диграф қолдануды ағылшын жазуының жетістігі деп қарауға болмайды. Егер бүгінгі күні жазу заңдылығын өзгерту мүмкіндігі болса, ағылшындардың өзі де диграфтан қашқан болар еді. Себебі, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымындағы жазулармен салыстырғанда, диграф оқу-жазу әрекетіне көп салмақ түсіреді. Цифрлық технология деп компьютер пернетақтасының жағдайын алға ұстап, тілдің оқу-жазу мәселелерін одан кейін қоюға болмайды. Жаңа әліпбиге диграфтарды алмау керек, ал дәйекшіні қолдану өткен кезең үшін жетістік болғанмен, қазіргі графикалық лингвистика жетістіктері «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын жақтайды. Кезінде Қ.Жұбановтың өзі ұсынған латын әліпбиінде қазақ тілі дыбыстарына алынған әріп санын барынша үнемдеуге

назар аударып, дәйекші арқылы бұрынғы әліпбидегі әріп санын азайтуға және тіліміздегі төл дыбыстардың әрқайсысына әріп-таңба беруге болатынын көрсеткенін білеміз[5,522]. Ғалымның әліпби жасау барысындағы ұстанымдарын ескеріп, қазіргі заманға сай дамыта түсу керек. Сондықтан дәйекшіні қолдану жазу тарихындағы өткен кезең, бүгінгі таңда әліпбиде әр дыбыстың өз таңбасы болмаса, олар жаһандану екпініне қарсы тұра алмай қалады. Жазу тарихына зер салсақ, диграф қолданатын ағылшын әліпбиі жазудың алғашқы кезеңіндегі түрі болса, одан кейін жазу жетілген кезеңде диграфтан бас тартып, диакритикамен жазуға көшті. Себебі, екі әріппен бір дыбысты таңбалау оқу-жазуға салмақ түсірді, ал оған қарағанда түрлі қосымшалармен өзгертіп алынған әріптер тиімді болды. Ал бері келе әліпби одан да жетілдіріліп, апостроф пайдаланылды. Бірақ бұның әріптен тыс белгі ретінде ұмыт қалатын кездері көп еді. Одан кейін «бір әріп-бір дыбыс» графикасын ұстанған нағыз жетілген әліпбилер дүниеге келді. Бұл жетістікке ие болғандар қатарында біздің қазіргі кирилл әліпбиімізді айтуға болды. Кирилл таңбалары арқылы алынған төл дыбыстардың таңбаларындағы қосымша белгілері сол әріптермен жалғасып жатқандықтан олар бір бүгін ретінде танылды. Мысалы, «ө» дыбысына алынған «о» таңбасының ортасы сызылып, бүгін әріп болып тұр. Бүгінгі күні компьютерде жоқ таңбаны алмаймыз деп, төл дыбыстарымыздан айырылып қалмайық. Біздің латын графикалы әліпбиімізде де әр дыбыстың өз таңбасы болғаны жақсы болар еді. Ал апострофты екінші қырынан қарағанда бір әріпті екі дыбысқа беріп, біреуіне өзгеше болу үшін «қолына қамшы» беріп қойғандай болып тұрады. Бас-басына таңбасы болмағандықтан апострофпен жазылатын дыбыстар алдағы уақытта да қауіпті аймақта күн кешеді деп есептейміз. Осылай болса да, әрі тартсақ, компьютер пернетақтасына сыймаймыз, бері тартсақ, «бір әріп - бір дыбысқа» келмей қалады. Солай болғандықтан апострофқа көнбеске шарамыз қалмаған да сияқты болады. Бірақ жаңа әліпби нұсқасында дәйекші (апостроф) шамадан тыс көп болмағаны дұрыс болар еді. Көпшілікке жаңадан ұсынылған әліпбидің екінші жаңа нұсқасы талқыланып жатыр.

№	әріптер	дыбыстар	№	әріптер	дыбыстар
1	Aa	[a]	17	N' n'	[н]
2	A' a'	[ә]	18	O o	[o]
3	B b	[б]	19	O' o'	[ө]
4	D d	[д]	20	P p	[п]
5	E e	[e]	21	Q q	[қ]
6	F f	[ф]	22	R r	[р]
7	G g	[г]	23	S s	[с]
8	G' g'	[ғ]	24	S' s'	[ш]
9	Hh	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[т]
11	I' I'	[и], [й]	27	U u	[ү]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[ү]
13	K k	[к]	29	V v	[в]
14	L l	[л]	30	Y y	[ы]
15	M m	[м]	31	Y' y'	[у]
16	N n	[н]	32	Z z	[з]

Бұл жаңа әліпбиде барлығы 32 әріп (33 дыбысты таңбалайтын) бар. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты, 19 дауыссыз) және бұған қоса, кірме сөздердегі 5 фонеманы («в», «ф», «h», «x», «ч») таңбалайтын әріптер енгізілген. Сонымен бірге екі бөлек дыбыс бір әріппен таңбаланған жағдай да бар(Hh--[x], [h]; I'--[и], [й]). Әліпбиде 9 дыбыс дәйекші арқылы таңбаланған. Оның ішінде қазақ тіліне тән 5 төл дыбыс (ә, ө, ү, ғ, н), 1 кірме дыбыс(ч) және екі тілге де ортақ 3 дыбыс(и/й, ш, у) бар. Әліпбидегі 22 әріптің қай дыбысты таңбалап тұрғаны талас туғызбайды, сондықтан оны жалпы жұрт қателеспей оқи алады(Aa-[a],

В b-[б], D d-[д], E e-[е], F f-[ф], G g-[г], Hh-[х]-[h], I i-[и], J j-[ж], K k-[к], L l-[л], M m-[м], N n-[н], O o-[о], P p-[п], Q q-[қ], R r-[р], S s-[с], T t-[т], V v-[в], Y y-[ы], Z z-[з]). Ал бұдан басқа 7 әріптің қай дыбысты таңбалап тұрғанымен танысу керек, сондықтан оны жалпы жұрт қателеспей оқуға үйренуі тиіс (I i-[и]; I' I' - [и], [й]; S' s' - [ш]; C' c' - [ч]; U u-[ұ]; U' u' - [ү]; Y' y' - [ү]). Бұдан кейін әліпбидегі 8 әріп дәйекшімен берілген сынарларымен қосылап, 16 дыбысты беріп тұрған таңбаларға көз үйретіп, оқып үйрену керек (Aa-[a], A'a'-[ә]; G g-[г], G' g'-[ғ]; I i-[и], I' I' - [и], [й]; N n-[н], N' n'-[ң]; O o-[о], O' o'-[ө]; S s-[с], S' s'-[ш]; U u-[ұ], U' u'-[ү]; Y y-[ы], Y' y'-[ү]). Сыңары жоқ, дәйекшімен таңбаланған 1 әріп бар (C' c' - [ч]).

Бұл әліпбиде А.Байтұрсынов негізін салған үндесім талаптарын да ескеруге назар аударылған деуге болады. Жаңа әліпбиде дәйекші(апостроф) қолдану нәтижесінде тіліміздегі барлық дыбыстарды латын графикасымен таңбалау мүмкін болған, латын әріптерін барынша қазақ тілі дыбыстарына сәйкес таңбалауға назар аударылған. «Бір әріп – бір дыбыс» ұстанымына сай келуі де жаңа әліпбидің жетістігі деп білеміз. Ал әліпбидің кемшілік жағы, яғни жетілдіре түсер тұсы-ол дәйекші санын қысқартып, қазақтың төл дыбыстарының бас-басына жеке таңба беру керек. Бұл әліпбиде төл дыбыстарымыз дәйекші(апостроф) арқылы таңбаланып тұр. Қазіргі жаһандану заманында әр дыбыстың өз таңбасы болмауы олардың қауіпті аумақта қалғанын байқатады. Олар күнделікті қолданыстан шеттеп қалуы мүмкін.

Егер [Ш] дыбысын «C» арқылы, [У] дыбысын «W» арқылы таңбаласақ, дәйекші арқылы жазылатын әріптер саны қысқара түсер еді. Сонымен бірге жаңа әліпбиіміздегі [x] мен [h] дыбыстарын бір таңбаға матап қоймай, [x] дыбысына латынның осы бейнедегі «X» таңбасын беруге болмас па еді. Осы кезге дейін қазақ жазуында өзіміздің төл дыбысымыз «Қ» арқылы айтылатын кейбір сөздер орыстың «X» және арабтың «h» дыбыстарымен жазылып келді. Енді алдағы уақытта да осы [x], [h] дыбыстары өзіміздің төл «Қ» дыбысымен қапталдаса жарыса бере ме екен? Hh -[x], [h]: Қазақ тілінің қазіргі артикуляциялық базасында жоқ дыбыстарды әліпбиге алу тіліміздің фонологиялық заңдылықтарына нұқсан келтіреді. Мысалы, химия, хлор, хоккей. (орыс тілінен келген сөздерде жазылды);Қабар-хабар, қош келдің-хош келдің, қат жазу-хат жазу(қазақ тіліндегі сөздерде); Хадиша-Қадиша; Хакім-Кәкім, әкім, Хамит-Қамит-Әмит; Хорлан-Қорлан (араб тілінен келіп, қазақша игерілген сөздер); «h» - қаһарман-қаһарман, мәшһр- мәшқұр, шаһар - шақар, жиһаз- жиқаз; (ah, oh, аһыла-үһіле- одағай сөздер); Талқылауға екінші ұсынылған жаңа әліпбиді одан әрі жетілдіре түсу бағытында төмендегідей өзгеріс енгізуді ұсынамын:

№	әріптер	дыбыстар	№	әріптер	дыбыстар
1	Aa	[a]	15	N n	[н]
2	A'a'	[ә]	16	O o	[о]
3	B b	[б]	17	O' o'	[ө]
4	C c	[ш]	18	P p	[п]
5	D d	[д]	19	Q q	[қ]
6	E e	[е]	20	R r	[р]
7	F f	[ү]	21	S s	[с]
8	G g	[г]	22	T t	[т]
9	Hh	[ғ]	23	U u	[ұ]
10	I i	[и]	24	V v	[й]
11	J j	[ж]	25	W w	[ү]
12	K k	[к]	26	X x	[ң]
13	L l	[л]	27	Y y	[ы]
14	M m	[м]	28	Z z	[з]
P' p' - [ф]; B' b' - [в]; H'h' - [х]; Q' q' - [қ];					

Бұл ұсынысымда қазақтың 28 дыбысы негізгі бөлікте орналасқан, ал кірме дыбыстар дәйекші арқылы екінші бөлікте орналасқан. Төл дыбыстарымыздан тек «ә» және «ө» дыбыстарына ғана, ал кірме «ф», «в», «х», «һ» дыбыстарын жазғанда дәйекші қолданылатын болады. Ал бұл дәйекшілер кейде қойылмай қалатын кезде де қазақтың төл сөздеріне нұқсан келмейді. Мысалы, «P' p'» - [ф] деп жазғанда дәйекші қалып қойса, оны «ф» емес, «п» деп (фабрика-пабрика), Q' q' - [һ] деп жазғанда дәйекші қалып қойса, оны «һ» емес, «қ» (жиһаз-жиқаз) деп, ал «B'b'»- [в] дыбысын (вагон-бәгөн) «б» деп айтады. Әліпбидегі «Vv»- [й, и] мен «W w»- [у] қазақ-орыс тілдеріндегі сөздерге бірдей алынады. Латын-ағылшынның айтуына сай келмесе де, әліпбидегі мынадай төрт қана дыбыстың «F f» -[γ], «X x»- [ң], «V v», - [й, и] , «Hh» -[ғ] сияқты берілуіне жұртшылық үйренуі тиіс болады. Осы төрт дыбысты меңгерсек, қазақ тілінің табиғатына сай әліпбиіміз болады, дәйекші де азаяды, кірме сөздердегі өзге дыбыстар да қазақ тіліне қарай бейімделіп тұрады.

Қазіргі жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз[6.20]. Жалпы айтқанда, жаңа әліпбиде төл дыбыстарымыздың бас-басына өз таңбалары болуы керек. Қазақ тілінің латын графикалы жаңа әліпбиі оқу-жазуға икемді, қазақ елінің алдағы алар биігіне өз үлесін қоса алатын, мәңгілік елдің жазуына мәңгілік тыныс береді деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»//Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1-2 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы.- Астана, 2012 ж.
3. Садуақас Н.А. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Ақтөбе: Көкжиек, 2015.– 254 б.
4. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек.-Орал,2007.-32 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 б.
6. Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы //Гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). №26 – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2017. 16-21 б.

ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ АУЫСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

*А.Ә.Имангазина
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қайта жаңғыру заманындағы барлық озық технологияның үлгісі болып отырған латын әліпбиіне көшу бұл – еліміз үшін үлкен рухани құбылыс. **«Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады»** деген болатын **ҚР Президенті Н.Назарбаев өз Жолдауында.**

Еліміз тәуелсіздік тәжін кигеннен бері көптеген қазақ тілшілері латын әліпбиіне көшу мәселесін көтеріп келді. Акад. Ә.Т.Қайдар өз мақалаларында қазақ жазуы «ұлтаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік таралу деңгейі жоғары» латын әліпбиі негізінде болуы керек дегенді айтты.

Акад. Ә.Т.Қайдардың бұл үлкен бастамасы ғалымдар мен тілші қауым арасында қызу пікір-талас туғызды. Газет-журнал бетінде де мамандықтары мен жас ерекшеліктері әртүрлі

авторлардың мақалалары жарық көрді. Соған сәйкес қазақ графикасын латын әліпбиіне қабылдау компьютерлендіру ағымына ілесу, халықаралық аренаға шығу, интернетті толыққанды пайдалану, ортақ түркі жазуын қалыптастыру үшін қажет десе, кейбірі оған көшуге қарсы болды.

Акад. Ә.Т.Қайдар өзінің «Қазаққа латын әліпбиі керек пе, жоқ па?» деген мақаласында [1] президентті ресми жарлығын сұраған болатын. Ал «Жеті жыл жыр болған жазу жайында» [2] атты мақаласында түркі халықтарына ортақ әліпби, ортақ жазу жасау тілегін білдірді.

Ұлтымыз үш алфавит жүйесін басынан өткергендігін білеміз. Олар: араб әліпбиі (1929 ж. дейін), латын әліпбиі (1929-1940 жж.), кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940 жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз). Академик Әбдуәли Тұрғанбайұлы Қайдар қазақ жазуының жедел түрде орыс графикасына көшуінің мынадай себебін келтірді: «Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоғлу «Жаңа түсінік» газетіне (09.08.1991) былай деп жазады: «Кеңес үкіметі 1927 жылы КСРО-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб жазуын латын алфавитімен ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928 жылы латын алфавиті түркі жазуы болып қабылданғандықтан кеңес басшылары Анатолия түріктері мен Кеңес Одағындағы түркітілдес халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940 жылдардан кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитін қабылдатқызды. Алтай М. «Латын таңбалары. Қазақ әліпби нұсқаларына сын» атты мақаласында түркі халықтарының жаңа әліпбиінде 8-ден 20-ға дейін әріп айырмашылығы бар екенін атап көрсетті. Бұл ортақ түркі әліпбиі туралы сөз қозғау қажеттілігінің төмендегенін көрсетті [3].

Кейбір мақала авторы, мысалы, «Саясат» журналында жарық көрген «Вопросы реформы казахского алфавита» деген мақала авторы Н.А.Айтқожин кириллица негізінде жасалған түркі тілді әліпбилердің бірде-біреуі қазіргі компьютерлерде қолданылатын бағдарламалардың ешқайсысына сәйкес емес дегенді айтты [4].

Проф. Қ.Б.Күдерінова өзінің «Қазақ жазуының теориялық негіздері» атты еңбегінде: «Біздің ойымызша, компьютер мүмкіндігі дәйекше қолдануға жетсе, онда жаңа қазақ әліпбиі А.Байтұрсынұлының дәйекше арқылы жазу дәстүрін қайта жаңғырту керек. Дәйекше қолдану тек А.Байтұрсынұлының әліпбиінде емес, Х.Досмұхамедұлының (1925), Ж.Аймауытовтың, Ә.Жүнісбектің (2002) әліпбилерінде ұсынылды» деп, дыбыстардың жуан-жіңішкелігін дәйекше арқылы ажыратуды ұсынды [5; 347].

Латын графикасын қазақ әліпбиіне икемдеу бағытында өзінің салмақты ойларымен бөлісіп жүрген филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Ә.Сәдуақас: «Шынында да, әліпби ауыстырудың саясатқа да, басқаға да қатысы жоқ, ең басты қажеттілігін тілдің өзі талап етіп отыр. Тілдің ішкі-сыртқы жағдайы қазіргі жазудың (орфография) айтылымға (орфоэпияға) кері әсер етіп, өзге тілден кірген сөздердің салмағы арта түсіп, кірме дыбыстардың төл сөздеріміздің фонетика-грамматикалық талаптарын бұза бастауы секілді түрлі жағдайлар әліпби өзгерту мәселесін алға тартты. Демек, әліпби өзгерту тек кирилл әріптерін латынмен алмастыру ғана емес, жазу саласында да реформа (қайта қарау) жасау қажеттігін талап етеді. Яғни кирилл әріптерінде қалсақ, осы әліпбидің емле-ережелері де қапталдай жарыса кедергі келтіруін қоймайды. Себебі біз, қазақтар, орыс тілін өз ана тіліміздей еркін меңгерген, сөздерді араластырып айта беруге де үйренген, тіпті кейде қай тілде сөйлеп, қай тілде тыңдап отырғанымызды өзіміз де аңғармай қалатын дәрежеге жеттік. Екі тілдің әріптері де бірдей болғандықтан орыс тіліндегі сөздер де ешқандай кедергісіз ене береді», – деп, қазіргі қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыруды болашаққа жасалған батыл қадам, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп таниды.

Латын әліпбиін енгізу – халқымыздың білімі мен мәдениеті, өнерінің дамуына тағы бір серпіліс әкелетін дара жол. Осы іспен ғылыми түрде айналысып жүрген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Өйткені, латын әліпбиі – әлемдік кеңістікке апаратын жол.

Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә.Т. Қазаққа латын керек пе, жоқ па? // Егемен Қазақстан. 6 қаңтар, 1996 жыл.
2. Жеті жыл жыр болған жазу жайында // Егемен Қазақстан. 16 маусым, 2000 жыл.
3. Алтай М. Латын таңбалалары. Қазақ әліпби нұсқаларына сын // Ана тілі. 15 тамыз, 2002 жыл.
4. Саясат. №12, 1998 жыл.
5. Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазының теориялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. -380 бет.

ҚАЗАҚ ЖАЗУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ

*Куштаева М.Т.
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент*

Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді. Жазу (жазба тіл) - адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Ал ауызекі тіл жайында мұны айта алмаймыз. Ауызекі тілмен сөйлесіп, қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы кеңістікке байланысты болады да, оның шеңберінен шығып кете алмайды. Ол кеңістіктің шеңбері құлаққа естілудің мүмкіндігімен ғана өлшенеді де, адамдар ауызекі тіл арқылы жүзбе-жүз кездескенде ғана, бір-бірімен сөйлесіп пікір алыса алады. Алайда мұндай салыстыру ауызекі тілдің қызметі мен құндылығын ешбір төмендете алмаса керек. Ауызша тіл күнделікті өмірде ауызба-ауыз сөйлесіп, қарым-қатынас жасауда, тікелей өз ара пікір алысуда айрықша қызмет атқарады.

Жазба тілдің ауызекі тілден кейін пайда болғаны, оның жазудың шығып жасалуымен байланысты екендігі белгілі. Жазудың шығып жасалуының, соған сай жазба тілдің жасалуының күллі мәдениет атаулының тарихында орасан зор маңызы болды және болып та отыр. Жазусыз мәдениет атаулыны, өркениет атаулыны көзге елестетудің өзі мүмкін емес.

Адам білімді негізінен жазба тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де - жазба тіл. Көптеген заман бойында жасалған және біздің заманымызда жасалып отырған мол рухани мәдениетті бізден кейінгі ұрпақтарға, дәуірден-дәуірге жеткізетін де - осы жазба тіл.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар. Көне жазу нұсқаларын талдап оқи білу ерте заманда өмір сүріп, қазірде өлі тілдерге айналған тілдермен танысуға немесе қазіргі тілдердің ертедегі қалпымен танысуға және оны білуге мүмкіндік береді.

Әдетте, сөз құрамында айтылатын тіл дыбыстарының жазба тілде қағаз бетіне түсіп жазылуы және соған орай оқылуы үшін олардың белгілі бір таңбалармен белгіленуі шарт. Тіл

дыбыстары жазуда графикалық таңба-әріптермен таңбалаынады. Ал графика дегеннен белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді түсінеміз. Л.В.Щерба графиканы «алфавиттің ережелері (қағидалары)» деп те атайды. Графика белгілі бір қағидаларға негізделеді. Графиканың ең басты мәселелерінің бірі - тілдің алфавитіндегі әріптердің құрамы туралы мәселе. Графикалық қағида бойынша, әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, олардың әрқайсысының өзіне телінген таңбасы (әріп) болуы керек. Екінші сөзбен айтқанда, графика белгілі бір әріп бірнеше фонеманың таңбасы емес, бір фонеманың таңбасы болсын деген қағидаға негізделеді. Бұл қағида графиканың ең басты қағидаларының бірі болып саналады. Ал, егер әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбалана берсе, онда сауат ашу, оқыту ісі, емлені үйрену қиындай түсер еді. Алайда бұл айтылғаннан белгілі бір тілдегі фонемалардың саны мен әріптердің саны өз ара тепе-тең болуы шарт деген ұғым тумауға тиіс. Графиканың транскрипциядан айырмашылығы сол, ол (графика) тілдің дыбыстық құрамын дәлме-дәл және түгел қамтып көрсетуді мақсат етпейді. Алфавиттегі әріптер транскрипциялық таңбалар емес, ол (әріп) басқа әріптермен түрлі-түрлі қарым-қатынаста бола отырып, әр түрлі фонемаларды таңбалауы мүмкін.

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен.

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақтайпалары пайдаланған көне жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің, атап айтқанда, жазудың да тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы, көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, бір кездерде (1929–40) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады. Қазақ жазуы – санаулы ғасырдың емес, мыңдаған дәуірдегі түркілік әлемге ортақ жазуды бастан өткерді. Осымен байланысты қазақ жазуын ұлттық кезеңге дейінгі және ұлттық бағыт кезеңі деп қарастырылады.

Ұлттық кезеңге дейінгі қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы «қадим», «жәдид» деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады.

Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі - дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін қарақаттар атқарған және онда ұлттық жазуға тән емес, тек араб сөздеріне ғана тән таңбалар қазақ тілінің төл сөздерін жазуда да қолданылған. Қадим жазу жүйесінен жәдид жазуының басты ерекшелігі жазуда дауысты дыбыстардың қарақаттар арқылы емес, таңба арқылы беріліп, дауысты дыбыстар үнемі жазуда хатқа түсіріліп отырғандығында

Жәдид, қадим жазу үлгілерінде кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық таңбалар, сонымен қатар халықтық тілден едәуір алшақта болды[1.115].

Араб жазуындағы осындай үйлесімсіздікті жоюға арналған алғашқы қадам «Дала уалаяты», «Айқап» беттерінде көтеріледі. Қазақ тілі туралы, әліппе, емле қағидалары туралы жазушылар — сол кездегі қазақтың оқығандары, мұғалімдер араб әліпбиінің кемшілігі туралы, қазақ сөздерін жазуға толық үйлесімді еместігін, оның орнына ұлттық әліпби шығару керектігін маңызды мәселе ретінде көтеріп отырған.

«Жалпы қазақ жазу тарихында араб графикасын (араб әліпбиін) қабылдауға не себеп болды, қандай ықпал, әсер негізінде араб жазуына бет бұрды, оның халық сауатын ашуда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық таңбалауда кемшілік тудыруының себебі неде?» деген мәселелерді айқындау үшін, араб графикасына көшуге негізделген түркілік бағыт көрсетіледі.

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама. Ғалым қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. А.Байтұрсынұлы сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырады. Әліпбиде қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбады. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені, әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастырады [2.79]. Сондықтан А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз. А.Байтұрсынұлының реформалауынан кейін араб жазуын бүкіл түркі жұрты ұлттық жазу жүйесі деп таныса да, күштеу саясаты өз дегеніне жетіп тынады.

XX ғ. бірінші ширегінде Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшу процесі үдей түседі. Сол кезеңде латын графикасының қазақ қоғамында орын алуы тек саяси идеологиялық түрткі жайтқа негізделді.

Латын графикасын қабылдау қарсаңында, 1920 жылдарда, яғни араб жазуын қолданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбиін қабылдау алдында қазақ зиялылары арасында түрлі бағыттағы пікірталастар болып, олар латыншылдар және арабшылдар немесе қазақшылдар деген екі топқа бөлінді. Қазақтар арасында латын әліпбиіне көшу мәселесі жиырмасыншы жылдың орта тұсынан бастап сөз бола бастады. Алғашқыда осы жөнінде алдыңғы қатардағы қазақ оқымыстылары баспасөз беттерінде арнайы мақала, пікір-талас ретінде өз ойларын білдіріп отырды.

Әліпбиге байланысты көзқарас, пікірталастарды бұқара арасына жариялап халық талқысына салып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Айталық, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. ғалымдардың бірнеше мақалалары оған дәлел бола алады.

Соңында латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру жұмысы басталады. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде бірнеше латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті.

1925-1938 жылдары латын графикасы жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға күшті серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің құрылуына негіз болды.

Латын графикасы негізінде әліпби жүйесін алғаш түзген қазақтың дарынды дипломаты Нәзір Төреқұлов. 1924 жылы Мәскеу қаласында «Жаңа әліпбитуралы» атты кітабында өзінің жобасын көрсетеді. 1924 жылдың басында Халел Досмұхамедұлы бір дәйекшеден құрылған жоба ұсынады. Ғалымның бұл жобасы «Ақ жол» газетінде жарияланған. 1924 жылы Мұхтар Мырзаұлы үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке болып жұп құрауының негізгі ұстанымының бірі ретінде алу қажеттілігін айта отырып, латын әліпбиіне негізделген жоба және 1927 жылы «Тілші» газетінде Телжан Шонанұлының әліпби жобасы ұсынылады. Телжан Шонанұлы әріптердің бас түрін алмайды. Аталған әліпби жобасы 15-16 түркі тілдес халықтардың әліпбиімен салыстырыла түзілді деп баяндай отырып, ғалым әліпби түзудегі негізгі принциптерді

көрсетеді: «Жаңа әліппені алғанда қазақ тілінің үндестік заңы пайдаға асырылсын. Өйткені қазақ әліппесінің дауысты, дауыссыз дыбыстары, жуан, жіңішке болып екі түрлі айтылады. Әр дыбыстың жуан жіңішке түрлеріне дербес арнаулы әріп алынса, әліппедегі таңба 48 шамасы болады. Үндестік заңын қолдансақ әліппедегі әріптеріміз 24 қана болады. Жіңішке сөз алдына дәйекше қойылады да, ол болмаған сөз жуан оқылады. Жаңа әліппе әріптерінің түрі де, аталуы да жер жүзіне ортақ түрде алынсын. Бір дыбысқа бір таңба ғана таңба алынсын» [3.57].

Осыдан кейін ресми түрде барлық мерзімді басылым беттерінде қазақтың жаңа әліпби жүйесі жарияланады. Жалпы бұл әліпби ұлттық жазу негізінде құрылды. Ал ұлттық жазу дегеніміз — ана тілдің дыбыстық жүйесінен ауытқымайтын, ережесі де, әліпбиі де ұлттық дыбыстардың негізінде болатын жазу түрі. 1930 жылы қабылданған әліпби қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты мен 17 дауыссыз дыбысына 29 әріп арналады

Қабылданған әліпбидің «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталуы, түркі халықтары ұстанған принциптің қатал ұсталуы, оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым, кірме әріптер, жол асты, жол үсті белгілерінің жоқ болуы сияқты артықшылықтарымен қатар, әліпбидің кемшілігі де болды. Атап айтқанда, *ә, ө, ы, г* дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған, бас әріп, шылаулардың жазылуы, кейбір әріптердің жазылуы, сөздердің бірге және бөлек жазылуы тәрізді мәселелер, орыс тілінен енген сөздер бірнеше тұрпатта жазылуы т.с.с..

1940 жылы қазақ жазуы кириллицаға негізделген графикаға көшірілді. Осы уақытқа дейін қолданып келеміз. Бұл ауыстыру саяси жағдайға байланысты болды. Б. Әбілқасымов мен Ш.Мәжітаева бұның себебін былай түсіндірді: «1910 жылдардан бастап А.Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын бірден алу түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдатты. 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейін, зиялы қауымның көрнекті өкілдері атылып, айдалып кеткен соң, латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде, қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді» [4.97].

Жоғарыдағы пікірлерді талдай келе, қазақ жазуының тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше өзгеріске ұшырағанын көреміз. Алдымен бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби, ал 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеміз. 42 әріптен тұратын әлемдегі әрпі көп кириллицаға негізделген қазақ жазуы осылайша пайда болды. Мұның да тіліміздің табиғи заңдылығына қарсы келетін жақтары аз болмады. Бұл жағдайды түзетудің жолы, біріншіден, қазақ тілінің жалғамалы тілдер (аглютинативті) тобына жататындығын, екіншіден қазақ тілінің басқа тілдерден ерекшелігі – буын үндестік заңын, дыбыс үндестік заңын, ерін үндестік заңын сақтау мәселесін ескеріп, біздің тілімізге кірме лексика, термин сөздердің үндестік заңдарына бағыну мәселелерін, орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтай отырып, соның негізінде зияткерлік ұлт негізін – қазақ тілін қалыптастыратын графика жасау. Ғылыми негіздерге сүйене отырып, әрі түркі халықтарына ортақ келісілген латын әліпбиінің жобасын басшылыққа алу маңызды, яғни Қ.Жұбанов тілімен «сөз негізі туысынша, жалғауы дыбыс жүйесінше жазылу керек»[5.73].

Қазіргі таңда қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Бұл - заман талабы. Бұл мәселеде ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары әр түрлі. Философиядағы диалектика заңдылығын ескерсек, бұл қалыпты жайт. Себебі, қарама-қайшылықсыз даму мүмкін емес.

Бүгінгі ғаламдық жаһандану үрдісіндегі латын әліпбиі негізіндегі жазудың үстемдік сипаты мен қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртатындай жаңа жазудың қажеттігі еліміздегі әліпби жүйесін өзгерту керектігін танытты. Жазу қалыбын өзгерту, дыбыстық қорымызды жаңа графикада таңбалау тек лингвистикалық қана емес, ұлттық деңгейдегі маңызды мәселе. Латын негізді әліпбиді қабылдау бірнеше маңызды мәселені қамтиды.

Біріншісі латын әліпбиіне негізделген жазу таңбасының әлеуметтік маңызымен байланысты болса, екіншісі лингвистикалық мәселелермен байланысты болады. Жазу таңбасын ауыстырудың саяси-мәдени, психологиялық және экономикалық аспектілері де қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс

Әдебиеттер:

1. Уәли. Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткі жайттардың басымдығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс», 2007. – 410 бет
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992, 382 б.
3. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы, Санат, 1995
4. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда. 2000, 189б.
5. Жұбанұлы Қ., Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2013, 263 б.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Карашулакова У.У.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы,
ағылшын тілі пәнінің аға оқытушысы,
Дүйсенбаева Қ.А.*

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
жаратылыстану факультеті, биология мамандығының I курс студенті
Ақтөбе, Қазақстан*

Қазақ графикасы - қоғамдағы түрлі тарихи әлеуметтік өзгерістерге сәйкес бірнеше бағыттағы жазу нұсқауларына бағындырылған қазақтың дыбыстық жазуы.

Ең алғаш қазақ халқы арасында оқу білімнің дамуының кезінде араб графикасына негізделген әліпби жүйесі таралды. Ертедегі Әл Фараби сынды ғалымдарымыз осы тілде көптеген еңбектер жазып қалдырған. 1929-1940 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, содан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Сонау көне заманда Орхон – Енисей, Талас ескерткіштерінен табылған «Руна» жазуы да қазақ жазуының тағы деп саналады. Мұны археолог, тарихшы ғалымдарымыз зерттеген. Яғни, руна жазуы V-XII ғасырларда пайда болып, қазірге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, латын, кириллица жазулары қазақ жазуының негізі болып саналады. Ең бірінші болып қазақ жазуындағы проблемаларды шешуге арнайы жоба дайындаған Ыбырай Алтынсарин болды. Ол бұл істі 1879 жылы қолға алып, жобаның басты негізі орыс тіліндегі әріптерді қазақ тіліндегі сөздерге қолданып, емлеге келтіру болды. Мысалы, мангдай (мандай), узюк (үзік) және т.б. [1,3]

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің саналы ғұмырын қазақ жазба тілінің дамуына арнады. Тіл мәселесіне келгенде асқан мұқияттылықпен қарап, зер салып, қоғамның, ұлттың дамуында жазудың маңызды орын алатынын түсінді. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы 24 әріптен тұратын ең алғашқы әліпбиді құрастырған.

1930 жылы жаңадан әліпби қолданды. Оның құрамында 9 дауысты мен 17 дауыссыз дыбыстан тұратын 29 әріп құралды. Бұл қабылданған әліпбидің басты артықшылығы мынада:

- 1) Бір дыбыс-бір әріп принципі қатаң сақталды.
- 2) Түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұсталды.

3) Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым.

4) Кірме әріптер жоқ.

5) Жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қабылданған әліпбидің кемшілік тұстары да кездесіп жатты. Мысалы ә, ө, ы, ғ дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған. Сонымен латын әліпбиіне көшкеннен кейін басы шешілмеген бірнеше мәселе туды. Ол бас әріп мәселесі, шылаулардың жазылуы, орыс тіліндегі сөздердің дұрыс аударылмауы. Яғни, бір сөзді бірнеше тұрпатта алып қарастыру орын алды. Сондықтан 1938 жылы әліпби мен емлеге бірнеше өзгерістер енгізілді.

1938 жылға дейін қолданылып келген әліпби жүйесіндегі қателіктерді түзету үшін Орталық атқару комитетінің ұйғаруымен 1938 жылы 1-қаңтардан бастап “Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы” қаулысы жарыққа шықты. Қаулы бойынша әліпбиге көп өзгерістер енгізіліп, қателіктер түзетілді. [2, 17]

Латын әліпбиінің кеңінен қолданылатынын жақсы білеміз. Тарихына көз жүгіртетін болсақ әліпби б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде қолданылып б.з. I ғасырында пайда болды. Ең алғаш әліпбиде 20 әріп болып, кейін бірнеше жаңа әріптер қосылды. Орта ғасырларда латын әліпбиі Еуропаға тарап, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Тіл қазіргі таңда бірқатар дамыған және дамушы елдерде қолданылып жатқандықтан, ол аса маңызды әліпбилер қатарына жатады. Яғни, оның қолданылу аясы кең және ортақ әліпби ретінде қолданысқа ие болады деген сөз. Бұл әр мемлекеттің өздерінің игіліктері мен құндылықтары, әлеуметтік жағынан көтерілуіне жағдай жасап, көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл қоғамның алға ұмтылып, халықтың басқа да халықтармен қарым қатынас құралын атқара алатын құбылыс. Айтар болсақ, жақсы жақтары көп. Әрине, әліпбиді қолданысқа бірден енгізіп, халықтың тілін бірден өзгерту мүмкін емес. Дегенменде ұмтылыс жасап көру бізді артта қалдырмайды.

Әліпбидегі бізге тудырып тұрған басты қиындықтарға тоқталсақ:

Бір буындағы бір дыбыс беретін екі дауысты дыбыс "диаграф"-тың болуы. (ae[ə])

Жуандық белгісі «і» таңбасына қойылып «ы» дыбысына айналуы;

«У» және «z» әріптерін ағылшын тілі варианттарында қолдану;

Қазақстан парламенті мәжілісіндегі үкімет сағатында мәдениет министрі Мұхтар Құл Мұхаммед: «Республиканың латын әліпбиіне көшу - заман талабы. Егер Қазақстанның ғылыми педагогикалық қоғамы шынында да осы идеяны қолдайтын болса, онда латын әліпбиіне көшу керек. Бұл біздің қоғам үшін тиімді»-деп мәлімдеді. [4]

Тілге байланысты түрлі мәселелер қозғалып, белгілі профессор, ғалымдарымыз өз көзқарастарын білдірді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Гога Ходятов:

- «Қазақстанның қазір латын әліпбиіне көшу туралы әңгіме шығарғаны Назарбаевтың саяси ойыны ғана. Ол қазір түркі әлемінің жетекшісі болу үшін аянып жүрген жоқ. Түрік академиясын, Түріксайкеңесін құрды. Оның бәрі - Астанада. Қазақтар өз тілдерін әлі үйреніп жүр. Латын әліпбиіне көшсе тілдерін өшіреді. Бұлары қайырлы болмас»

Айдос Сырым:

- «Бұның артында үлкен саясат және үлкен экономика жатыр. Үлкен саясат дейтініміз Қазақстан ерте ме, кеш пе детоталитаризация және деполонизация үдерістерін өзінің басынан өткізу керек. Рухани құлдықтан шығудың, Ресейдің ықпалынан шығудың бірден-бір жолы жалпы түрік халықтарымен бірге болудың бір үлкен жолы - ортақ әліпбиде болу»-дейді. [4]

Икрам Хасимжанов:

- «Менің ойымша, латын графикасына өтуді біздің халық қолдайды деген үміттемін. Бұл жерде ұлттық мүддені де көздеуіміз керек. Мынау түркі әлемі халықтарының барлығы латын әліпбиіне көшіп, оларды бір-біріне түсінікті ету үшін үлкен ықпал жасауда. Сонымен бірге біз қазақстандықтар көп ұлтты мемлекетпіз. Бұл жерде барлық қоғамдық ұйымдар үкіметтік емес ұйымдар, солармен бірге институттар зерттеу жасап, оның тиімді жолдарын да айтып өту қажет. Сондықтан да бәрін таразыға қойып, бізден бұрын латын әліпбиіне көшкен мемлекеттерде

қандай кемшіліктер болды, қандай қамтылмаған мәселелер болды, олардың барлығын зерттеп, бағдарлама дайындауымыз керек» [4]

Тіл - қоғамды дамытушы негізгі құрал болып табылады. Сондықтан, заман талабына сай халықтың, ұлттың, мемлекеттің қандай тілде қарым-қатынас жасауына аса мән берген абзал. Әрине туған тіліміздің тарихы мен мәнін жоғалтпауымыз қажет. Бірақ та, бір орында тұрып қалмай алға ұмтылу адамзат баласының дамуына, қоғамның дамуына әкеледі. Біздің ойымызша, латын әліпбиіне көшу бастамасын ұсынған елбасымыздың саясаты бірден-бір дұрыс саясат. Латын тілін ағылшын нұсқасында және өз тілімізге жақын нұсқада қолданатын болсақ, көп ұзамай бұл ұмтылыс өз нәтижесін берері хақ. Себебі, латын әліпбиі дүниежүзілік көптеген бірқатар дамыған елдерде қолданысқа ие болған. Ал біз ағылшын тіліне жақын нұсқа етіп шығарған жағдайда дүниежүзілік тілдер қатарын да түсіну бізге зор мүмкіншіліктер тудырар еді.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф., Рахметова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы – 2005
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері, А, 2008 ж.
3. Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминалогиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
4. Сайт:kk.m.wikipedia.org

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ (Тарихи-салыстырмалы аспектіде)

Мұратбек Б.Қ.

*Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Алфавит мәселесі А.Байтұрсыновтың және ол шығарған «Қазақ» газетінің /1913-19/ қызметімен тікелей байланысты. А.Байтұрсынов 1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. Араб алфавитін қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіру мақсатын көздеген еңбектерге А.Байтұрсыновтың «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде 1912-1919 жылдардағы жарияланған *тіл, емле, алфавит* туралы мақалалары, құрастырған әліппелері, оқу құралдары жатады.

А.Байтұрсынұлы ғылыми айналымға түсірген тілдік емес терминдер қатарына енген таңба белгілердің бірен-сараңы араб әліпбиінің қолданыстан шығып қалуына байланысты бүгінде қолданылмай пассив терминдер қатарына өткен. Мәселен, А.Байтұрсынұлы енгізген дауыстылардың жіңішкелігін білдіретін *дәйекші (жұмсақтық дәйектісі)* белгісі қазіргі жазуымызда мүлдем қолданылмайды. Кезінде А.Байтұрсынұлы араб әліпбиінен 16 әріп таңбаны қалдырып, 12 таңбаны алып тастады. 8 таңбаны өзі қосып, барлығы 24 әріптен тұратын әліпби жасады. Олардың 5-і дауысты, 17-і дауыссыз, 2-і жарты дауысты дыбысты таңбалады. Осыған байланысты 1912 жылы шыққан «Оқу құралында»: *«Ылғи жуан айтылатын ғ,қ мен ылғи жіңішке айтылатын к,г,е-ден басқалары жұмсақ белгі тұрмаса жуан айтылып, жұмсақ белгі тұрғанда жіңішке»* айтылатын және *«Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке»* айтылатын боп ереже белгіленген болатын-ды» [1,43],-деген А.Байтұрсынұлының түсініктемесі бар. Осы жолдарда кездесетін *жұмсақ белгі, дәйекші, хәріф, ноқат* деген тіл терминдері қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды.

Жалпы ғалымдардың пікірінше, А. Байтұрсынұлының қазақ жазуын реформалауға ден қоюы 1910- жылдан басталған. А. Байтұрсынұлының өзі «Қазақ жазуы», ал замандастары «*Байтұрсынұлы әліпбиі*» атаған жазу жүйесі қазақ жазуы тарихында «Жаңа емле» деген атпен белгілі. Аталған жаңа жүйе қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін, атап айтқанда үндестік заңының ерекшелігін беруге әлдеқайда қолайлы болды. Белгілі ғалым Н. Уәлиұлы : «*Жалпы жазу теориясы бойынша белгілі бір тілдегі фонемалардың санынан оны таңбалайтын әріптердің саны көп болмаса, тіпті аздау болса, ондай әліпбилердің жүйесі өте жақсы деп бағаланады. Себебі жазу жүйесі фонетикалық транскрипцияның немесе фонологиялық транскрипцияның қайталамасы болмауы тиіс. А. Байтұрсынұлы әліпбиі жазу теориясындағы осы қағидаға сәйкес келеді*» [2,59], -деген баға береді.

Алайда, «Жаңа емле» 1929 жылы латын әліпбиімен алмастырылды. Осыған байланысты лингвистикалық терминдердің біразы пәрменсізденіп, қолданыстан шығып қалды. Бірақ, А. Байтұрсынұлы әліппесін Шығыс Түркістандағы Шынжаң автономиялы ауданын мекен ететін қазақтар күні бүгінге дейін қолданып, зерттеуші С. Жанболат айтқандай «А. Байтұрсынұлының төте жазуына бүкіл әлемде ең соңғы мұрагер болып отыр» [3,218].

Қазақ тіл біліміндегі тілдік емес терминдердің өзіндік қалыптасу жолы бар. Мәселен, А. Байтұрсынұлының 1925 жылы Қызылордада басылып шыққан «Тіл- құрал» еңбегі сөйлем жүйесі мен оның түрлеріне арналған. Оқулықтың екінші бөлімінде сөйлемдер айтылуы мен құрылуына қарай іштей бірнеше топтарға жіктеледі. Автор: «*Айтылу түрлеріне қарай сөйлем төрт түрлі болады*» дей отырып, оларға төмендегідей терминдік атау белгілейді: 1) *сұраулы сөйлем*; 2) *лепті сөйлем*; 3) *тілекті сөйлем*; 4) *жай сөйлем*. Сонымен қатар әр сөйлем түріне сәйкес сөйлем соңында ?-*сұрау белгісі* мен !-*леп белгісі* сияқты тыныс белгілерін қою қажеттігін айқындап береді. Сол сияқты, сөйлемнің «*құрылуынша айырылатын түрлерін*» қолдану барысында оларға өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес *үлкен тыныс белгісі . , ортанышы тыныс белгісі ; , кіші тыныс, ұзын сызық - , қос ноқат : , қабатша «»* деп аталатын тыныс белгілерін қолдануды енгізеді. Бір айта кететін жағдай сұрау белгісі мен леп белгісінен басқа тыныс белгілерін даралап атау үшін белгіленген атаулардың бірнеше варианттары мен дублеттері А. Байтұрсынұлының алғашқы еңбектерінде жарысып қолданылған. Мәселен, - *кіші сызықша, тіркестіру белгісі*, - *үлкен сызықша, жұмсақтау белгісі*, . – *ноқат, нүкте ұлы тыныс, ; - үтірлі ноқат, үтірлі нүкте, орта тыныс, , - теріс үтір, кіші үтір, : - қос ноқат, қос нүкте, бәшелеу белгісі, ... – көп ноқат, көп нүкте, қалдыру белгісі, тастау белгісі, «»-қабат үтір, қабатша, қабатша қос тырнақ, ()-жақша, қамау белгісі*. Бұл құбылыс ұлы ұстаздың тыныс белгілеріне терминдік атау беру барысындағы ізденісін көрсетеді. Байқап отырғанымыздай, жоғарыдағы терминдік атаулар тыныс белгілерінің графикалық суретіне әрі атқаратын қызметіне байланысты қойылған. Сондықтан мұндай жарыспалалық көпшілікті жаңылыстырмау үшін реттелуі тиіс еді. А. Байтұрсынұлының осы бағыттағы ізденісі 1928 жылы шыққан «Тіл жұмсарда» жалғасын тапты. Аталған еңбекте тыныс белгілері *әріп белгілері, сөйлем белгілері, сөз белгілері* деп топтастырылып, оларға терминдік атау белгілеу жүйесі нақтыланады. А. Байтұрсынұлы өз мақсаты туралы: «*Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Мұндағы ат тек сүгіретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылады*», -деп түсіндіріп кетеді. Сонымен сөйлемде қолданылатын тыныс белгілері атқаратын қызметтеріне қарай: **тыныстық** (*дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі*), **жапсарлық** , (*дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі*), **қосарлық** = (*сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін керек болған орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі*), **дәлдеулік** « » (*бұлжытпай дәлдеп көрсетерлік жерде қойылатын белгі*), **сұраулық ?** , **лептеулік !** деген атауларға ие болады. Бұлардан басқа **екпіндік V**, **еместік x** деп аталатын белгілер баспада болмағанымен, балалар оқуға әбден төселіп, сөздерді айырғанша қолданылатын белгі ретінде жұмсалғандығы туралы да мәлімет бар.

Әріп белгілеріне әріптердің түр-түрін ажырату үшін қолданылатын нүкте . мен , үтір жатқызылды. Бір қарағанда өзара ұқсас әріптер, оқығанда нүкте саны мен үтірдің бар-жоғына

байланысты түрлі дыбысталады. Жазу жұмысын жеңілдету үшін А.Байтұрсынұлы екі нүктені сызықша – түрінде, ал әріп үстіндегі үш нүктені тұмсықша белгісімен мына<қалыпта, әріп астындағы үш нүктені тұмсықша белгісін мына>қалыпта жұмсаған. Әріп белгілері суретіне қарай терминдік атауларға ие болған.

Ахмет Байтұрсынұлы *сөз белгілеріне* ‘ дәйекші белгісін жатқызады. Аталған белгілерден бөлек жеңіл бүркеулер деп аталған мына тұрпатты.....белгі де кездеседі.

Байқап отырғанымыздай, А.Байтұрсынұлы тыныс белгілері үшін тек графикалық таңбаларды белгілеумен ғана шектелмей, сонымен қатар олардың суреті мен қызметін ескере отырып, әрқайсысына терминдік атау және анықтама беруге үлкен мән берген. Олардың біразы бүгінге дейін қазақ тіл білімінде өзгеріссіз (*леп белгісі, сұрау белгісі, жақша, көп нүкте*) пәрменді қолданылып келе жатса, енді бір тобы қолданыстан шығып (*жеңіл бүркеу, әріп белгілері, дәлдеулік, лептеулік, ноқат, ұлы тыныс, екпіндік, еместік, жапсарлық, тыныстық, қабатша, қамау белгісі және т.б.*) пәрменсіз тілдік емес терминдер қатарын толықтырған.

Қазақ тіл білімінде графикалық таңба түріндегі шартты белгілерді қолдану дәстүрі бүгінгі күні де жиі кездеседі. Әсіресе, қазақ тіл білімінің фонетика саласында тіл дыбыстарының, екпін жүйесінің табиғаты мен түрін таныту мақсатында оларды таңбалау үрдісі кеңінен қолданылады. Көрнекті ғалымдар І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев зерттеулерінен фонетикалық транскрипция жасау үшін қолданылған қосымша шартты таңбалар мен белгілердің бірнеше түрін кездестіруге болады. Атап көрсетсек, U – белгісі тіркесі екпінге ие сөздерді білдіреді, /- белгісі сөйлем ішіндегі фонетикалық паузаны білдіреді // - белгісі сөйлем шегін білдіреді. Сонымен қатар қазақ тілі дыбыстарының жасалуында ауыздың ашылу қалпын көрсету үшін >- түріндегі [4,237] белгі алынған. Дауыстылардың жуанды-жіңішкелі сыңарларын белгілеу үшін олардың арасына / белгісін қойып отырған. Алайда, бұл шартты графикалық таңбаларды дыбыстап айту үшін арнайы атау берілмеген. Әрине, оларға шартты түрде суретіне қарай болса да, доға, көлбеу сызық, қос көлбеу сызық және тұмсықша сияқты атау да қолданылған.

Тіл дыбыстарын мейлінше дәл бейнелеп көрсету үшін қолданылатын арнайы шартты белгілер мен *диакритикалық таңбалар құрамында сандар мен әріптер кеңінен кездеседі. Мәселен, фонетикалық транскрипцияда жуандық белгісі-1, жіңішкелік белгісі-1', жуан еріндік белгісі-1Ө, еріндік жіңішкелік белгісі-1'Ө, ұяңдық белгісі-У, қатаңдық белгісі-, қысаңдық белгісі //, ашықтық белгісі ретінде <сияқты айрықша таңбалар қолданылады [3,394-395].* Сонымен қатар, дүниежүзіндегі кез келген тілдің дыбысталу ерекшелігін мейлінше дәл беруге мүмкіндік беретін латын әліпбиі негізінде жасалған халықаралық фонетикалық әліпби арқылы қазақ тіліне тән дауысты және дауыссыз дыбыстарды өрнектеп көрсету дәстүрі де қалыптасқан. Тіл мамандары сөйлеу барысында бір буынның екінші буынмен, бір сөздің екінші сөздің буынымен ұштасып жататындығын, сол себепті буындар өзара бір-бірімен алмасып, кейде бір буынның жігі ажырап, екінші буынның дыбыс саны көбейіп отыратындығын мысал арқылы дәлелдеу барысында әріп текті тілдік емес терминдер үлгісін пәрменді қолданады. Атап айтқанда, әуелі қазақ тіліндегі буындарды *жалаң ашық буын А, ашық буын ВА, тұйық буын АВ, бітеу буын ВАВ* деп жіктеп, оларды әріптермен таңбалайды. Сөздердегі буын алмасу үлгісін көрсету үшін төмендегідей математикалық теңдеулер құрастырған:

1. Ашық буын+жалаң буын=ашық буын немесе $ВА+А=ВА$;
2. Тұйық буын+жалаң буын=жалаң буын+ашық буын немесе $АВ+А=А+ВА$;
3. Тұйық буын+жалаң буын=тұйық буын+ашық буын немесе $АВВ+А=АВ+ВА$;
4. Бітеу буын+жалаң буын=ашық буын+ашық буын немесе $ВАВ+А=ВА+ВА$;
5. Бітеу буын+жалаң буын=бітеу буын+ашық буын [3,264-265] және т.б.

Алайда бұл аталған лингвистикалық терминдердің бәрі бірдей көпшілікке танымал, жиі қолданылады деп айтуға келмегендіктен, оларды тіл білімінің белгілі бір саласында ғана қолданылатын пәрменсіз терминдер деп білеміз.

Тілдік және тілдік емес терминдер қатарында да алмасулардың болып тұратындығына көз жеткізуге болады. Терминтану саласының маманы Ш.Құрманбайұлы, сонымен бірге А.В.Суперанская сияқты шетел ғалымының еңбектеріне сүйене отырып, кейбір терминдердің бір ғылым саласынан өзге ғылым саласына немесе сол ғылым саласында қалыптасқан жаңа

мағынасына сәйкес өзінің бастапқы саласына «қайта оралуының» мүмкіндігін айтады. Және бұл үдерістің түрін-кері терминдену (ретерминологизация) [5,15],-деп атайды. Сондай кері терминденген лингвистикалық атаулардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлының *дәйекшісі*. А.Байтұрсынұлы дәйекшіні дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуын білдіретін көмекші белгі ретінде қолданған. Оны кейде жіңішкелік белгісі деп те атаған [2,179-391]. Дәйекші қолдану арқылы кезінде А.Байтұрсынұлы қазақ жазуына қатысты ең маңызды мәселені, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне, яғни үндестік заңына сай ғылыми негізделген әліпби жүйесін жасап берді. А.Байтұрсынұлы: «...дауысты дыбыстардың харіфтерінің жуан я жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың жа жуан я жіңішке айтылмағын айырғанымыз. Дауысты дыбыстарымыз...жіңішке айтылуы үшін алатұғын белгіміз...дәйекші болып сөздің алдына қойылады. Жіңішкелік үшін бір белгі алсақ, 43 түрлі дыбысты дұрыстап жазу үшін 28 белгі жетеді», -деп, араб әліпбиіне реформа жасау арқылы тарихқа «жаңа емле» жазуын әкелді. Әліпби тілге шақ болуы керек екенін де [2,382] ескертті.

Бұл лингвистикалық термин бір кездері пәрменді қолданысқа ие болғанымен, араб графикасы негізінде жасалған А.Байтұрсынұлы әліпбиінің қолданыстан шығуына байланысты біртіндеп пәрменсізденіп барып, мүлдем қолданылмайтын болған еді. Алайда соңғы кездері бұл тілдік емес терминнің қайта ғылыми айналымға түсе бастағанын айтуға болады.

2003 жылы Мемтерминком тіл саласы бойынша 211 екі жүзден аса терминді бекіткен. Бекітілген терминдер қатарында әуен, дыбыс-таңба, сына әріп сияқты жаңа қолданыстағы сөздер бар. Мұндай «дыбыстаңба» терминін кезінде А.Байтұрсынұлы қолданып, кейін ол қолданыстан шығып қалса, енді міне, бүгінде қайта қолданысқа еніп отыр. Сонымен қатар Қ.Жұбановтың еңбектерінен таныс *мұрын жолды дауыссыз, ауыз жолды дауыссыз, сыбырдауыссыз, жуысыңқы* сияқты фонетика саласына қатысты терминдер қайта бекітіліп, сол ұмыт бола бастаған терминдер қайта бекітіліп, сол ұмыт бола бастаған терминдер қажетіне қарай жаңа қолданысқа түсе бастауы-пәрменді терминдер қатары мен пәрменсіз терминдер қатарындағы алмасулардың болып тұратындығына көрнекті мысал бола алады.

А.Байтұрсынұлының терминдерінің пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаған ұлы ұстаз, реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қосқан теңдесі жоқ үлесі жөнінде профессор Бақытжан Хасанұлының: «Әлемдік социолінгвистика ғылымы тіл дамуы үш бағытта жүреді деп есептейді. Ол тілдің таңбалануы, тілдің жаңаруы және тілдің қалыпқа түсуі, нормалануы. Ахаң тіл дамытарлық осы үш бағытта бірдей қалам тартты» [6,121], -деуі тарихи шындық. Ахмет Байтұрсынұлы «Тәнді жан қалай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды сондай билейді» [2,325], -деп, ең алдымен араб әліпбиін қазақ тілінің үндестік заңына сай бейімдеп, «43 түрлі дыбысты 28 әріп-белгімен» [2,382] жазып, оқытатын жаңа емле жүйесін 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралы» арқылы халқына тарту етті. Н.Уәлиұлы келтірген мәліметтерге қарағанда, халық арасында «жаңа емле» деген атпен танымал болған бұл жаңа әліппе 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, қазақ-орыс мектептерінде кеңінен қолданыла бастаса, 1915 жылы дәл осы әліпбимен 15-тен аса кітап басылып шыққан көрінеді. А.Байтұрсынұлының замандастары жаңа әліпбидің мұндай табысты болуының басты себебін «...надо искать в неоспоримости выясненных им законов киргизского языка, на которых зиждутся эти нововедения» [6,28] деп білді.

А.Байтұрсынұлы: «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы» [2,400], -дейді. Қазақстанда оқу-ағарту жұмысымен шұғылданған қазақ халқының басқа да зиялылары араб әліпбиін қазақ тіліне жақындату, ыңғайлау мәселелерімен айналысты. Мәселен, сол тұстағы баспасөз беттерінде алфавит, емле жобаларын ұсынған И.Бейсенбаласының, Ә.Бөкейхановтың, Ж.Жанталиннің, М.Дулатовтың т.б. мақалалары кездеседі. Дегенмен де А.Байтұрсынұлы араб алфавитін тұңғыш реформалаушы, оған сәйкестендіріп емле ережелерін құрастырушы деп есептелінеді. Өйткені ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден қонады.

Оның ұсынған әліпбиін орыс ғалымдары «Байтурсуновский алфавит» деп атаса, ал Е.Д.Поливанов оған:»...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген жетілген ұлттық графика”-деп жоғары баға берген болатын.Бұл жолдар Байтұрсынұлы әліпбиі тек қазақ емес, түркі халықтарының ХХ ғасырдағы тарихының ең елеулі мәдени құбылысы болғандығын сезіндіреді. Е.Омаров «Байтұрсынұлы жазуының» түркі халықтарының тіліне тигізген игі ықпалының бір мысалы ретінде татар тілі фонетикасындағы өзгерістердің тек А.Байтұрсынұлы жасаған алфавит жүйесі негізінде қалыптасқандығын айтады. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби жасаудағы, ұлттық тіл білімін қалыптастырудағы ерен еңбегінің туыстас түркі халықтарына игі әсері қазақ, қырғыз, қарақалпақ ғалымдары профессор Т.Сайранбаев және К.Мұсаұлы, Д.Карбозов , Б.Бекетовтің ғылыми мақалаларына арқау болған.

Сонымен ХХ ғасырдың басында ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынұлы «бір қатар әріптердің үстіне үтір, мәт қою, арабтың әмзесін дәйекшілікке алу, қосар әріп енгізу» [2,248] арқылы сол заманда қолданыста болған араб әліппесіне реформа жасады. Сол жобамен «Тіл-құрал», балалар мен ересектерге арналған әліппе, оқулық, әдістеме, жазу, емле, терминология туралы мақалалар жазып,қазақ жазуы мен емлесі,фонетикасы мен грамматикасы, терминологиясы мен әдістемесінің ғылыми жүйесін жасап берді.Сол арқылы оқу-білімді, ғылымды насихаттады.Жалпы қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуына, оның ішінде тіл білімі терминдерінің жасалып, пәрменді қолданылуына жол ашты.

Бүгінгі күні әліпби мәселесіне қайта оралуымыз,оның қоғамдағы талқысы империкалық қажеттіліктен туды деуге негіз болады.

Қорытындылай келе,латын әліпбиіне көшу,оның лингвистикалық негіздемесі тілдің табиғатына сай және әліпби жазуға қолайлы болуы керек,-деген ғалымдар тарапынан айтылған пікірді ұстанамыз. Қазақ мәдениеті тарихында әліпби,емле мәселесінің ең өзекті де. Жазу-мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі.

Әдебиеттер:

- 1.Біләлов Ш. Ахметтануға кіріспе // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999.
- 2.Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992.
- 3.Жанболат С. Ахмет Байтұрсынұлының Қытай қазақтарындағы төте жазуы //Ұлттық рухтың ұлы тіні. (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған ғылыми мақалалар жинағы). –Алматы: Ғылым, 1999.
- 4.Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. –Алматы, 1975.
- 5.Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. –Алматы: Сөздік-словарь, 2005.
- 6.Хасанұлы Б. Қазақ тілін дамытудың Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген жолдары және тілдің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру мәселелері. –Астана: Елорда, 1998.

Латын графикасы: кешегісі мен бүгіні

*Қарағұлова Б.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті*

Латын әліпбиіне көшу - қазіргі таңдағы басты проблемалардың бірі болып отыр. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек»,- деген болатын. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында

баяндаған терең мәнді ұстанымдары халық арасында әртүрлі пікір туғызып, қызу талқыға айналып жатқаны белгілі. Дегенмен бұл бағыт көпшілік қауымның ықыласына ие болып, қолдау тауып отыр. Бұл мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің және маңызды тарихи оқиғалардың бірі болып табылады. Оның үстіне латын әліпбиі қазақ тілі үшін жат құбылыс емес. Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізді. Уақыт өте келе ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келгені мәлім. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпби қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылғаны белгілі. Бұл кезеңде алаш зиялыларының бұл мәселеге қосқан үлесі зор. Сол кезеңдегі қазақ зиялылары латын әліпбиіне көші мәселесіне зор үлес қосты. Атап айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Н.Төреқұл т.с.с ғалымдар латын әліпбиін қазақы жазуға бейімдеп енгізуге тырысты. Алғашқы латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінде 9 дауысты, 2 жарты дауысты, 18 дауыссыз дыбысты таңбалайтын 29 қаріп болды. Алғашқы латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиін жетілдіру бағытында профессор Қ.Жұбанов ұсынған жобада 25 қаріп, бір дәйекшікөрсетілді. Оның қазақ жазуын жетілдіру бағытындағығылыми ұстанымдарының маңызы зор болды.

Қазіргі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Латын әліпбиіне көшуді жақтаушылар бұл мемлекеттік тілдің өзінің күшіне енуіне оң әсерін тигізеді десе, латынға қарсылық білдірушілер халық арасында сауатсыздық бел алады деп шошуда. Кейбіреулер Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақтың ардақтылары латын әліпбиіне қарсы болған деген пікірлерін де алға тартады. Дегенмен қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Осы мәселеге қатысты етіп, латын әріптері туралы айтқан кезде латын халқы, оның тілі және әліпбиі туралы да айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Латын тарихы өте терең, оны қысқаша айтсақ, олардың мекені Италия жеріндегі Лациум деген жазықтықта орналасқан б.з.д. VIII ғ. латын тайпасы негізін қалаған Рим қаласы болды. Б.з.б. I ғасырдың аяғында көп жерлерді жаулап алған Рим үлкен мемлекет боп V ғасырға дейін өмір сүрді, бүкіл Жерорта теңізі, Испаниядан Грецияға, Кіші Азия мен Египетке дейінгі және қазіргі Франция территориясы, Англия мен Германияның кейбір бөліктері т.б. жерлер Римнің қол астында болып, римдік мемлекеттің тұрғындары латын тілінде сөйлеген. Осы уақытта билік жүргізген империялық Рим мемлекетінің ресми тілі де латын тілі болғандықтан оның тілі мен жазуы бүкіл антик әлеміне тарап, еуропалық өркениетінің негізі болған. Кейіннен Рим мемлекеті ыдыраған кезде оның құрамындағы түрлі ұлттар да бір-бірінен алшақтап, олардың тілдері де өз жолдарын тапты. Сондықтан қазір латын халқы жоқ, лингвистикалық классификация бойынша латын тілі өлі (яғни, қазіргі кезде қолданылмайтын) италийлік тілдерге

жатады. Латын тілінің негізінде ұлттық тілдер, яғни романдық тілдер - итальян, француз, испан, португал, румын және молдаван т.б. тілдері өз алдына қалыптасқан екен. Латын алфавитінің қазіргі бізге жеткен таныс түрі б.з.д VI-III ғ.ғ. қалыптасқан. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды.

Ендеше латын әліпбиінің болашағы да зор. Алайда латын әліпбиіне көшу барысында, бұл мәселе қатысты ғалымдардың еңбектерін назарға ала отырып, төл дыбыстарымызды жоғалтып алмайтындай, тілімізге зияны тимейтіндей, латын әліпбиіне көшу мәселесінде туыстас елдеріміздің жіберген қателерін болдырмайтындай ең дұрыс нұсқасын алғанымыз жөн. Себебі Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Ол - өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір.

Әдебиеттер:

1. Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне түркі және араб, латын жазбалары). – Алматы: 2007. -264 бет
2. Уәли .Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткі жайттардың басымдығы// Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс», 2007. – 410 бет
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992. – 446 б.
4. Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы// гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). №26 – Ақтөбе, 2017 16-21 б.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЛҒА ЖЫЛЖУЫ

*Айтбенбетова А.Қ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан*

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері тіл, мәдениет және руханият саласында тың өзгерістер белең алғаны баршаға аян. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің әлеуметтік-экономикалық, инновациялық жаңғырту үдерістерімен қатар ғылым мен білім салаларының алдына да маңызды міндеттер қойғаны белгілі

Ел тәуелсіздігі оралып, тарихымыз тарам-тарам жолдардан таралып, өзінің сара сүрлеуіне түскен шақта қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле бастады.

Белгілі ғалым, фонолог, филология ғылымының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек «Латын қарпіне көшуден ұтарымыз көп» атты көлемді еңбегін оқи отыра, латын әліпбиіне көшу туралы көзқарасым түбегейлі өзгерді («Ана тілі», 26.12. 2012). Тілімізді жан-жақты зерттеп, оның теориялық базасын жасап, қолдану өрісін кеңейту қажеттілігі өздігінен туындап отырған секілді. Сонау көне тарих қойнауынан бастау алатын қазақ тілі де осындай күрделі өзгерістерді басынан өткерді. 1925-1938 жылдардағы латын графикасына негізделген түркі тілдері әліпбилерін талдау нәтижесінде мынадай қорытындыға келеміз. Латын графикасы жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға күшті серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің құрылуына негіз болды. Себебі, XX ғасырларда жарық көрген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі грамматикасының ережелерін,

терминдерін құрастырудағы еңбектерінен байқаймыз. Сондықтан, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру саясаты ана тіліміздің өзінің ішкі мүмкіншіліктерін пайдалана отыра, өсіп, өркендеуіне, өркениетті елдермен, ұлы тілдермен қатынасқа түсіп, өрісінің кеңеюіне жасалып отырған ізгі қадам деп түсінемін.

Профессор Әлімхан Жүнісбек қазақ тілінде и, у дауысты дыбыстары жоқ, тек й, у дауыссыз дыбыстар ғана бар деген пікірді қарапайым халыққа ұғынықты тілмен жеткізіпті. Енді и-дің орнына йй, у-дың орнына ұу қолданылады. Дауысты и, у дыбыстары «орыстандыру» саясаты ықпалымен тілімізге зорлап енгізілгендігін ұзақ дәлелдепті автор. Олар жоқ болса, енді қазақ тілінде и, у дыбыстарынан сөз басталмайды. Бір кездері қазақ тілінде л, р әріптерінен сөз басталмайды деген пікірталас құлағымызға тиюші еді, жүре келе ондай қатаң ереже жоқ екеніне көз жеткізгенбіз. Онда да осы әріптерден басталатын сөздердің алдына әлсіз ы, і дыбыстарын қою керек екені айтылған. Енді соның кебін и, у дыбыстары киіп тұр. Мысалы, Исатай, Ибатай демей Йсатай, Йбатай деп жазамыз. Сөз ортасында да осы ереже қолданылып, тасымалданады. Қалыйма, Кәкійма, Жййренше, дыйқан, бййлік, шыйрақ, у-ұу, ту-тұу, уақыт-ұуақыт, қуан-құуан, жуан-жұуан, йймйген, йй-мйй-ген секілді кете бермекші. Уали сөзін орыстар Вали дейтін еді ғой, енді оны біз де Ұуалйй деп қолданамыз. Бұны айту оңай болғанмен, әртүрлі сұрақтар туындайды. Салыстырып, ойланып қарайықшы. Исатай, Иран, Ирина – үш тілден алынған 3 сөз. Автордың пікірінше соңғы 2 сөзде дауысты и дыбысы бар, ал қазақ сөзінде ол жоқ, ол йй болып естіледі. Біздіңше, бұл сөздердегі и дыбысы қазіргі қазақтың құлағына еш өзгеріссіз бірдей естілетініне күмән жоқ. Бір кездері айырмашылығы болған шығар, қазір жоқ. Оның себептерін де біршама айттық. Сөйтіп, біз бір әлсіз, болымсыз, ұмытылған, автордың сөзімен айтқанда «ұмыттырылған», кей сөздерде байқалмайтын, елемей кетсе де сөздің мәні өзгермейтін дүдәмал дыбысты іздейтін секілдіміз. Соны қайтадан қалпына келтіруге жұмыстанудамыз. Соған бола бақандай екі дауысты дыбысты жоққа шығарғанымыз қалай? Барлық дыбыстың сөйлеу үстіндегі айтылуын сол күйінде өзгертпей жазатын тіл әлемде жоқ секілді. Мысалы, орыс тіліндегі Елена, Егор сөздерінің транскрипциясы [йелйна], [йегор] деп нақты мысалдармен дәлелдеп, талдап көрсетеді. Сондықтан тіл ғылымының орфография, орфоэпия салалары қалыптасқан. Сондықтан туған тіліміз бәсекеге қабілетті, ықшам, оралымды, икемді, өміршең болсын десек, ғасырлар бойы жинаған құндылықтарымызды мансұқ етпей, бүгінгі деңгейімізді тұрақтандырып барып, келешегімізді ойлайық демекшімін. Төл әліпбиіміздің тағдыры заман талабы, уақыт ағымы, халық мүддесі тұрғысында терең талқыланып, оң шешімін тапсын деген ізгі ниетін білдіреді.

Сонымен қатар, ф.ғ.д., профессор Байынқол Қалиұлы да өзінің біраз жылғы зерттеулерін ортаға сала білген. Біріншіден, латынша әріптердің қолдануға (оқуға, жазуға) қолайлы болу жағын, екіншіден, оларды балаларға, шетел азаматтарына үйретудің оңай болу жолын қарастырған. Профессор өз нұсқасын ұсынуда мынандай ұстанымдарды басшылыққа алған:

- Латынның 26 әрпіне сай келетін қазақ әліпбиін жасау;
- Тек қазақ тілінің өз дыбыстарына ғана әріп (таңба) іздеу (Орыс дыбыстарына әріп іздеп әуре болмадым. Өйткені ол - орыс тілі мамандарының міндеті);
- Жаңадан жасалған қазақ-латын әріптерін жас буын мен қазақ тілін үйренем деген шетел азаматтарына оқытудың, үйретудің оңай болу жағын ойластыру;
- Ол үшін қазақ дыбыстарының әрбіреуін (6 төл дыбыстардан басқаларын) латынның жеке-жеке дыбыстарымен таңбалау; яғни бір дыбысты бір ғана әріппен белгілеу;
- Қазақ дыбыстарына балама болатын латын әріптерін таңдауда құйрықты әріптерді де, үмләуітті әріптерді де, қос нүктелерді де пайдаланбау;
- Қазақтың төл дыбыстарының қасына әліпби құрамында жоқ, бірақ пернетақтада бар Н белгісін қою (Бұл қазақ тілі үшін әріп емес, шартты белгі. Ол оқылмайды. Тек дауысты дыбыстардың қасында тұрса – жіңішкелікті, дауыссыз дыбыстардың қасында тұрса – жуандықты білдіреді), т.б.

Қазіргі таңда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлерінің ұзақ жылғы еңбектерінің нәтижесінде латын әліпбиіне байланысты ұсынылып отырған нұсқа халық, тілшілер арасында оң пікір туғызуда. Әрине, халыққа бірнеше

нұсқа түрлері таратылып, қызу талқыға түсуде. Талқыға қарапайым халықтан бастап тілшілер, саясаткерлер, мемлекеттік қызметкерлер т.б. бірауыздан қатысуда. Яғни, тіліміздің болашақ тағдыры ешкімді де бей-жай қалдырмауда.

ҚР Білім және ғылым министрілігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңызды екенін баса айтқым келеді.

Әдебиеттер:

1. Ижанов З. Әліпби туралы архив не дейді? «Қазақ әдебиеті». — 2000
2. Жүнісбек Ә. «Латын қарпіне көшуден ұтарымыз көп», «Ана тілі», 26.12. 2012.
3. Мусаев К.М. Языки и письменности народов Евразии. — Алматы, 1992. — 27, 28-б.
4. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. канд. дисс. Алматы, 2010

«О ВОПРОСАХ ВВЕДЕНИЯ ЕДИНОГО СТАНДАРТА АЛФАВИТА ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА НА ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ»

*А.С.Батинова
преподаватель кафедры теоретического и прикладного языкознания
Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова
А.А.Байжанова
преподаватель кафедры теоретического и прикладного языкознания
Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова*

В переходе на латинскую письменность есть глубокая логика, заявил президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в своей статье под названием «Болашаққабағдар: рухани жаңғыру» («Курс на будущее: духовное возрождение»), опубликованной сегодня, 12 апреля, в газете «Егемен Қазақстан».

«Это связано с современными технологиями, средой и коммуникациями, также с особенностями процессов в обучении и науке 21-го века. Со школьной скамьи наши дети изучают английский язык и учат латинские буквы, поэтому для молодого поколения не должно возникнуть никаких трудностей и преград. До конца 2017 года с помощью ученых и

обсуждения в обществе необходимо принять новый стандарт графики алфавита», — пишет Назарбаев в своей статье.

Он отмечает, что за долгую историю существования казахский алфавит переводился на ту или иную письменность исключительно из политических соображений, но никак не в интересах народа.

«Все мы знаем, что корни казахского алфавита идут из глубокого прошлого: VI—VII вв. — это раннее средневековье. В этот период на Евразийском континенте возникло и начало использоваться древнетюркское руническое письмо известное науке как «Орхоно-енисейские письмена». Это один из самых древних алфавитов в истории человечества. В V—XV веках тюркский язык был языком межнационального общения на значительной территории Евразийского континента. К примеру, все официальные документы и международные переписки Золотой Орды велись в основном на тюркском языке. Когда наш народ принял ислам, использование рунической письменности начало постепенно снижаться, началось распространение арабского языка и арабского алфавита. С X по XX век, в течение 900 лет на территории Казахстана использовался арабский алфавит. 7 августа 1929 года Президиум Центрального исполнительного комитета СССР и Совета народных комиссаров СССР принял постановление о внедрении «Единого тюркского алфавита» на основе латиницы. Письменность на основе латинского алфавита использовалась с 1929 года по 1940 год, затем случился переход на кириллицу. 13 ноября 1940 года был принят Закон «О переводе казахского языка с латинского алфавита на алфавит на основе русской графики». Таким образом, история перевода казахского алфавита на тот или иной алфавит диктовалась определенными политическими мотивами».

При этом президент напоминает, что заявлял о необходимости перехода с 2025 года на латиницу еще в 2012 году в Стратегии «Казахстан-2050».

"Это означает, что с обозначенного периода мы начинаем переход на латиницу во всех сферах. То есть к 2025 году мы должны начать использовать латиницу в делопроизводстве и осуществлять на ней публикацию периодической печати, учебников и всего остального. Этот период уже приблизился, поэтому, не теряя времени, мы должны приступить к этой работе сейчас. Правительству необходимо разработать конкретный план по переводу казахского языка на латинский алфавит. До конца 2017 года при помощи представителей научной среды и используя советы общественности необходимо принять единый стандарт казахского алфавита в новой графике. С 2018 года мы должны приступить к обучению специалистов, которые будут обучать новому алфавиту, а также должны начать готовить учебники для школ. В предстоящие два года должны проводиться организационные и методические работы. Конечно, в период адаптации к новому алфавиту определенное время будет использоваться и кириллица», — поясняет Назарбаев.

В ходе общественной дискуссии выяснилось, что у президентской инициативы немало противников, которые считали и считают, что перевод казахского языка на латиницу приведет к обнищанию фонетической специфики казахского языка. Дело в том, что, по мнению лингвистов, латинский алфавит менее приспособлен к казахскому языку, нежели привычная всем кириллица, — в частности он содержит в себе почти в половину меньше необходимых букв. Сейчас в казахском языке используется **33 буквы русского алфавита плюс 9 специфических букв. Латиница же может предложить всего 26 букв алфавита.**

Отметим также, что идея о переходе на латиницу в казахстанском обществе витает уже давно — буквально с момента распада СССР. Однако какие-либо решительные шаги в этом направлении до сих пор не предпринимались. Причин тому множество. В первую очередь, далеко не все граждане страны выражают оптимизм в отношении латиницы. Во-вторых, среди сторонников перехода нет четкого понимания, какой именно алфавит (а есть несколько вариантов казахского алфавита в латинской транскрипции) использовать. В-третьих, такой переход потребует больших материальных ресурсов.

Переход на латиницу направлен, прежде всего, на реформирование казахского алфавита и правил орфографии, что позволит установить соответствие между фонетикой языка и его

графикой. Введение латиницы призвано решить внутренние вопросы развития и совершенствования государственного языка. Гармоничное сочетание государственного и русского языка, языков всех этносов, проживающих в Казахстане, остается гарантированной конституционной нормой.

Государство продолжит развитие трехязычия в стране, обеспечение поддержки языков этнических групп. Вместе с тем, государственный язык не только станет главным фактором консолидации общества в Казахстане, но и обеспечит удовлетворение чаяний казахов, граждан зарубежных стран, пишущих на латинском алфавите.

Миллионы наших соотечественников живут в более чем 40 странах за рубежом, в том числе и в «латиноалфавитных». Для них открываются новые возможности для развития родного языка и письменности, сближения с исторической родиной. Безусловно, казахский язык будет доступнее для изучения, а страна получит новые возможности для продвижения за рубежом нашей культуры, станет привлекательнее для бизнеса и туризма, получит дополнительный стимул для трансферта инвестиций и передовых технологий.

Существуют очень много разногласий и споров по этому вопросу .

Газета «Литер» собрала мнение широкой общественности по этому актуальному вопросу.

«Я как историк знаю, что древние тюрки пользовались рунической письменностью, хорезмийским, согдийским письмом, древнеуйгурским и найманским алфавитами. Во-вторых, в течение долгого времени в Казахстане кириллица и латиница будут существовать параллельно. Естественно, что граждане будут пользоваться ими около десяти лет. Этот хороший срок, чтобы адаптироваться к новым условиям. Человек вправе выбрать удобный ему формат.

Не стоит бояться этого перехода. Русскоязычный человек так же будет пользоваться кириллицей, как и раньше, но знание латинского алфавита позволит ему более тесно войти в мировое информационное пространство. В-третьих, будут приниматься нормативные документы, которые в прозрачной форме доведут до населения это нововведение.» - цитирует Буркитбай Аяган, директор Института истории государства, доктор исторических наук, профессор.

Некоторые социологи и языковеды считают, что наш казахстанский народ еще не готов к таким переменам и мы ничего не добьемся, перейдя на латиницу.

Стоит ли в угоду какому-то мнению, в угоду не всеми принятым идеям вновь и вновь сознательно подвергать свой народ столь длительным тяготам? И с научно-практической, и с прагматической точки зрения невольно приходишь к выводу, что народ у нас не такой богатый, чтобы при всем своем патриотизме тратить столько миллиардов денег, столько нервов и десятилетий на сомнительный эксперимент по освоению латиницы. Перенос всего национального корпуса казахской литературы (художественной, технической, учебной, деловой и т.д.) на латинский алфавит, помимо всего прочего, вызовет в будущем невиданное напряжение в обществе. Каждый будет протаскивать "своих", что пахнет страшной коррупцией, борьбой кланов, жузов и так далее. В связи с этим многие участники дебатов и сторонники латиницы начнут педалировать чувства патриотизма, национального достоинства и тому подобное. Мне кажется, что это очень мешает общему ходу обсуждения и здравому решению проблемы. Мы все патриоты, все любим свое отечество, любим свой красивый, могучий казахский язык. Но это не значит, что мы должны так спешить и так пренебрегать всеми теми достижениями, которые дались казахскому народу с таким большим трудом.

Политическая составляющая дискуссии о переходе на латинскую графику казахского языка себя исчерпала, так как такое решение принято на высшем политическом уровне. В настоящее время основным является вопрос реализации конкретных шагов и действий в осуществлении реформы языка.

Таким образом, процесс латинизации казахского алфавита выходит на технический уровень, в рамках которого целесообразно оценить проблемы и сложности, связанные с языковой трансформацией, потребности в ресурсах (интеллектуальных, материальных, технологических, финансовых и т.д.), определить целевые измеряемые индикаторы

эффективности, методы и формы их достижения. Технический уровень предполагает и кропотливую работу по созданию парадигмы казахской латиницы и по формированию Единого стандарта алфавита казахского языка на основе латинской графики.

Литература:

1. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» // akorda.kz
2. Латын жайлы Шахановтың жанайқайы // М. Шаханов, 2017
3. Жазушылар латын әліпбиінің нұсқасына қарсы шықты // КТК, 21.09.2017
4. Турецкий алфавит станет казахским. Астана выходит из российского информационного поля // НГ, 27.07.2017
5. Новости КазАқпарат на латинице
6. <https://vlast.kz/obsshestvo/24755-glavnoe-ne-toropitsa-kazahskij-alfavit-na-latinice-prezentovan-v-parlamente.html>
7. <http://www.zakon.kz/4877319-kakim-budet-novyuy-kazahskiy-alfavit.html>

Латын жазуына көшу – рухани жаңғыру негізі

Миров М.О.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе

өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі таңдағы жылдам өзгеретін құбылмалы қоғамда тек экономикамыздың дамуына ғана емес, ұлтымыздың рухани тұрғыдан өркендеп-дамуына ерекше назар аударған жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Латын қарпіне көшу, емлесіне назар аудару қай уақытта да өзекті болғаны тарихтан белгілі. Бұл күнде латын әліпбиі Еуропа, Азия, Африка және Америка құрлықтарының көптеген мемлекеттерінің жазу жүйесіне негіз болып отыр. Бұл жазу жүйесі, сонымен қатар, Аустралияның, сондай-ақ Жаңа Зеландия, Индонезия, Филиппин, Исландия секілді мемлекеттердің де жазу үлгісіне айналып кеткен. Филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметовтың пікірінше латын графикасының әлемдік деңгейге шығуына бірнеше себептер бар:

Біріншіден, латын графикасының таралуына, алдымен, Рим империясының тез нығайып, қанат жаюы түрткі болды.

Екіншіден, христиан дінінің таралуымен байланысты бұл жазу үлгісі Батыс және Солтүстік Еуропа халықтарының байырғы руникалық таңбаларын толықтай ығыстырып шығарды.

Үшіншіден, әлем тарихында теңдесі болмаған Британия империясының жер бетінің бестен біріне үстемдік етуі де латын графикасының кең таралуына тікелей себеп болды.

Төртіншіден, латын графикасының Америка континенттеріне таралуына Британия империясымен қатар, роман тілді Франция, Испания, Португалия мемлекеттерінің ықпалы да аз болған жоқ.

Бесіншіден, латын графикасының планета бетіне жаппай таралуына XX ғасырдың 50-60 жылдарында, алдымен АҚШ-та, содан соң Ұлыбритания мен Францияда өріс алған компьютер

технологияларының жылдам дамуы мен сол технологиялардың негізінде, алдымен АҚШ-та өркен жайып, содан соң, өте қысқа уақыт ішінде күллі әлемді орап алған Интернет байланыс технологиялары да себеп болды.

Алтыншыдан, күллі ғаламды шарпыған жаһандану үдерісі ағылшын тілі мен латын графикасының көкжиегін бұрынғыдан бетер кеңейтіп жіберді. Өйткені, бүгінгі заманауи технологиялар мен инновациялық идеялардың басым көпшілігінің ағылшын тілді әлемнен бастау алып отырғаны жасырын емес.

Латын графикасына көшу үрдісі Түркі әлемін де айналып өткен жоқ. Тарих деректеріне сүйенсек, 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылданғаны мәлім. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданыста болып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті.

Бұл мәселе төңірегінде кезінде тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өзінің ғылыми пайымдарын ақпарат құралдарында беріп, алқалы жиында айта білген. 1929 жылы «Ғылыми орфографиялық конференцияның» екінші мәжілісінде ол Ленинградтағы Шығыстың тірі тілдер институты тарапынан өкіл болып қатысып, сөз сөйлейді. Қызылордадағы жарыссөз кезінде ол К.К. Юдахиннің орысша даярлаған сөзін қазақша стенограммаға аударып береді.

Аталған бас қосудағы сөзінде проф. Қ. Жұбанов: «Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуы керек; тіліміздің жаратылысына қарасақ, емлеміз дыбыс негізді болу керек», - деп тұжырым жасаған Қ. Жұбанов мұраларын іздестіру үстінде архив қойнауынан ғалымның 20-жылдардағы халықты сауаттандыру турасындағы қызметі жайында жаңа бір дерек табылды. Ақтөбе облыстық «Кедей» газетінің (қазіргі «Ақтөбе») 1928 жылғы №35, 36 сандарында Қ. Жұбановтың «Жаңа әліппе сабақтарын» жүргізгенін білдік. Бұл сабақтарды газет бетінде жариялаудың негізгі мақсаты: алда қабылданатын жаңа әліппені қалың бұқараға тез үйретіп, сауаттандыру еді. Аталған мақала 2 номерде (№35-36) жарияланып, соңына Құдайберген Жұбанұлы деп қол қойған.

Сол 1928 жылдың 7 қарашасындағы «Кедей» газетінде басылған мақаланың беташарын өзгеріссіз бере отырып, заманалар табының біраз сырын бағамдағандай боламыз. Қараңыз:

Округтік жаңа әліппе комитетінде «Ақтөбе округінде жаңа әліппе комитеті өткен жылы жаз ортасында құрылса да ешбір жұмыс атқармаған екен. Осыны ескеріп округтың партия комитеті жаңа әліппе комитетінің баяндамасын тыңдап, комитет мүшелерін жаңарту керек деп тапты. Комитеттің жаңа мүшелері мыналар: Жандосұлы (бастық), Тоқмырзақұлы (хатшы), Жұбанұлы, Жәнібекұлы, Ниетәліұлы, кандидат-Үмітбайұлы. Жаңа кабинет іске кірісті. Комитетінің тығыз бітіретін жұмыстарының ішінде мыналар бар: 1. Аудандарда жаңа әліппе комитетін құру. 2. Округтің кіндікке жаңа әліппе жақтаушылардың қоғамын ашу, оның үйлерін, орындарын мектептерден ашу. 3. Мектептерге сауатсыздық жою орындарына жаңа әліппе сабағын тегіс кіргізу. 4. Үгіт, түсіндіру жұмысын молайту. 5. Ноябрьде болатын аймақтық латыншылар конференция дайындалуы тағы-тағылары...».

Хабарлама соңына «Қ.Ж.» деп қол қойылған. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің ғылыми қызметкері Б. Байғалиевтің анықтамасына қарағанда «Кедей», «Еңбекші қазақ» газеттерінде Қ.Жұбановтың мақалалары «Қ.Ж.», «Қ.Жұбанұлы», «Құдайберген» деген бүркеншік аттармен жарияланып тұрған.

Латын жазуына көшу туралы бұл тарихтың бір парасы ғана деп білеміз. Барша алаш зиялаларының қызу талқысына түскен аталмыш жазудың ұлт руханиятын өркендетуде алар орны ерекше екені дау тудырмас ақиқат.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, 2017 ж
2. Қазақстан жаңа әліппешілерінің тұңғыш конференциясы (1928 ж. 9-12 желтоқсан) Қ. Жұбановтың сөйлеген сөзі 27-29 және 56-57 беттерде. Қазақстан баспасы-1930.
3. Жұбанов Қ. Қазақ жаңа әліп кіндік комитеті 1929 жылдың 2 – 4 маусым күндері өткізген ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөзі. Стенографиялық есеп. Қызылорда, 1930. 81 – 90-б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жобасы. Мемлекеттік терминком бюллетені. 1935, №1, 5 май. 29-беттер.
5. Малов С.Е. Қазақстан мәдени құрылыс қайраткерлерінің съезінде сөйлеген сөзі (Қараңыз: ҚазССР Орталық Мемлекеттік архиві, ф.81, оп.3, д.1086, 10-12 беттер).
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы. Мемлекеттік терминком комитетінің бюллетені, 1935 ж., №4. 25 мамыр, 1-3 беттер.
7. Жұбанұлы Құдайберген. Жаңа әліппе сабақтары. «Кедей» газеті, №35, 36. 1928 жыл.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ЫҚПАЛЫ

Әбдірова Ш.Ғ.

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының оқытушысы

Берстенова А.Б.

Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының оқытушысы,

Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылым мен техниканың дамуы – өкениетті болашақтың кілті. Барлық ғылым мен техниканың тілін түсіну, ақпаратты игеру тілі – ағылшын тілі болып тұр. Осы мәселеге байланысты оқушылардың ағылшын тілін жетік меңгеруі үшін мектеп бағдарламасы бойынша бірінші класстан бастан ағылшын тілі оқытылады. Қазақстанның латын әліпбиіне көшу процесінің өз логикасы бар дейді елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Елбасымыздың пікірінше, бұл қазіргі заманда енгізіліп жатқан технологиялар мен коммуникация және ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты. «Ағылшын тілін балалар қазірдің өзінде бастауыш мектепте үйреніп жатқандықтан, олар әріптермен таныс деуге болады. Сондықтан жаңа ұрпақтарымызға латын әліпбиіне көшу қиындық тудырмайды»-дейді сеніммен Н.Ә.Назарбаев. 2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының ХІІ сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың

ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады...», «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» — деген сөзі де көп нәрседен хабардар етеді.

Жалпы қазақ жазу тарихындағы өзгерістер мен әліпбилердің ауысуы себептерін талдап, салыстыра баға беру нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға тура келеді. Әліпби реформасына байланысты бұл кезде екі түрлі көзқарас болды. Бірінші топ — қазақ тілінің дыбыс жүйесін беруде араб жазуының мүлде жарамсыздығын дәлелдеп, оны басқа әліпбимен ауыстыруға шақырса, екінші топтағылар араб әліпбиін ғасырлар бойы пайдаланып отырғандықтан, рухани мұрамыздан қол үзбеу үшін әліпбиді түбегейлі реформалауға қарсы тұрып, тек қана өзгерістер енгізумен шектелу керектігін қолдайды.

А.Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуымен тез арада, әрі жеңіл, оп-оңай сауат аша бастаған қазақ халқын тағы да жаңадан латын таңбасымен қайтадан сауат ашуға мәжбүр етті. XX ғ. бірінші ширегінде Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшу процесі үдей түседі.

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері, оқушы жастар, оқытушылар латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтерді. Бұған дейін қазақ жазуы А.Байтұрсынұлының емлесі негізінде жүргізілген еді. Алайда латын қозғалысының кең түрде насихаттала бастауы араб жазуын ығыстыра бастады.

Латын графикасын қабылдау қарсаңында, 1920 жылдарда, яғни араб жазуын қолданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбиін қабылдау алдында қазақ зиялылары арасында түрлі бағыттағы пікірталастар болып, олар латыншылдар және арабшылдар немесе қазақшылдар деген екі топқа бөлінді. Латын графикасын ұсынғандар төмендегідей өзекті мәселені қозғаған:

Жаңа әліппені алғанда қазақ тілінің үндестік заңы пайдаға асырылсын. Өйткені қазақ әліпбесінің дауысты, дауыссыз дыбыстары, жуан, жіңішке болып екі түрлі айтылады. Әр дыбыстың жуан жіңішке түрлеріне дербес арнаулы әріп алынса, әліпбедегі таңба 48 шамасы болады. Үндестік заңын қолдансақ әліпбедегі әріптеріміз 24 қана болады. Жіңішке сөз алдына дәйекше қойылады да, ол болмаған сөз жуан оқылады. Жаңа әліпбе әріптерінің түрі де, аталуы да жер жүзіне ортақ түрде алынсын. Бір дыбысқа бір таңба ғана таңба алынсын.

Аталмыш әліпбидің артықшылығы:

1. «Бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды;
2. Түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұсталды;
3. Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;
4. Кірме әріптер жоқ;
5. Жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі:

Кемшілігі ретінде *ә, ө, ы, г* дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған. Сонымен латын әліпбиіне көшкеннен кейін басы шешілмеген бірнеше мәселе туады. Ол – бас әріп мәселесі, шылаулардың жазылуы, кейбір әріптердің жазылуы, сөздердің бірге және бөлек жазылуытәрізді мәселелер. Бірақ ең басты мәселе орыс сөздерінің дұрыс орфографиялануы болды. Орыс тілінен енген сөздер бірнеше тұрпатта жазылды. Сондықтан 1938 жылы әліпби және емлеге бірнеше өзгерістер енгізіледі. Орыс тілінен енген сөздер түпнұсқалыққа негізделе бастайды. Осы жылдардан бастап қазақ әліпбиіне *в, ф, х* әріптері, кейіннен олардың саны екі есе өсіп кеткені белгілі [5].

Ал қазіргі заман талабынан туындап отырған латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобалары жан-жақты ойластырылып, ғалымдар тарапынан құрастырылған ғылыми нақтыланған жобалар. Онда қазіргі әліпби жүйелерінде шешімін тапқан, сонымен қатар жазу тарихымыздағы тәжірибелерді қорытып, дұрыс нәтиже көрсеткен сараптамалар пайдаланылуда. Қазіргі қазақ жазбасында енгізуге толықтай жарамды. Әріптерді белгілеудегі

жеке-дара пікір қайшылықтары болғанымен, қазақ халқы үшін латын графикасына өту заман талабына сәйкес өте қажетті де маңызды болып саналады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі

әріп	фонема	әріп	фонема
А	(a)	В	(b)
Б	(ы)	d	(д)
О	(o)	g	(г)
u	(y)	g	(ғ)
Е	(e)	Z	(з)
Ә	(ə)	c	(ж)
І	(i)	h	(h)
Ө	(ө)	m	(м)
У	(y)	n	(н)
Р	(p)	n	(н)
t	(t)	v	(y)
К	(k)	l	(л)
Q	(q)	r	(p)
S	(c)	j	(й)
с	(ш)		

Жаңа әліпбиге ауысар кезде екі әліпбиді салыстырып, бір-біріне жақын дыбысталатын қаріптерге назар аудару керек. Әліпби жасаушылардың айтуынша, ешқандай талас тудырмайтын, кирилл мен латындағы бірдей қаріптер: «а, е, і, о, к, м, т». Баламасы анық, ешқандай талас тудырмайтын қаріптер: «b, d, f, g, h, j, l, n, p, r, s, u, v, y, z». Қазақша дыбыстарға негізделген латынның қосымша әріптері: «ää — әә, ğğ — ғғ, ii — ыы, ññ — ңң, öö — өө, qq — ққ, üü — үү, ww — ұұ». Ал қажетсіз болатын қаріптер: «ц, щ, ь, ь, h, э, ю, я» деген пікірлер айтылып жүр. Әліпби өзгерген сайын орфографиялық нормалар да өзгереді, ал орфоэпиялық нормалар өзгеріске түсе бермейді. Алайда әріпке сүйене сөйлеу етек алған кезде тілдің басты өзегі болатын орфоэпиялық нормаларға да қауіп төнетінін бүгінгі күннің өзгерісі көрсетіп отырғандығын тілші ғалымдар жиі айтуда.

Мәселен, Ж. Аймауытов «Емлені өзгертуге жоба» деген мақаласында: «...Емлені өзгерту керек дегендегі көзде тұтатұн бас нысанам – сөзді грамматике заңына тірей бермей, қалай естілсе, солай жазу, емле ережелерін азайту, яғни жоғалту», – деп жазған болатын [Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда. – 2000, 186 б.]. Ал А.Байтұрсынов та араб жазуына негізделген әліпбиді ұсынғанда фонетикалық ұстанымды мақұл көрді. Ол: «Хасыл кәләм ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху не сарф жолыменен ыспат етілсін», – дейді

Қазіргі таңдағы латын графикасына көшу мәселесі заман талабынан туындап отыр. Бұған дәлел ретінде түркі халықтарының басым бөлігінің латын жазуына көшуі, ақпараттық технологиялардағы хәріптердің латын тілінде болуы, тілдің табиғи тазалығын сақтаудағы әсері, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаруы, уақыт пен қаржыны үнемдеу, латын әліпбиіне көше отырып, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашу, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданатындықтан олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуге мүмкіндіктердің туындауын көрсетуге болады.

Қорытындылай айтқанда, латын әліпбиіне көшу – халқымыздың жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, ана тіліміздің көркеюіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосатын фактор деп санаймыз. Латын әліпбиіне көшу оқушылардың ағылшын тілін тез

иегруіне, сауатты жазуына да зор ықпал етеді. Латын әліпбиіне көшу бастауыш класс оқушыларының психологиялық-моральдық тұрғыдан сабаққа бейімделуіне де оң әсерін тигізеді.

Латын әліпбиіне көше отырып, ағылшын тілін жаппай мектеп қабырғасынан үйреніп, сауатты жазуға бейімделеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010
2. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. А, 1971 –170 б. 43-бет
3. Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. автореф. Алматы, 2006.–130 б.
4. Хасанов Ғ.Қ. Латын әліпбиіне көшу – тіл реформасының бір сатысы.
5. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. канд. дисс. Алматы, 2010.

Латын әліпбиі - қазақ тілінің жарқын болашағы

Сәдірова Ә.С.,

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын [1]. Ал жақында ғана жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – деді. Бүгінде бұл мәселе төңірегінде қоғам арасында қызу талқы жүруімен қатар, әліпбиді бір жүйеге келтіру жөнінде мамандар да өз істеріне жұмыла кірісіп кетті. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ф.ғ.д., профессор Нұргелді Уәлидің «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» атты мақаласында қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге себеп болатын төмендегідей бірнеше факторлар көрсетіледі:

Мәдени-әлеуметтік: тіліміздің жазу тәжірибесінде бұрын-соңды кеткен кемшіліктерді жаңа әліпбиде қайталамау – тіл иелерінің жазу-сызу мәдениетін көтеруге, адамзат тарихындағы ерекше феномен, құндылық ретіндегі ұлттық тілдің бет-бедерін сақтап қалуға зор ықпалын тигізеді;

Лингвистикалық: әлемдік лингвистиканың әліпби теориясында негізделген «әріп саны дыбыс санынан алшақ кетпейтін әліпби идеалды нұсқа» деген талапқа мүлде сәйкес келмейтін, басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген, қосамжар, яғни екі тілдің

орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін, оның өзіндік табиғатын бейнелеп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізетін жаңа жазу-сызу жүйесін ұсыну;

Экономикалық: әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру, қарқындап дамыған алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелес бола алу үшін дүниежүзі бойынша кеңінен қолданылып, сапаның бір көрсеткішіне айналған графикаға көшу арқылы көштен қалмау;

Саяси: 70-жылдан астам үстемдік құрған тоталитарлық жүйенің құрсауынан жазу жүйесін құтқару, бодан елдің тоқырап қалған ұлттық санасын ояту; егемен мемлекеттің рәмізінің бірінен саналатын ұлттық жазу әліпбиін қалыптастыру;

Психологиялық: Кеңестік тоталитарлық жүйенің салтанат құрған кезеңінде бойға сіңіп қалған енжарлық, кез келген мәселеде бауырлас аға елдің құзырына жүгінуден бұзылған өзіндік сөйлеу, дыбыстау, жазу дәстүрін қалыптастыру үшін осы үрдіспен тығыз байланысып қалған «кирил жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген стереотиптен арылу;

Тарихи: түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану, ХХ ғасырдың басындағы латын графикасына негізделген жазу дәстүріне қайта оралу. Жаңа әліпби шетелдік отандастарымыздың ана тілінде шыққан баспа өнімдерін қиындықсыз оқи алатындай болуы керек. 42 әріпке негізделген жазуда 13 әріп бөтен тілдік таңбалар болғандықтан, біздің мектеп оқушылары да, қазақ тілін оқып-үйренушілер де, шетелдегі қандастарымыз да қиындық көріп жүр. Әлгіндей шетелдегі бауырластарымыздың кирилше шыққан ана тіліміздегі басылымдарды қаншама тырысып оқып үйренгісі келгенмен, оларды психологиялық шеттен таңбалар жүйесі қиындыққа душар ететіні белгілі. Жаңа әліпбиге көшу латын графикасы негізіндегі жазуды қолданып отырған түркітілдес бауырластарымызбен әдеби, мәдени байланыстарымыздың нығаюына, дамуына ықпал етуге, қазақтілінің мемлекетаралық қатынастағы қолданылу мүмкіндігіне жол ашуға, ұлттық жазудың елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде беделін көтеруге оң әсерін тигізеді.

Педагогикалық: мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің екі тілдің орфографиясын 42 әріптен тұратын қосамжар әліпби жүйесі негізінде меңгеріп шығуының қаншалықты ауырлығын ескеру;

Ақпараттық: қазіргі заманғы жаңа компьютерлік технологиялар талаптарынан шығатын ақпараттық сыйымдылығы мол, әрі таңбалық жүйесі қолайлы да ықшам әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу.

Жалпы алғанда, латын қаріпі қазақ қоғамы үшін мүлдем бейтаныс емес. Латын графикасы негізіндегі әліпби қазақ қоғамында он жылдай қызмет істегені тарихтан белгілі. Тарихта 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, ұлтсыздандыру, дінсіздендіру идеологиясының зорлығымен Орталықтың дегенімен, 1940 жылы «бір күн бір түнде» кирилше жазуға көшкені мәлім және содан бүгінгі күнге дейін кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеміз. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ, т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады[2].

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Қазіргі жанарған қоғам мүшелерінің – біздің азаматтарымыздың негізгі бөлігі латын жазуына көшуді қазіргі әлемнің инновациялық-технологиялық жетістіктеріне ілесудің төте

жолы, дүниежүзілік өркениет игіліктеріне қосылудың, еуразиялық кеңістік әлеміне енудің бірден-бір негізгі тетігі деп біледі.

Бұл өз кезегінде бүкіл иісі түркі дүниесі халықтарымен рухани-мәдени ынтымақтастық байланыс жасауды жандандыруға, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге, ағылшын жазуын тез меңгеруге, шетелдерде тұратын қандастарымызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға, заманауи электронды ақпарат құралдарын жылдамырақ үйренуге көп септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы /14 желтоқсан, 2012ж/
http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
2. Қазақ әліпбиі / <https://kk.wikipedia>.
3. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы /12 сәуір 2017 ж. / http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Латын әліпбиіне көшу – кезек күттірмейтін мәселе

Қондыбай К. Ә

*филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани көсемі, Алаш қозғалысының көшбасыларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында өз халқының мәдениеті мен әдебиеті, жазуы, оқыту әдістемесі және басқа да ғылым салаларын дамытуға атсалысып, өз мойындарына көп нәрсені арқалағанын айтып жатудың өзі артық.

Соның ішінде жазу мәселесіне байланысты жазылған мақалаларына тоқталуды жөн санадық. Себебі, жазу қазіргідей дамыған, жетілген қоғамның негізгі қажеттіліктің ең үздігі, келер ұрпаққа барлық мәдени мұраларымызды жазу арқылы мұра ретінде қалдырамыз. Мысалы, 1912 жылы «Айқап» журналының №4-5 санында жарық көрген «Жазу тәртібі» мақаласын алалық. Осы мақалада былай дейді: «Бірдей жазылған сөзді қалай әр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салу керек. Сонан соң, сол жөнмен құрал сайлау керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді деп, жұрт алдына саламын» [1,538]. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы бұл жерде қазақ тілін араб ғарпімен жазудың тиімділігін, қалай сауатты жазу керектігін зерделейді. Тек өз ойы емес, басқалар пікірлерін де келтіре отырады, бұндағы негізгі мақсаты – жазуды қалай сауатты жазу керектігін бүкіл халыққа үйрету мәселесі. Әліпбидің мемлекеттік іс екенін, оны тек өзінің зерттеуіне ғана сүйенбей, халықтың пікіріне де мән беру керектігін айта отырып, өз ойын да ашық айтады. Яғни, дыбыстардың жуан және жіңішкелігін қалай ажырату керектігін дыбыстарды нақты дәлелдеп көрсетеді. Мақала соңында мынандай қорытынды жасайды: «Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб иә фарсы сөздері бар. Мысалы: арабтан алған адал – халал, арам – харам, әл – хал. Фарсыдан алған ән–әһн, өожа – ходжа сықылды сөздер. Бұлар бұрынғы қалыбында емес, өзгертілген. Міне, бұ сықылды сөздерді қазақ тілінен қуып шығару ма? Иә болмаса сақтау ма? Мұны кім білсін! Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Осы жобамен әліппемен бастырмақшымыз. Сол себепті оқушылардан ұнатпаған жерін көрсетіп, ұнарлығын айтса екен деп өтінемін» [1, 543]. Яғни, бұл жерде өзге ғалымдар, көпшілік пікіріне де мән беру, санасу керектігін ескерте отырып, өз пікірін нақты дәлелдеп айтады.

1913 жылы жарыққа шыққан «Қазақ» газетінің № 35 санында «Жазу мәселесі» атты мақалада Ғ.Мусидің пікіріне сәйкес өз пікірін дәлелдеп көрсетеді. Ол екеуінің алғашқы айырмашылықтары у мен о дыбыстарын таңбалауда болып отырса, екіншісі – ы дыбысының харфі сөздің басында, ортасында қалмай жазылсын дейді. Үшіншісі – е дыбысын таңбалауға байланысты болып отыр. Демек, бұл жерде халықтың сауатты жазуына алаңдайды [1, 544-545].

Профессор Қ.Жұбанов араб әліпби жөнінде былай деген: «Араб жазуының негізі тарихи жазу. Ол арабтардың надандығынан емес, араб тілінің қасиеттерінен болған. Араб тілі ілімі өте ертеде жарыққа шыққан. Ж.Шонанұлының көңілі өте құлап кеткен дыбыс жайындағы тіл ілімінің тарауы әлі арабтікін жөнді басып кете алған жоқ. Іріту, еліктіру заңы арабтарға қашаннан белгілі болған. Біздің оқытушыларымыз ідғам, ықпа дегендерді жақсы біледі. Бірақ араб емлесін жасаған бұл ғылымы емес, өзінің араб тілінің түбірі үш дауыссыз дыбыстан құралады да, дауысты дыбысқа өте кедей болады. Сондықтан емлесі туыс жүйеге сүйенген», - деген болатын Қ. Жұбанов [2,265].

Енді Ахмет Байтұрсынұлының араб әліпбиін жақтаған баяндамасына тоқтала кетсек.

Баяндамада алдымен, әліпбиге берген анықтамасына көз жүгіртелік. Былай деп жазған екен: «Әліп-би деген – тілдік негізгі дыбыстарға арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, әліп-би жақсы болмақшы» [1, 552]. Байтұрсынұлының айтуынша, таңбалар жұмағы, яғни бұлай деп, Байтұрсынұлынан басқа адам айта алмайды. Себебі, әліпби алмастырудың қиындығын да ескертеді. Ол жайында ойын былайша түйіндейді: «Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі, ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі де екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек» [1, 554]. Сөйтіп, қоғам қайраткері бұл мәселенің оңай шаруа еместігін айтып отыр. Қанша қаржы мен күш кететінін де ескертіп отыр.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі кезек күттірмейтін мәселе екені, даусыз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12-сәуірдегі «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты Жолдауында: «Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек.

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады. Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз», - деген болатын. Демек, осы жылдар ішінде және әр жылдардағы ҚР Президенті Жолдауларында әркез айтып келген болса, биылғы жолдауда нақты тапсырма беріліп отыр. Бұл айтылған мәселе іске асатынына күмән жоқ екені мәлім. Демек, латын әліпбиіне көшу бүкіл

еліміз үшін маңызы ерекше, мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Сонымен бірге, тілші ғалымдарды да терең ойландыратын, әр қоғам мүшесі үшін де маңызды мәселе екені бесенеден белгілі. Бұны таяу жылдағы міндеттер ішінде берілуі де тегін емес, жалпы ғалымдардан келелі істердің атқарылуы күтіліп отыр.

Осы жылғы, яғни 2017 жылдың сәуір айының 27-жұлдызында Алматы қаласында Спорт және мәдениет министрлігі мен тілдерді дамыту мен үйлестіру комитетінің ұйымдастыруымен «Тамыры терең әліпби» тақырыбында республикалық конференция өткен болатын. Осы конференцияда көптеген ғалымдар өз ойларымен бөлісті. Атап айтар болсақ, Шаяхметов, Ә.Жүнісбеков, Б.Момынова, А.Салқынбай, және т.б. ғалымдар өз ойларын айтып, латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты өз ойларын айтып, жасалар жұмыс түрлеріне тоқталып өтті.

Қазір осы мәселе туралы, Елбасының соңғы жолдауынан кейін, бірден халықтық деңгейдегі латын ғарпіне көшу мәселесі өткір айтылып, қоғамда көптеген талқылаулар, түсіндіру жұмыстары жедел жүрізіліп жатқанын, кез келген көзі қарақты азаматтар біліп, өздерінің пікірлерін білдіріп жатыр. Демек, алдағы екі жыл латын әліпбиіне көшуге дайындық жасалып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек деуінің өзі- ақ, көшу мәселесінің қыр атында тұрғанын, ғалымдардың нақты қазақ әліпбиінің дұрыс та өміршең нұсқасының тез арада жасалуын талап еткені аңғарылады. Біріншіден, 2018 жылдан бастап әліпбиді үйрететін мамандар іріктелуі керек. Екіншіден, орта мектепке арналған оқулықтардың әзірленуі керектігін, сонымен, осы алдағы екі жылда ұйымдастыру мен әдістемелік жұмыстардың тиянақты жүргізілуін қадап айтты. Ол үшін әліпбидің нақты нұсқасы дайындалуы талап етіліп отыр. Осы мәселе сол жылдарда қалың жұртшылық арасында кеңінен талданып, бірнеше нұсқалар да ұсынылды. Бұның өзі көпшілікті ойландыратынын көріп отырмыз.

Латын ғарпіне көшу біздің еліміз үшін көп қиындық тудырмауы керек деп ойлаймыз, себебі 1929 жылдан 1940 жылға дейін бұл әліпби қолданыста болды. Оның өзі латын әліпбиіне көшудің ешқандай қиындығы жоқ екенін көрсетеді. Енді қазіргі таңда осы мәселе латын әліпбиін қолдануға лайықтап, барлық әріпті дұрыс қолданудың ғылыми дәлелденген нұсқаларын берсе, латын тілі әліпбиін қолдану жалпы халыққа көп қиындық тудырмасы анық.

Ендігі кезекте, Мемлекет басшысы атап өткендей, ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, жаңа әліпбиді үйрететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар дайындалуы қажет. Бұл жай ғана айтыла салған мәселе емес, бұл бағытта ғалымдар мен тілшілер бірлесіп, қоян-қолтық жұмыс істеуге тура келеді. Қолданылған әріптер қазақ тілінің өзіндік ерекше дыбыстарының барлығын қамтып, оқушылар мен студенттер және көпшілік қауымның функционалдық сауаттылығын арттыруға сәйкестендірілуі тиіс.

Осы мәселе бойынша қаншама халықтың пікірлері жарық көрді, қанша әліпби нұсқалары ұсынылып, қоғамдық тұрғыдан талқыланып, көптеген қоғам қайраткерлері мен тіл мамандары, ғалымдар, депутаттар, студенттер, жалпы қауым да өз пікірлерін ортаға салды, өз пікірлері мен дәлелдерін, қарсы дәлелдерін де білдірді. Көптеген ескертулер де болды, соларды қызу талқылай келе, латын әліпбиінің ең тиімді деген нұсқасы қолданысқа еруге бет түседі.

Күні кеше латын әліпбиіне көшудегі қазақ әріптеріне сәйкес латын алфавиті қабылданады. Енді біздің алдымызға латын әліпбиіне көшу мәселесі таяу тұрған іс. Іске сәт!

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құрас.: Ғ.Әнес.-«Абзал Ай» баспасы, 2013.-640бет.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құрас.: Ғ.Әнес.-«Абзал Ай» баспасы, 2013.-640бет.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /Егемен Қазақстан. 12.04.2017ж.- Астана,1-2б.

Мазмұны

1-бағыт

Жазу теориясының негізгі категориялары

1. Алғы сөз _____	3
2. <i>Исмет Бинер. Türk Dillerinde Yazı ve Alfabe Çeşitliliği</i> (Түркі тілдеріндегі жазу мен алфавиттің әртүрлілігі)_____	5
3. <i>Туркана Гусейнова. «Azerbaycan Dilinin Gunumuzde kadar Kullandigi Alfabeler hakkında Kisa Degerlendirme</i> (Краткий обзор алфавитов азербайджанского языка) _____	13
4. <i>Күдерінова Қ. Қазақ жазуы тарихындағы әліпби таңдау принциптері</i> _____	14
5. <i>Хасанов F Қ.</i> Латын әліпбиіне көшудің ерекшеліктері _____	22
6. <i>Асанбаева.Е.Б.</i> Латын әліпбиіне көшудің алғашқы шарттары мен артықшылықтары _____	28
7. <i>Садирова К.Қ.</i> Латын жазуына көшу мәселесіне қазақ тілші-ғалымдарының көзқарасы _____	30
8. <i>Алдашев. Н.М.</i> Латын әліпбиі – заман талабы _____	33
9. <i>Беляева.Л.В.</i> История алфавита _____	35

2-бағыт

Жазу реформасы: латын графикасы негізіндегі әліпби жобалары

10. <i>А.Б. Жуминова.</i> Переход письменности РК на латиницу _____	38
11. <i>Кушкымбаева А.С.</i> Алаш зиялылары латын әліпбиі туралы _____	41
12. <i>Садықова І.Қ. Қ.Жұбанов</i> зерттеулеріндегі латын әліпбиі _____	43
13. <i>Накешева,А.С.Мусралина, Б.А.Кенжебаева.</i> Переход на латиницу – веление времени _____	46

3-бағыт

Латын әліпбиі: қазақ графикасы мен орфографиясының қиындықтары

14. <i>Садуақас Н.А.</i> Латын графикасы және төл дыбыстарымыз _____	49
15. <i>Имангазина А.Ә.</i> Қазақ графикасын ауыстыру мәселесі _____	53
16. <i>Күштаева М.Т.</i> Қазақ жазу тарихы _____	55
17. <i>Карашулакова У.У., Дүйсенбаева К.А.</i> Латын әліпбиі: қазақ графикасы мен орфографиясының қиындықтары _____	59
18. <i>Мұратбек Б.Қ.</i> Қазақ жазуының тарихы (тарихи-салыстырмалы аспектіде) _____	61
19. <i>Қарағұлова Б.С.</i> Латын графикасы: кешегісі мен бүгіні _____	65
20. <i>Айтбенбетова А.Қ.</i> Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуы _____	67
21. <i>Батинова А.С., Байжанова А.А.</i> «О вопросах введения единого стандарта алфавита государственного языка на латинской графике» _____	69
22. <i>Миров.</i> Латын жазуына көшу – рухани жаңғыру негізі _____	72
23. <i>Әбдірова Ш.Г., Берстенова Ә.Б.</i> Латын әліпбиіне ауысудың ағылшын тілін үйретудегі тиімділігі _____	74
24. <i>Сәдірова Ә.С.</i> Латын әліпбиі –қазақ тілінің жарқын болашағы _____	77
25. <i>Қондыбай К.Ә.</i> Латын әліпбиіне көшу – кезек күттірмейтін мәселе _____	79

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы
аясында өткізілген «**Латын әліпбиі: тарихы мен мәселелері**» онлайн
конференция материалдарының жинағы
қараша 2017 жыл

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
Редакциялық баспа бөлімі
(Ақтөбе қ., Ә.Молдағұлова даңғылы, 34)

